	ЖАО	40	Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну
	ЖАО	41	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты беру
	ЖАО	42	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру
	ЖАО	43	Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру
	ЖАО	44	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну
	ЖАО	45	Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету
	ЖАО	46	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытындарға жатақхана беру
	ЖАО	47	Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру
	ЖАО	48	Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама алу
	ЖАО	49	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау
	ЖАО	50	Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу
	ЖАО	51	Медициналық әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу
	ЖАО	52	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау
	ЖАО	53	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау
	ЖАО	54	Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру
	ЖАО	55	18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы тағайындау

Мәдениет және спорт министрлігі, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сирек қолданылатын қызметтің бір түрімен ғана бағаланғандықтан, олар қанағаттанушылықтың

100% деңгейіне ие болды (5 балл). Келешекте мұндай қызмет түрлерін қоғамдық мониторингтен алып тастау мүмкіндігін қарастыру керек, себебі олар бұқаралық емес әрі көптеген тұрғындар мұндай қызметті талап етпейді.

Сыртқы істер министрлігі ұсынатын қызметтер бойынша қанағаттанушылық екінші орынға ие – 94,2% (4,93 балл). МҚІСЖҚІА қызметтің үш түрі арқылы бағаланып, ұсынылатын қызметтің сапасымен қанағаттану деңгейі 79,6%-ды (4,76 балл) құрады.

Қаржы министрлігі, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі және Ұлттық банк ұсынатын қызметтер бойынша қанағаттанушылық жоғары деңгейге ие, 5 балмен (4,6 балдан жоғары) қызметті бағалағандардың үлесі 75%-дан астам болды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Әділет министрлігі секілді меморгандар қанағаттанушылықтың орташа көрсеткішінен төмен деңгейге ие, яғни 60%-дан төмен немесе 4,5 балл. Каспий өңіріндегі айдыңның ұлттық қауіпсіздігін сақтауға қатысты атқарылатын қызметтің өзі қанағаттанудың орташа балы бойынша азды-көпті 4 балды (3,9) құрады.

5-кесте. Меморгандар бойынша қызметтермен қанағаттанушылық

		Қанағаттанушылық	Орташа балл	N
1	Мәдениет және спорт министрлігі	100,0%	5	5
	Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	100,0%	5	2
2	Сыртқы істер министрлігі	94,2%	4,93	70
3	Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	79,6%	4,76	386
4	Қаржы министрлігі	79,2%	4,75	457
5	Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	75,9%	4,62	29
6	Ұлттық банк	74,6%	4,71	191
7	Білім және ғылым министрлігі	68,8%	4,59	253
8	Қорғаныс министрлігі	67,9%	4,58	246
9	Жергілікті атқарушы органдар	67,5%	4,58	4597
10	Ішкі істер министрлігі	66,2%	4,58	443
11	Ұлттық экономика министрлігі	65,2%	4,62	113
12	Жоғарғы Сот	65,0%	4,54	102
13	Инвестициялар және даму министрлігі	63,9%	4,53	234
14	Энергетика министрлігі	63,0%	4,52	27
15	Бас прокуратура	62,4%	4,56	447
16	Денсаулық сақтау министрлігі	61,0%	4,5	387
17	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	59,7%	4,48	491
18	Ауыл шаруашылығы министрлігі	55,8%	4,51	349
19	Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	51,6%	4,32	193
20	Әділет министрлігі	45,5%	4,24	465
21	Ұлттық қауіпсіздік комитеті	30,0%	3,9	30
	Барлығы	65,9%	4,57	9517

Меморганда ұсынылған Жоғарғы сот және Инвестициялар және даму министрлігінің қызметтері (төмендегі кестені қараңыз) қызметтер бойынша жалпы көрсеткіштермен салыстырғанда айтарлықтай жоғарғы бағаға ие болып, Бас прокуратура, Қорғаныс

министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметтерімен салыстырғанда төмен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Берілген бағаларға қарап отырып, Қаржы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, МКІСЖҚІА ұсынатын қызметтерде ақпараттың сапасына қатысты мәселелердің бар екендігі байқалады. Сондай-ақ ұсынылатын қызметтердің осы тарабы бойынша Ұлттық экономика министрлігін, Сыртқы істер министрлігін және Бас прокуратураны атап өтуге болады. Мұнда ұсынылған ақпараттар қызмет сапасының басқа аспектілерімен салыстырғанда төмен бағаланып отыр (төмендегі кестені қараңыз, түстер гаммасының үлестірілімі горизонталь бойынша көрсетілген).

Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Ұлттық банк ұсынатын қызметтер бойынша құжаттарды жинау және тапсыру процесі әрқашан қарапайым әрі түсінікті бола бермейді.

Қызмет алушылар көптеген меморгандар ұсынатын қызметтердің қызмет көрсету мерзімдерін төмен бағалайды. Бұл тек МКІСЖҚІА, Қорғаныс министрлігі және Қаржы министрлігі ұсынатын қызметтерге қатысты емес.

Инвестициялар және даму министрлігі ұсынатын қызметтер бойынша қызметкердің жұмысына, яғни біліктілігіне, жұмыс істеу шапшаңдығына, сондай-ақ әдептілігіне назар аударған жөн. Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ ЖАО ұсынатын қызметтерде жұмыскердің жұмыс істеу шапшаңдығы төмен бағаланады.

Қызмет алынған орынға, яғни меморганға деген сенім қызмет сапасының басқа аспектілеріне қарағанда әдетте жоғары бағаланады. Алайда Жоғарғы сот, Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне қатысты меморгандарға деген сенім төмен бағаланып отыр.

6-кесте. Мемкорпорация және веб-портал қызметтерін қоспағанда, меморгандар бойынша қызмет сапасының жекеленген аспектілерімен және ұсынылатын қызметтермен қанағаттану (горизонталь бойынша түстер гаммасын қараңыз)

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Жалпы орташа балмен салыстырғанда төмендеу/ұлғаю	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Жоғарғы Сот	4,85	0,31	5,00	5,00	4,92	4,93	5,00	5,00	5,00	4,79
Бас прокуратура	4,15	-0,42	4,16	4,16	4,15	4,16	4,18	4,38	4,20	4,35
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	3,90	0,00	4,31	4,17	3,67	3,73	4,20	3,83	4,20	4,30
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	4,76	0,00	4,68	4,69	4,76	4,73	4,70	4,72	4,71	4,82
Қорғаныс министрлігі	4,40	-0,18	4,41	4,43	4,46	4,38	4,38	4,22	4,35	4,57
Сыртқы істер министрлігі	4,93	0,00	4,70	4,76	4,83	4,66	4,77	4,83	4,79	4,93
Қаржы министрлігі	4,74	-0,01	4,63	4,67	4,75	4,69	4,65	4,63	4,73	4,76
Білім және ғылым министрлігі	4,59	0,00	4,64	4,61	4,63	4,53	4,67	4,62	4,64	4,61
Әділет министрлігі	4,24	0,00	4,33	4,37	4,37	4,11	4,28	4,25	4,39	4,43
Ішкі істер министрлігі	4,50	-0,08	4,54	4,57	4,38	4,33	4,62	4,54	4,59	4,66
Ұлттық экономика министрлігі	4,58	-0,03	4,59	4,67	4,74	4,48	4,73	4,77	4,85	4,72
Ауыл шаруашылығы министрлігі	4,51	0,00	4,51	4,57	4,35	4,32	4,57	4,49	4,66	4,60
Ұлттық банк	4,71	0,00	4,70	4,80	4,64	4,68	4,66	4,73	4,84	4,75

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Жалпы орташа балмен салыстырғанда төмендеу/ұлғаю	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Инвестициялар және даму министрлігі	4,81	0,28	4,88	4,94	4,94	4,50	4,50	4,50	4,56	4,94
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	4,33	-0,14	4,30	4,34	4,15	4,15	4,24	4,19	4,33	4,50
Денсаулық сақтау министрлігі	4,48	-0,02	4,41	4,43	4,42	4,42	4,53	4,46	4,56	4,58
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	4,62	0,00	4,79	4,86	4,59	4,69	4,93	4,93	4,93	4,83
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	5,00	0,00	5,00	5,00	5,00	5,00	5,00	5,00	5,00	5,00
Жергілікті атқарушы органдар	4,59	0,00	4,60	4,59	4,61	4,55	4,60	4,53	4,59	4,65
Барлығы	4,57	0,00	4,57	4,58	4,57	4,50	4,58	4,53	4,60	4,65

Ұсынылатын қызметтерге қатысты шағымдардың ең жоғары деңгейі Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде (9,3%-дан көп), Білім және ғылым министрлігінде (3,6%), Инвестициялар және даму министрлігінде (3,4%), Қорғаныс министрлігінде (3,3%) байқалған.

Ұсынылатын қызметтерге тамыр-таныстар арқылы қол жеткізу Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінде (3,4%), Ұлттық қауіпсіздік комитетінде (3,3%) көп байқалады. Сауалнама нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлықтың орташа деңгейден жоғары көрсеткіші жергілікті атқарушы органдарда, Денсаулық сақтау министрлігінде, Ұлттық экономика министрлігінде (0,8-0,9%) орын алған.

Статистикалық анық еместігіне байланысты меморгандар бойынша алынған мәліметтерді өңірлер бойынша қарастыруға болмайды. Мысалы, Білім және ғылым министрлігінің қызметін алу барысында әр өңірде жеке тамыр-таныстарын пайдалану ықтималдылығы 1,6%-ды құрайды.

7-кесте. Меморгандар ұсынатын қызметтер бойынша шағымдар, тамыр-таныстар және сыбайлас жемқорлық, %

	Жеке тамыр-таныстарды пайдаланғандар	Бейресми сыйақылар бергендер	Шағымдар
Жоғарғы Сот	0,0	0,0	0,0
Бас прокуратура	0,2	0,2	2,0
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	3,3	0,0	0,0
МҚСЖҚІА	0,5	0,0	1,6
Қорғаныс министрлігі	1,6	0,4	3,3
Сыртқы істер министрлігі	1,4	0,0	1,4
Қаржы министрлігі	0,7	0,2	2,6
Мәдениет және спорт министрлігі	0,0	0,0	0,0
Энергетика министрлігі	0,0	0,0	0,0
Білім және ғылым министрлігі	1,6	0,4	3,6
Өділет министрлігі	1,1	0,4	1,7
Ішкі істер министрлігі	0,5	0,2	0,9
Ұлттық экономика министрлігі	2,7	0,9	0,9
Ауыл шаруашылығы министрлігі	0,3	0,0	1,1
Ұлттық Банк	1,0	0,0	0,5
Инвестициялар және даму министрлігі	0,9	0,0	3,4
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	0,5	0,0	9,3

	Жеке тамыр-таныстарды пайдаланғандар	Бейресми сыйақылар бергендер	Шағымдар
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	1,2	0,6	1,4
Денсаулық сақтау министрлігі	1,8	0,8	2,1
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі	3,4	0,0	0,0
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	0,0	0,0	0,0
Жергілікті атқарушы органдар	1,5	0,8	1,9
Барлығы	1,2	0,5	2,0

Жергілікті атқарушы органдар ұсынатын қызметтер

Зерттеу аясында қоғамдық мониторингімен жергілікті атқарушы органдар ұсынатын 20 қызмет түрі қамтылды. Жалпы жергілікті атқарушы органдар ұсынатын қызметтермен қанағаттанушылық 67,5%-ды құрайды (4,58 балл), демек қанағаттанушылық орташа көрсеткіш деңгейде орын алған. Жергілікті атқарушы органдар ұсынатын қызметтер бойынша 4597 қызмет алушыдан жауап алынды.

Солтүстік Қазақстан облысы қызмет сапасымен айтарлықтай өте жоғары деңгейде қанағаттанған - 97,8% немесе орташа 4,98 балл. Ақтөбе облысындағы сұхбаткерлердің 84,8%-ы көрсетілетін қызметтерді 5 балмен немесе орташа 4,83 балмен бағалады. Ақмола облысы қанағаттанушылықтың 83,7%-ына ие немесе 4,83 балға қол жеткізді.

Көрсетілетін қызметтермен Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана қаласы орташа көрсеткіштен жоғары қанағаттанушылыққа ие болды (69-80%).

Алматы қаласында, Қарағанды, Атырау, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылық деңгейі орташадан төмен (51-64%). Алматы (36,6%) мен Маңғыстау облыстарында (23%) қанағаттану деңгейі 50%-дан төмен.

8-кесте. Жергілікті атқарушы органдар ұсынатын қызметтермен қанағаттанушылық

		Қанағаттанушылық	Орташа балл	N
1	СҚО	97,8%	4,98	282
2	Ақтөбе облысы	84,8%	4,83	309
3	Ақмола облысы	83,7%	4,83	314
4	Қызылорда облысы	80,4%	4,77	344
5	Қостанай облысы	79,1%	4,76	257
6	Павлодар облысы	78,5%	4,74	296
7	БҚО	77,6%	4,71	306
8	Астана қ.	72,8%	4,61	267
9	ШҚО	69,4%	4,65	328
10	Алматы қ.	64,7%	4,47	275
11	Қарағанды облысы	58,5%	4,48	236
12	Атырау облысы	57,2%	4,44	257
13	ОҚО	54,5%	4,4	324
14	Жамбыл облысы	51,9%	4,41	221
15	Алматы облысы	36,6%	4,25	289
16	Маңғыстау облысы	23,0%	3,88	292
	Барлығы	67,5%	4,58	4597

Меморганда немесе Мемкорпорацияда алынған қызметтермен салыстырғанда қызметтермен қанағаттануға қатысты айырмашылықтар ЖАО қызметтерінде байқала қоймайды.

Ақмола, Қарағанды облыстарының қызмет алушылары ұсынылатын ақпараттардың сапасына разы емес. Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы бойынша – Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының тұрғындары наразы, ал ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына Астана қаласының, Маңғыстау мен Солтүстік Қазақстан облыстарының қызмет алушыларының көңілі толмайды. (Төмендегі кестені қараңыз, *түстер гаммасының үлестірілімі горизонталь бойынша көрсетілген*)

Маңғыстау, Жамбыл және Алматы облыстарындағы ЖАО қызметтері бойынша құжаттарды жинау және тапсыру процесі үнемі оңай әрі түсінікті бола бермейді.

Қызмет алушылар көптеген меморган ұсынатын қызметтердің қызмет көрсету мерзімдерін төмен бағалайды. Бұл Алматы қаласында, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алған.

Ақтөбе мен Қостанай облыстарындағы ЖАО қызмет ұсыну кезінде қызметкерлердің жұмысына, яғни олардың біліктілігіне, жұмыс істеу шапшаңдығына және әдептілігіне баса назар аудару керек. ЖАО қызметтері бойынша өңірлердің басым бөлігінде қызмет алушылар қызмет сапасын бағалаудың басқа критерийлерімен салыстырғанда қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығына көңілдері толмайды. Тек Ақмола, Алматы, Маңғыстау облыстары мен СҚОда ұсынылатын қызмет сапасының басқа аспектілері наразылықты тудырады.

Сонымен қатар Қарағанды облысындағы ЖАО қызметтері бойынша қызметкерлердің біліктілігі, Павлодар облысындағы ЖАО қызметкерлерінің әдептілігі төмен бағаланып отыр.

Мемлекеттік қызмет алынған меморганға деген сенім әдетте қызмет сапасының басқа аспектілеріне қарағанда жоғары бағаланады. Тек Ақтөбе, Алматы, Жамбыл өңірлеріндегі сенім қызмет сапасының басқа аспектілерімен салыстырғанда төмен бағаланып отыр.

9-кесте. Мемкорпорация және веб-портал қызметтерінсіз ЖАО ұсынатын қызметтермен және қызмет сапасының жекеленген аспектілері бойынша қанағаттанушылық (горизонталь бойынша түстер гаммасын қараңыз)

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Жалпы орташа балмен салыстырғанда төмендеу/ұлғаю	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Астана қ.	4,58	-0,02	4,47	4,43	4,53	4,53	4,49	4,43	4,46	4,54
Алматы қ.	4,44	-0,03	4,35	4,31	4,41	4,15	4,28	4,21	4,33	4,50
Ақмола облысы	4,82	-0,01	4,77	4,78	4,80	4,81	4,79	4,79	4,81	4,87
Ақтөбе облысы	4,80	-0,02	4,86	4,86	4,84	4,85	4,83	4,83	4,83	4,83
Алматы облысы	4,23	-0,01	4,33	4,38	4,25	4,20	4,26	4,35	4,36	4,24
Атырау облысы	4,48	0,04	4,54	4,60	4,55	4,40	4,58	4,46	4,57	4,60
ШҚО	4,69	0,03	4,64	4,58	4,63	4,53	4,59	4,43	4,50	4,78
Жамбыл облысы	4,37	-0,04	4,58	4,45	4,24	4,21	4,41	4,24	4,29	4,33
БҚО	4,72	0,02	4,66	4,71	4,71	4,66	4,74	4,67	4,72	4,74
Қарағанды облысы	4,49	0,01	4,44	4,43	4,62	4,55	4,43	4,43	4,50	4,59
Қостанай облысы	4,78	0,02	4,85	4,84	4,88	4,81	4,70	4,66	4,75	4,90
Қызылорда облысы	4,76	-0,01	4,66	4,70	4,75	4,65	4,74	4,68	4,76	4,78

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Жалпы орташа балмен салыстырғанда төмендеу/ұлғаю	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Маңғыстау облысы	3,91	0,03	4,23	4,17	4,14	4,15	4,39	4,22	4,28	4,35
Павлодар облысы	4,75	0,01	4,84	4,79	4,82	4,79	4,79	4,72	4,73	4,84
СҚО	4,98	0,00	4,95	4,94	4,95	4,93	4,98	4,95	4,97	4,97
ОҚО	4,44	0,04	4,47	4,47	4,55	4,43	4,49	4,36	4,51	4,51
Барлығы	4,58	0,00	4,60	4,59	4,61	4,55	4,60	4,53	4,59	4,65

Маңғыстау (9,6%), Атырау (5,1%) және Жамбыл облыстары жергілікті атқарушы органдар қызметтеріне көп шағымдану арқылы ерекшеленеді. Маңғыстау облысының (7,2%), Алматы облысының (4,5%), сондай-ақ Алматы қ. (3,3%) қызмет алушылары тамыр-таныстарын көп пайдаланады. Жергілікті атқарушы органдар қызметін алу кезіндегі сыбайлас жемқорлық 0,8%-ды құрады, сыбайлас жемқорлықтың басым бөлігі Маңғыстау мен Жамбыл облыстарында байқалады.

10-кесте. ЖАО қызметтерін алу кезіндегі шағымдар, тамыр-таныстар және сыбайлас жемқорлық, %

		Жеке тамыр-таныстарын пайдаланды	Бейресми сыйақыларды берді	Шағымдар
1	Астана қ.	1,1	0,0	0,0
2	Алматы қ.	3,3	1,1	1,5
3	Ақмола облысы	0,0	0,0	1,0
4	Ақтөбе облысы	0,3	0,0	0,3
5	Алматы облысы	4,5	2,4	1,0
6	Атырау облысы	1,2	0,4	5,1
7	ШҚО	0,3	0,6	1,2
8	Жамбыл облысы	1,4	0,0	2,7
9	БҚО	2,0	0,3	1,0
10	Қарағанды облысы	0,4	0,0	2,1
11	Қостанай облысы	0,4	0,4	0,8
12	Қызылорда облысы	0,3	0,3	0,6
13	Маңғыстау облысы	7,2	5,5	9,6
14	Павлодар облысы	0,7	0,0	0,7
15	СҚО	0,4	0,0	0,4
16	ОҚО	1,2	0,9	2,5
	Барлығы	1,5	0,8	1,9

Мемкорпорация ұсынатын қызметтер

Қызмет сапасымен қанағаттанушылық – 67,7%;

Орташа балл – 4,59;

Іріктеме – 2655 сұхбаткер.

Мемкорпорация арқылы алынған қызметтермен қанағаттану орташа көрсеткіштен жоғары - 67,7% немесе бес балдық шкала бойынша орташа 4,59 балл.

11-кесте. Мемкорпорация арқылы алынған қызметтер сапасымен қанағаттанушылықты бағалау, %

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Мемлекеттік корпорация, N=2655	0,4	1,0	5,8	25,2	67,7
Барлық қызмет бойынша орташа, N=9517	0,5	0,8	6,1	26,7	65,9

Қызметтердің басым бөлігі біртіндеп Мемлекеттік корпорацияға табысталып, автоматтандырылып жатыр, сондықтан қызмет сапасы күн өткен сайын жақсара түсуде.

Мемкорпорация қызметтерімен қанағаттану мына қызметтер бойынша жоғары болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру (N=50/207, МО/МК);
- Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау (N=42/28);
- Прокуратура органдарынан, алдын ала тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою (N=48/142);
- Кедендік баждар, салықтар, кедендік алымдар мен өсімпұлдар бойынша есептеулерді салыстыру актісін беру (n=197/28);
- Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру (N=64/180);
- Мынадай әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау (N=47/207);
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігін (сәйкес еместігін) анықтау (81/61);
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру (N=191/52);
- Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру (N=84/163).

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, бұл барлық ұсынылатын қызметтерге қатысты емес. Егер қызмет меморганда ұсынылатын болса, онда келесі қызметтермен қанағаттанушылық жоғары болады:

- Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою (N=14/88, МО/МК);
- Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу (N=41/212);
- 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы тағайындау (N=87/157);
- Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу (N=38/197).

Қызмет алу процедурасының кейбір кезеңдері қызметті Мемкорпорацияда ұсыну үшін әліде болса дұрыс игерілмеген.

Жалпы, Мемкорпорацияға қызметтерді табыстау тиімді деген тұжырымға келуге болады.

122-кесте. Мемкорпорация (МК) қызметтерімен қанағаттанушылық, орташа балл

	МК	МО	-/+
Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	62,1%	84,6%	-22,5%
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру	76,7%	18,4%	58,3%
Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	66,4%	34,0%	32,4%
Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру	71,0%	58,1%	13,0%
Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың артық (қате) төленген сомалары бар екендігі туралы растауды беру	92,9%	75,9%	17,0%
Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу	73,7%		
Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес	62,1%		

	МК	МО	-/+
Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шетел мемлекеттері аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсаттар беру			
Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау	62,8%		
Әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау	58,9%	46,7%	12,2%
Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігін (сәйкес еместігін) анықтау	63,9%	53,8%	10,2%
Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	66,7%	76,3%	-9,6%
Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	61,7%	82,9%	-21,3%
Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру	67,3%	59,8%	7,5%
Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама алу	73,1%	75,0%	-1,9%
Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	100,0%	57,9%	42,1%
Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру	75,9%	67,9%	8,1%
18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	58,9%	68,7%	-9,7%
Барлығы	67,7%	65,6%	2,1%

Жалпы Мемкорпорация арқылы ұсынылатын ОМО және ЖАО қызметтері бірдей бағаланады (67,4 және 68,3% сәйкестікпен).

13-кесте. Мемкорпорация арқылы ұсынылған қызметтер сапасымен қанағаттанушылықты бағалау, %

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Орталық меморгандар қызметтері	0,4	0,9	5,6	25,7	67,4
Жергілікті атқарушы органдар қызметтері	0,3	1,1	6,0	24,4	68,3

Астана қ., Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында ұсынылған қызметтер жоғары бағаланды (77%-дан астам).

Алматы, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ХҚКО қызметтерінің сапасымен аз қанағаттанған (55%-дан төмен).

Астана қ., Алматы қ., Ақмола, Жамбыл, Алматы және Павлодар облыстарында ЖАО қызметтері жоғары бағаланып отыр (5%-ға жоғары). Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Маңғыстау өңірлерінде ОМО қызметтері жоғары бағаланады.

14-кесте. Мемкорпорация арқылы ОМО мен ЖАО қызмет көрсету сапасымен қанағаттанушылықты бағалау, %

		ОМО		ЖАО		Барлығы	
		Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл
1	Астана қ, N=112	72,9	4,72	92,0	4,84	77,3	4,75
2	Алматы қ, N=197	62,1	4,48	71,2	4,59	64,9	4,51
3	Ақмола облысы, N=176	83,0	4,82	88,1	4,88	85,0	4,84
4	Ақтөбе облысы, N=153	80,7	4,70	90,6	4,91	84,9	4,79
5	Алматы облысы, N=149	32,2	4,21	37,7	4,30	34,5	4,24
6	Атырау облысы, N=116	54,8	4,40	54,9	4,35	54,9	4,37
7	ШҚО, N=160	75,3	4,67	61,8	4,53	69,3	4,61
8	Жамбыл облысы, N=162	53,3	4,36	56,9	4,55	54,4	4,42
9	БҚО, N=136	83,5	4,81	70,7	4,61	79,5	4,75

		ОМО		ЖАО		Барлығы	
		Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл
10	Қарағанды облысы, N=160	63,1	4,54	56,4	4,45	60,8	4,51
11	Қостанай облысы, N=186	83,8	4,74	73,4	4,71	79,3	4,73
12	Қызылорда облысы, N=183	85,2	4,81	82,2	4,80	83,7	4,80
13	Маңғыстау облысы, N=151	43,0	4,27	27,1	3,76	36,2	4,05
14	Павлодар облысы, N=205	66,9	4,61	75,8	4,71	69,7	4,64
15	СҚО, N=223	95,6	4,94	98,1	4,98	96,8	4,96
16	ОҚО, N=185	34,8	4,19	39,4	4,24	36,5	4,21
	Барлығы, N=2654	67,4	4,59	68,3	4,59	67,7	4,59

Астана қ., Қарағанды мен Оңтүстік Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерде қызмет алушылар қызмет көрсету мерзімдеріне аз қанағаттанады.

Қызмет алушылар көбінесе Мемкорпорация қызметкерлерінің жұмыс істеу шапшаңдығына наразылық танытады, одан кейін ақпарат сапасына, құжаттарды жинау және тапсыру процесінің оңай әрі түсініктілігіне риза емес.

Астана қ., Қарағанды мен Қостанай облыстарында Мемкорпорация қызметкерлерінің біліктіліктеріне көңілдері толмайды.

15-кесте. Қызмет сапасымен және қызмет сапасының жекеленген аспектілері бойынша қанағаттанушылық (түстер гаммасы әр өңір бойынша қызмет сапасының жекеленген аспектілері бойынша түстер гаммасы тұрғызылды)

	Жынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Астана қ.	4,75	4,70	4,65	4,77	4,71	4,51	4,55	4,61	4,74
Алматы қ.	4,51	4,44	4,45	4,58	4,23	4,38	4,26	4,46	4,66
Ақмола облысы	4,84	4,80	4,83	4,82	4,80	4,87	4,84	4,89	4,86
Ақтөбе облысы	4,79	4,83	4,84	4,82	4,78	4,88	4,88	4,89	4,90
Алматы облысы	4,24	4,30	4,39	4,13	4,20	4,35	4,41	4,38	4,31
Атырау облысы	4,37	4,28	4,33	4,40	4,26	4,40	4,33	4,37	4,61
ШҚО	4,61	4,46	4,47	4,51	4,38	4,43	4,33	4,47	4,66
Жамбыл облысы	4,42	4,44	4,36	4,42	4,32	4,52	4,36	4,58	4,67
БҚО	4,75	4,78	4,79	4,80	4,76	4,82	4,79	4,82	4,83
Қарағанды облысы	4,51	4,46	4,46	4,70	4,68	4,31	4,39	4,62	4,67
Қостанай облысы	4,73	4,89	4,90	4,82	4,75	4,75	4,69	4,83	4,90
Қызылорда облысы	4,80	4,71	4,76	4,74	4,70	4,82	4,73	4,84	4,85
Маңғыстау облысы	4,05	4,36	4,33	4,24	4,14	4,49	4,43	4,40	4,29
Павлодар облысы	4,64	4,69	4,72	4,60	4,53	4,62	4,56	4,71	4,73
СҚО	4,96	4,88	4,89	4,86	4,83	4,94	4,93	4,96	4,97
ОҚО	4,21	4,20	4,19	4,15	4,27	4,27	4,13	4,28	4,18
Барлығы	4,59	4,59	4,60	4,59	4,53	4,60	4,55	4,65	4,69

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша Мемкорпорация мекемелерінде күту жағдайлары Астана қ., Ақтөбе, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында өте қолайлы.

Басқа өңірлерде 3%-дан астамы отыратын орындардың жетіспеушілігін, немесе дәретхананың жоқтығын, қолайсыз жағдайлар туғызатын басқа да жағдайларды тілге тиек етті.

Маңғыстау облысында қызмет алушылардың 13,2%-ы күту залының қолайсыздығын атап көрсетті. Атырау, ШҚО, Қостанай облыстарындағы сұхбаткерлердің 20%-ы отыратын орындардың жетіспеушілігіне наразылық білдірген. Жамбыл облысында сұхбаткерлердің 24,7%-ы залдың қапырықтығын алға тартқан. Атырау (25%), Жамбыл (50%) облыстарында қызмет алушылар үшін дәретхананың болмауы қолайсыздық тудырады. Оңтүстік Қазақстан облысының қызмет алушыларының 20,7%-ы бірнеше кезекте тұратындығын айтып, наразылық білдірген.

1616-кесте. Мемкорпорацияда ұсынылатын қызметтерді алу кезіндегі күту жағдайы, %

	Күту залы ыңғайсыз, үстелдер жоқ	Отыратын орындар жеткіліксіз	Электрон- дық кезек жоқ	Қапырық (ыстық, суық) зал	Дәретхана жоқ	Бірнеше кезекте тұруға тура келеді	Басқа да тұрмыстық қолайсыздықтар
Астана қ.	1,8	1,8				6,3	
Алматы қ.	5,6	6,1	3,0	6,1	4,1	6,6	2,0
Ақмола облысы		5,7	0,6	1,7		2,3	
Ақтөбе облысы	0,7			0,7			
Алматы облысы		3,4	0,7	4,0	3,4	1,3	0,7
Атырау облысы	8,6	18,1	4,3	4,3	25,0	9,5	0,9
ШҚО	3,8	20,6	7,5	4,4	5,6	10,0	2,5
Жамбыл облысы	5,6	12,3		24,7	50,6		16,0
БҚО	2,9	2,9	0,7	5,9	2,9	5,1	2,9
Қарағанды облысы	0,6	3,1		1,3		3,1	0,6
Қостанай облысы	3,2	18,8	1,1	8,6	0,5	7,0	
Қызылорда облысы	4,9	9,3	1,6	6,6	3,8	8,7	0,5
Маңғыстау облысы	13,2	10,6	6,0	5,3	3,3	1,3	1,3
Павлодар облысы	1,0	4,4		1,5	4,9	2,4	1,0
СҚО	0,4	1,3		0,4			0,4
ОҚО	2,7	9,2	1,6	7,1	3,8	20,7	4,9
Барлығы	3,3	7,9	1,6	5,2	6,3	5,2	2,1

Мемкорпорация ұсынатын қызметтер бойынша жеке тамыр-таныстарын пайдалану оқиғасының 1,0% байқалады, 0,4% - бейресми сыйақы беру және 1,7% - шағымдану. Шағымдар көбінесе ауызша түрде айтылған – 1,3% (жазбаша түрде - 0,5%). Атырау (7,8%) және Маңғыстау (5,3%) облыстарында шағымданудың басым бөлігі байқалған.

17-кесте. Мемкорпорация арқылы қызметті алу кезіндегі шағымдар, жеке тамыр-таныстар және сыбайлас жемқорлық, %

	Жеке тамыр-таныстарын пайдаланды	Бейресми сыйақыларды берді	Шағымдар
Астана қ.	0,0	0,0	0,0
Алматы қ.	3,0	1,0	3,6
Ақмола облысы	0,0	0,0	0,6
Ақтөбе облысы	0,0	0,0	1,3

	Жеке тамыр-таныстарын пайдаланды	Бейресми сыйақыларды берді	Шағымдар
Алматы облысы	4,7	2,7	0,7
Атырау облысы	0,9	0,0	7,8
ШҚО	0,6	0,0	3,1
Жамбыл облысы	0,6	0,0	1,2
БҚО	0,0	0,0	1,5
Қарағанды облысы	0,0	0,0	0,6
Қостанай облысы	0,5	0,5	1,1
Қызылорда облысы	1,1	0,5	0,0
Маңғыстау облысы	4,0	0,7	5,3
Павлодар облысы	0,0	0,5	1,0
СҚО	0,0	0,0	0,9
ОҚО	0,5	0,0	1,1
Барлығы	1,0	0,4	1,7

«Электрондық үкімет» веб-порталының қызметтері

Қызмет сапасымен қанағаттанушылық – 58,1%;

Орташа балл – 4,43;

Іріктеме – 318 сұхбаткер.


Веб-портал арқылы алынған қызметтермен қанағаттанушылық орташа көрсеткіштен төмен - 58,1% немесе бес балдық шкала бойынша орташа 4,43 балл.

18-кесте. «Электрондық үкімет» веб-порталының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасымен қанағаттану бағалары, %

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
«Электрондық үкімет» веб-порталы, N=318	0,3	1,3	11,4	28,9	58,1
Барлығы, N=9517	0,5	0,8	6,1	26,7	65,9

Құжаттарды тапсыру мен жинау процесі жиі наразылық туғызады, қызметті 5 балмен бағалағандардың үлесі тек 56%-ды ғана құрады.

2-диаграмма. «Электрондық үкімет» веб-порталының қызметтерімен қанағаттанушылық



Қызмет алушылар қызметкерлердің біліктілігін, жұмыс істеу шапшаңдығын және әдептілігін барлық жағдайда бағалаған жоқ, себебі мұндай сұрақтар қызмет нәтижесі қағаз түрінде алынатын қызметтерге ғана қатысты болды. Меморгандар немесе Мемкорпорация қызметкерлерімен өзара әрекеттескен қызмет алушылардың бағаларын біз ақпарат ретінде қалдырдық. Қызмет алушылар құжаттарды тапсыру кезінде пайда болатын қиындықтармен бөліскен кезде, олар ақпарат сапасына, меморган қызметкерлерінің біліктілігі мен жұмыс істеу шапшаңдығына наразылық білдіруде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасымен қанағаттанушылық

1. Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру: көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімдері: көрсетілетін қызметті берушіге - 1 (бір) жұмыс күні; Астана қаласында орналасқан мемлекеттік корпорацияның филиалы бойынша - 1 (бір) жұмыс күні; басқа Мемлекеттік корпорацияның филиалдары бойынша - 20 (жиырма) күнтізбелік күн.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Қызмет көрсету нәтижесі: құжатқа қол қойған тұлға қолының түпнұсқалығын куәландыратын және оның өкілеттілігін, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртаңба – апостиль қойылған құжат.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою қызметі бойынша қызмет көрсету сапасының жақсарғаны байқалады. Орташа көрсеткіш деңгейінде қанағаттанушылық (барлық мемқызметтер бойынша) – 65,0% немесе орташа 4,54 балл.

19-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үшін	0,0%	3,0%	5,0%	27,0%	65,0%
Сұхбаткерлер саны, N	0	3	5	27	65

*Екі сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Берілген қызмет түрі бойынша 102 сұхбаткерден жауап алынды. 85% астамы қызметті Мемкорпорациясынан алған. Осы қызмет бойынша қызмет алушылардың қанағаттануы меморганнан қызмет алу кезіне қарағанда жоғары.

17-кесте. Қызмет алынған орынмен қанағаттанушылық

Меморган		Мемкорпорация	
Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл
84,6%	4,85	62,1%	4,49


Ақпаратқа қолжетімділік пен ашықтығы бойынша қызметті алушылардың қанағаттану деңгейі 72,3%-ды құрады (4,64 балл). Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы бойынша қанағаттану аздап басым түседі – 74,5% (4,67 балл). «Түсінікті, үлгілер бар, барлығы түсіндіріп береді», «Ешқандай қиыншылық туындамады. Ақпарат түсінікті түрде берілді».

ХҚКО жүгінген кезде кейбір аздап қиындықтар кездесті: «Ақпаратты жетік білмейді», «Төлемді қайда жіберу керектігін білмейді», «Екі рет 10000 теңгеден төлеуге тура келді (реквизиттерін қате берген)», «Қызметкер барлық сұрақтарыма жауап бере алмады», «Кеңес берушіге кезек үлкен болды», «Ресепшнде КБЕ-ні қате берді, нәтижесінде ақша басқа жерге аударылды, ақшаны қайтарып алу үшін ХҚКО

қызметкерлері мені салық органына жіберді», «Қызметкер құжаттар тізімін қате айтты, ол адам жұмысқа жаңадан тұрған болар мүмкін. Бірақ екіншісі дұрыстап түсіндіріп берді», «Қандай құжаттардың керек екенін бірден түсіндіріп бермеді, қайтадан көшірмелерін шығаруға тура келді».


Қызметті алушыларға арналған мемлекеттік баждың реквизиттері меморганның веб-порталында көрсетілген, дегенмен ХҚКО (Алматы қ.) қызмет туралы қағазға шығарылған ақпаратты «құпия сатып алушы» таппады.

1-сурет. Меморганның веб-порталында апостиль қою үшін мемлекеттік бажды төлеуге арналған реквизиттер



ХҚКО мамандары қызмет туралы ақпараттарды ұсыну кезінде оларды білуге міндетті – ол Жоғарғы соттың жалғыз көрсетілетін қызметі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебіне сәйкес (2016 жыл)¹ Департамент қызметкерлері тоқсан сайын Мемкорпорациясы қызметкерлері үшін семинар сабақтар жүргізеді.

3-диаграмма. Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



¹ <http://sud.gov.kz/rus/content/otchety-ob-itogah-raboty-v-sfere-gosudarstvennyh-uslug>

Сондай-ақ сұхбаткерлер мемлекеттік қызметті ұсыну процедурасын бағалады. Зерттеу нәтижелері бойынша сауалнамаға жауап берген сұхбаткерлердің 68,6%-ы қызмет көрсету мерзімдерімен толық қанағаттанған, және 67,6% - құжаттарды дайындау мен жинау, олардың төлемі бойынша қызметтерге қанағаттанған. Қызметті алушылар барлық көрсеткіштер бойынша осы қызмет түрін 4,6 балмен бағалап отыр.

Сұхбаткерлердің 3,9%-ы қызмет көрсету барысында қосымша құжаттарды талап еткендіктерін көрсетті. Талон алуға үлкен кезекке тұру керек екендіктерін айтты.

«Мөр көрінбей тұр деді. Әр жерге сілтей береді», «Бірден қандай құжаттар керек екендігін айтпады», «Стандарт бойынша көп құжатты талап етеді. Қысқарту керек немесе олардың базасында электронды анықтамалар, құжаттар болуы керек».

«Астанаға жіберді, қате көп кеткен, ұзақ күттік» - Мемкорпорация филиалдары үшін аталған қызметті көрсету мерзімі (Астана қ. басқа) – 20 күнтізбелік күн. Мұндай кезде сұхбаткерлер қызмет көрсету мерзімін қысқарту керектігін айтып жатыр: *«Мерзімін қысқарту керек, құжатты бір айға жуық арада бірақ алдым», «Құжатқа апостиль қою мерзімін қысқарту керек».* Егер осы қызмет түрі Астанада алынса, қызмет алу мерзімі қызметті алушыны қанағаттандырады: *«Бір жұмыс күні ішінде апостиль қойылған құжатымды дайындап берді. Жедел жұмыстарыңызға рахмет», «Осыған дейін ХҚКО бірнеше рет жүгіндік, анда-мұнда жібере берді. Бұл жерде бәрі оңай әрі тез – 15 минут (Жоғарғы Сот)».*

Мемқызметтер саласында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы есепке сәйкес (2016 жыл)² «2015 жылы көрсетілетін қызметтер үрдісін оңтайландыру үшін Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында «Сот кабинеті» сервисі арқылы қызмет көрсету форматына көшу жөнінде шаралар кешені атқарылды. Егер азаматта апостиль қоюға тиісті құжаттың болмауы кезінде оны беру туралы Департаменттің аумақтық органына өтініш бере алады. Сот актісі болған кезде аумақтық орган қайтадан көшірмені бергені үшін мемлекеттік баж сомасын анықтайды, ол туралы қолданушыға хабарлама жібереді. Сот актісінің көшірмесі Департаментке жіберіледі, бұл жерде оның түпнұсқаға сәйкестігін тексеріп, қол мен мөр қою арқылы апостиль қойылады, пошталық байланыс арқылы өтініш берушіге жөнелтіледі». Іс жүзінде *Сот кабинеті* арқылы 2,3 млн. астам өтініш келіп түскен (Жоғарғы Соттың интернет-ресурстары бойынша мәліметтер), алайда апостиль қою қызметі бойынша бұл ресурс қолданылмайды. Бұл ресурс құжат жоғалғанда апостиль қою керек болған жағдайда қолданылуы мүмкін. Стандарт бойынша да қызметті онлайн түрінде алуға реттелмеген. Сондықтан Бірыңғай байланыс орталығы 1414 арқылы кеңес алу кезінде қызмет түрін *Сот кабинеті* арқылы алу мүмкіндігі туралы ақпарат айтылмады. Қазіргі кезде электрондық апостильді басқа мемлекеттер қабылдамайды, демек заңнамалық деңгейде мәселе бар және қызмет алу кезінде осы ресурсты жартылай қолдану мүмкіндігі әзірге қолданылмайды.

Алынған мәліметтерге сәйкес сұрастырылғандардың басым бөлігі қызметті ұсынушының қызмет көрсету сапасы туралы жақсы пікірлерін білдірді. 75,5%-ы қызметкерлердің әдептілігін жоғары бағалап, 4,63 балл қойды. Жауап бергендердің 70,6%-ы қызметкердің біліктілігіне риза болды. Осы бағыт бойынша қанағаттанушылықтың орташа деңгейі 4,5 балды құрады.

«Қызметкердің біреуі толық ақпарат бермеді. Басқасына жүгініп едім, ол құжаттар бойынша барлығын түсіндіріп берді. Сондықтан өз қызметкерлерін құжаттар жөнінде үйрету керек», «Құжаттарға апостиль қою және төлем реквизиттері туралы білулері керек»

² <http://sud.gov.kz/rus/content/otchety-ob-itogah-raboty-v-sfere-gosudarstvennyh-uslug>

Сұхбаткерлер ХҚКО қарағанда ҚР Жоғары Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіндегі қызметті берушіге көбірек сенім артады. Қызметкерлердің біліктілігі, жұмыс істеу шапшаңдығы, қызмет көрсету мерзімдері меморганға қарағанда ХҚКО төмен бағаланады. Call-орталық 1401 арқылы Жоғарғы сот қызметкерлерінің кәсіби әрі сауатты кеңес бергендігін атап өткен жөн.

18-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,85	5,00	5,00	4,92	4,93	5,00	5,00	5,00	4,79
Мемкорпорация	4,49	4,59	4,61	4,61	4,53	4,48	4,48	4,57	4,57
Барлығы	4,54	4,64	4,67	4,65	4,59	4,55	4,55	4,63	4,60

Қызметпен қанағаттануға төмендегі көрсеткіштер көп ықпал етті (корреляциялық талдау нәтижелері бойынша):

- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Мені қызметкердің әдептілігі мен кәсіби әдебі қанағаттандырды;
- ✓ Мені осы қызмет жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы қанағаттандырады;
- ✓ Мені қызметкердің біліктілігі қанағаттандырды.

Шағымдану, тамыр-танысты пайдалану, сыбайлас жемқорлық секілді оқиғалар қызметті алушылар арасында байқалмайды.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

1. Меморган қызметкерінің әдептілік және кәсіби әдебіне қатысты көрсеткіштерді жақсартатын болса, онда қызмет сапасымен қанағаттану да арта түспек, қызмет туралы ақпарат қолжетімді болған дұрыс. Осы аспектілер бойынша балдар өте төмен емес, дегенмен олар қызметпен қанағаттанумен өте тығыз байланыста.
2. ХҚКО мамандарының біліктілік деңгейін арттырған абзал. Мамандардың жұмысты тиімді атқаруы үшін жетілдіру әдістерін оқытқан дұрыс. Оқыту кезінде апостиль қоюға арналған мемлекеттік баж төлемінің реквизиттеріне баса назар аударту керек.
3. Мүмкіндігінше Қазақстан өңірлерінде қызмет ұсыну мерзімдерін қысқарту керек.
4. Жоғарғы соттың *Сот кабинеті* интернет-ресурсы арқылы қызметтерді алу стандарттарын реттеу, халық арасына насихаттау, оның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану.
5. Қызмет көрсету сапасымен қанағаттану ең алдымен қызметті алушының сенімімен корреляцияланады. Сот органдарына сенім арту деңгейіне қатысты жұмыстарды күшейту қажет.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары көрсетеді. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру қызмет берушінің кеңсесі арқылы және Мемлекеттік корпорация арқылы іске асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер болмаған кезде Мемлекеттік корпорацияға немесе қызмет берушінің кеңсесіне құжаттар топтамасын өткізу уақытынан бастап - 10 (он) минут; әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер болған жағдайда – 3 (үш) жұмыс күні.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: анықтама беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру қызметі бойынша қанағаттанушылық – 65,5% немесе орташа 4,59 балды құрайды.

19-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	0,0%	6,3%	28,2%	65,5%
Сұхбаткерлер саны, N	0	0	16	72	167

*Екі сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Осы қызмет түрі бойынша 257 қызметті алушыдан жауап алынды. Сұхбаткерлердің басым бөлігі қызметті Мемкорпорациядан (80%) алған. Сұхбаткерлердің пікірлері бойынша алынған қызметтің сапасы меморганға қарағанда (18%, N=50) ХҚКО-да қызмет сапасы жоғары екен (76,7%, N=207).


20-кесте. Қызмет алынған орынмен қанағаттанушылық

Меморган		Мемкорпорация	
Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл
18,4%	4,04	76,7%	4,72

Қызметті алушылар қолжетімділік параметрлері бойынша қызметті орташа есеппен 4,57 балмен бағалап отыр. Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігіне деген толық қанағаттану 64,1%-ды құрайды. Сұхбаткердің 67,6%-ы алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына қанағаттанған (4,60 балл).

Стендтерде қызмет туралы толық ақпараттардың болмауы, кеңес алуға кезекке тұруы орын алған, дегенмен сұхбаткерлер ақпараттың сапасы туралы жақсы пікірде. «Кеңес алу үшін кезекте тұру керек», «Бізге толық ақпарат керек», «Стендтерде ақпарат толық емес, ақпаратты тек кеңес берушіден аламыз».

4-диаграмма. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау мен тапсыру процедурасы бойынша қанағаттану деңгейі 65%-ды құрады, мұнда орташа бағаның балы – 4,59 балл.

Қызмет көрсету мерзімі тек сұхбаткерлердің 60,6% көңілінен шыққан, орташа балл – 4,52. *«Базада менің тегім болғандықтан, нәтижесін келесі күні алдым», «3 күн күту керек екен, нәтижесін бірден алған жақсы болар еді», «Алғаш барған кезде 3 күн күтуге тура келді. Айыппұлды төлегеннен кейін тағы 3 күн күттім».*

«Кезекте ұзақ тұрдым, талон алу үшін де кезекке тұру керек», «Кезек үлкен, компьютерлер жетіспейді», «Алдын ала жазылуға болмайды екен», «Қызмет көрсететін терезелер саны жетіспейді» - деп кейбір сұхбаткерлер көрсетті.

«Құпия сатып алушы» тәсілімен зерттеуді жүргізгенде қызмет көрсету мерзімдері сақталмады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер болмаған кезде «құпия сатып алушы» нәтижені 10 минут күтті, оған себеп «компьютер жұмыс істемей қалғандықтан маман келесі күні келіңіз деді». Келесі күні анықтаманың дайын екендігі туралы хабарлама алынды.



Басқа «құпия сатып алушыға» *«кімде құқық бұзушылық жоқ, оған бірден береміз, сізде болуы мүмкін. 3 күннің ішінде дайын болады»* деді. Алайда бір күннің ішінде құжаттың дайын екендігі туралы СМС-хабарлама келді. Ал, сұхбаткер әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтаманы өтініш білдірген күні алған.

Мәліметтерді тексеру кезінде идентификатор бойынша сәйкес келген жағдай еді бұл. Демек, ЖСН бойынша мәліметтерді тексеретін автоматтандырылған бағдарлама әзір болмағандықтан, мұндай жағдайларда 10 минуттан артық талап етіледі.

Сауалнама нәтижесі негізінде жауап бергендердің 73,0%-ы қызметті ұсынушыға толық сенім білдіреді, орташа 4,7 балл. Қызметкерлердің әдептілігі 4,61 балмен бағаланды немесе қызмет алушылардың 66,8%-ы 5 балмен бағалаған. Қызметкерлердің біліктілігіне 63,8%-ы қанағаттанған, демек қанағаттанушылықтың орташа бағасы 4,59 балды құрады.

Мемкорпорация арқылы алынған қызметтердің бағасы меморганның дұрыс саясат жүргізіп отырғанына куәлік етеді. Қызмет алушылар қызмет сапасының барлық параметрлері бойынша үлкен қанағаттанушылықты білдіреді.

21-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,04	4,10	4,18	4,06	4,08	4,11	4,32	4,21	4,19
Мемкорпорация	4,72	4,68	4,70	4,73	4,63	4,71	4,60	4,70	4,82
Барлығы	4,59	4,57	4,60	4,59	4,52	4,59	4,55	4,61	4,70

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша қызметтерді алу кезінде қанағаттанушылыққа көп ықпал ететін көрсеткіштерге назар аудару керек:

- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Құжаттарды жинау және тапсыру процесі оңай әрі түсінікті;
- ✓ Мен қызмет ұсыну мерзімімен қанағаттанамын.

Шағымдану үлесі 1,2% немесе жауап алынған 3 адамды құрады. Сұхбаткердің біреуі шағымдану нәтижесін 4 балмен, екеуі 5 балмен бағалаған.

5%-дан 8%-ға дейінгі сұхбаткерлер қызметті алу кезінде жағдайларға көңілдерінің толмайтындығын білдірді: күту залы ыңғайсыз, қапырық, отыратын орын жоқ, бірнеше кезекте тұру керек, әжетхана жоқ.

«Қазір жағдай жақсы, менің көңілімнен шығады», «Бәрі қолжетімді, жылдам», «Нәтижесін сол күні алдым. Ешқандай мәселе жоқ», «Кезек үлкен, орындық аз», «Залда айғай-шу, тар, кеңесшілерді естімейміз», «Компьютерлер жұмыс істемейді, программалар тұрып қалады. Осыларға бола үлкен кезектер пайда болады».

Сұхбаткерлердің пікірлері бойынша меморгандармен үйлесімділік керек: *«Туындаған сұрақтар бойынша ХҚКО мен меморгандар арасында байланыс болу керек», «Қызмет алуды тездету» және «Қызметті онлайн ұсыну».*

Тамыр-таныстарды пайдалану, сыбайлас жемқорлық қызмет алушылар арасында байқалмайды.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

1. Осы қызмет түрін толық автоматтандырып, онлайн түрінде ұсыну керек.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер болған кезде қызмет көрсету мерзімін қысқартқан абзал.
3. Осы қызмет түрі үшін қызмет көрсету үрдісін оңтайландыру мақсатында меморгандармен тығыз байланыс орнату маңызды.
4. Қызметпен қанағаттануға теріс ықпал ететін бағдарламалық жабдықтарға немесе техникаға қатысты мәселелерді жою.

3. Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдау нәтижесін беру стандарт бойынша Мемкорпорациясымен және қызмет ұсынушының кеңсесі арқылы орындалады, алайда 2017 жылдың сәуір айынан бастап тек Мемкорпорация арқылы ғана орындалады.³ Құжат тапсырғаннан кейінгі қызмет көрсету мерзімі №153 бұйрыққа сәйкес 8 күнді құрайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны – апостиль қойылған - тұлға қойған қолдың түпнұсқалығын куәландыратын және оның өкілетін және осы құжат жинақталған мөрдің түпнұсқалығын растайтын арнайы мөр – құжат беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою қызметі бойынша қанағаттанушылық 58,3% немесе орташа есеппен 4,52 балды құрайды.

22-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	1,6%	3,2%	36,9%	58,3%
Сұхбаткерлер саны, N	0	3	6	69	109

* 3 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Бас прокуратураның басқа қызметтеріне қарағанда бұл қызмет кеңінен тарамаған, сондықтан тек 190 сұхбаткерден жауап алынды. Зерттеу жұмысы байланыс мәліметтері көрсетілмеген ұсынылған тізім бойынша жүргізілді. Сұхбаткердің 75%-ы аталған қызметті Мемкорпорациясында алған, меморганда (34%) ұсынылған қызметке қарағанда Мемкорпорацияда алынған қызметке қанағаттану айтарлықтай жоғары (66,4%).

23-кесте. Қызмет алынған орынмен қанағаттанушылық

Меморган		Мемкорпорация	
Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық
34%	4,26	66,4%	4,61

Қызметті алушылар ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына көңілдері толмайды (55,2%, 4,46 балл), ал алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына көңілдері толады (57,3%, 4,49 балл).

Мемлекеттік бажды төлеуге арналған реквизиттер Бас прокуратура сайтында көрсетілген, алайда бұл туралы қызмет алушылар білмеуі мүмкін. Ал ХҚКО мамандары қателеседі, «қате реквизиттер береді». Мемкорпорация арқылы алынған қызметтерге қанағаттанатын сұхбаткерлердің басымдылығына қарамастан, түсініктемелердегі ескертулер тек ХҚКО бағытталған: «Кей жағдайда қызметкерлер дұрыс ақпаратты білмейді», «Анықтама терезесіне сауатты маманды отырғызу керек», «Қызметкер

³ «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы баламасыз көрсету пилоттық жобасын жүргізу туралы 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бірлескен бұйрығы


дұрыс түсіндірген жоқ, қалай ресімдеу керектігін өзі білмейді», «Ресепшнде көп адамдар жиналады. Кеңес беретін адамдар аз».

Бас прокуратураның Call-орталығы 115 және Бірыңғай байланыс орталығы осы қызметті алу тәртібін нақты әрі түсінікті етіп айтып берді. Бірақ Бірыңғай байланыс орталығында «Қызметті Прокуратурада алуға болады ма?» деген сұраққа жауап беруге қиналды. Маман прокуратурада қызмет ұсынылады (стандарттан оқыды) деп сенімсіз жауап берді де, «115-ке телефон соғыңыз» деді.

115-те 2017 жылдың 21 сәуіріндегі №153 ортақ бұйрығына сәйкес Мемкорпорация арқылы қызметті баламасыз көрсету туралы пилоттық жобаның бар екендігін білмеді, телефон арқылы ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетке жіберді, тел.: 272 6007, 2728640, мұнда телефон соққанда факс қосылып тұрды.

Қызметті ұсыну мерзімі бойынша Бірыңғай байланыс орталығында ескірген ақпаратты берді (Алматы қ. – 17 күнтізбелік күн), ал 115-те шамамен 5 күн, нақты ақпаратты 2728634 номері бойынша Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен білуді ұсынды (бұл қабылдау бөлмесінің телефоны екен, қызмет туралы ақпаратты білмейді). Толық ақпарат меморганның кеңсесінде (2728630) берілді, мерзімге қатысты сұрақтың жауабы «апта» болып шықты.

5-диаграмма. Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыру процедурасымен қызмет алушылардың жартысы 5 балдық деңгейде қанағаттанған – 54,1% (орташа 4,51). Сұхбаткерлер қызмет көрсету мерзімімен толықтай қанағаттанады – 59,6% (орташа 4,47). Бұл көрсеткіш басқалармен салыстырғанда жоғары, себебі қызмет көрсету мерзімі 8 жұмыс күніне дейін қысқартылды (2017 жылдың сәуір айынан бастап).

Қызмет алушылар оргтехникаға қатысты қиындықтармен қақтығысып қалады: «Техника сенімсіз, интернет жылдамдығы төмен, базалар үнемі қатып қалады». Кезекті күтудің орташа уақыты 11-12 мин., дегенмен сұхбаткерлер «кезекте ұзақ күттік», «кезек үлкен, базалар тұрып қалады», «кезек үлкен, кеңес беретін адамдардың санын көбейту керек» деп атап көрсетті.

Қызмет алушылардың барлығы төлем құнын тиімді деп санайды – 54,5% (0,5 АЕК). Реквизиттер қате болғандықтан, екі рет төлеуге тура келген оқиғалары орын алған. Жеке

қызмет алушылардың пікірлері бойынша бір құжат үшін жасалатын төлем қымбат емес, ал олар бірнеше болған кезде – қымбат: *«қағаз санына емес, қызметке төлеу керек», «менде 5 құжат, ол қымбатқа түседі»*.

Жауап берген сұхбаткерлердің 56,4%-ы қызметкерлердің біліктілігіне толық қанағаттанады, 59,0% - олардың жұмыс істеу шапшаңдығына. Қызмет алушылардың 64%-ы қызметкерлердің әдептілігі мен сыпайылығын 5 балмен бағалады.

«Қызметкерлер осы қызмет туралы ақпаратты білмейді», «Бір құжаттың жетіспеушілігінен құжат дер кезінде дайын болмады, ол туралы маған айтпады, ескертпеді. Олардың алаңғасарлығынан мен басқа жаққа кете алмадым», «Қызметкерлердің сауаттылығын арттыру», «Барлығы жақсы, тек көп қызметкерлер алу керек», «Қызметкерлер өздері ұсынатын қызметтерді білуі тиіс», «Қызмет көрсету сапасы, қызметкерлердің кәсіпқойлығы – барлығы сәйкес келу керек».

Сұхбаткердің бірі алаңғасарланып сотталмағаны туралы анықтамаға апостиль қою керектігін көрсетпеген: *«Тағы да өтініш беріңіз, 17 күннен кейін құжат дайын болады деген»*. *«Прокуратурада таныстарыңыз болса, мұнда кассаға ақша төлеп, чекпен прокуратураға барып, сонда екінші мәрді қойғызып алуға болады (апостиль)»*, - деп кеңесші кеңес айтып, көмектескісі келген.

Басқа қызметтермен салыстырғанда шағымдар үлесі жоғары – 3,2%. Қызмет алушылардың 0,5%-ы (1 адам) қызметті таныстары арқылы, бейресми сыйақы беру арқылы алғандығын көрсетті.

Сауалнама нәтижесі бойынша қызмет ұсынушыға деген сенімділікті сұхбаткердің 67,2% көрсеткен. Бұл орташа көрсеткіштен сәл ғана төмен, және бұл қызметті Мемкорпорациядан алғандықтан сенім арта түскен: меморганда қызмет алу кезіндегі қызмет ұсынушыға деген сенімділік 56,3% құрайды, ал Мемкорпорацияда – 70,9%.

Көптеген наразылықтарға қарамастан, Мемкорпорация арқылы алынған қызметтер жоғары бағаланып отыр.

24-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,26	4,23	4,15	4,26	4,25	4,25	4,44	4,19	4,52
Мемкорпорация	4,61	4,55	4,61	4,6	4,54	4,57	4,55	4,72	4,68
Барлығы	4,52	4,46	4,49	4,51	4,47	4,49	4,52	4,59	4,64

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша қызметтерді алу кезінде қанағаттанушылыққа көп ықпал ететін көрсеткіштерге назар аудару керек:

- ✓ Мен қызмет ұсыну мерзімімен қанағаттанамын.
- ✓ Мені қызметкердің біліктілігі қанағаттандырды;
- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Мені қызмет туралы алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы қанағаттандырды.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Ақпаратқа қатысты мәселелерге қарамастан зерттеу нәтижелері Мемкорпорация арқылы баламасыз қызмет алуудың оң әсерін көрсетті.

1. Осы қызмет бойынша қызмет алушыға дұрыс ақпарат беру жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Тек Мемкорпорацияның қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ сол меморган қызметкерлері қызмет алу процедурасындағы соңғы өзгерістерді білмейді.
2. Мемкорпорация қызметкерлерімен оқытудың тиімді әдістерін қолданған абзал, себебі осы қызмет түрі бойынша кеңес берушілер дұрыс ақпарат бермейді. Қате реквизиттер берілген жағдайлар орын алған.
3. Қызмет алушылар құжат үшін емес, көрсетілген қызмет үшін төлем жасауды қарастырса дейді.

4. Қазақстандық шағын көлемді өндірісін жүзетін және өндірісін жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімімен ұсынылады. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет қорытындыларын беру көрсетілетін қызметті берушінің хатшылығы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: қызмет алушының құжаттар топтамасын қызмет берушіге тапсырған кезден бастап – 20 жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттар топтамасын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі: шекаралық белдеуге кіруге және онда болуға рұқсаттамалар беру.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қазақстан Республикасының аумақтық суларына және ішкі суларына шығуға рұқсаттама беру қызметімен қанағаттанушылық 30%-ды немесе орташа 3,9 балды құрайды. Бұл қанағаттанушылықтың ең төмен деңгейі.

Бұл көрсетілетін қызмет өте сирек қолданылады әрі тек Маңғыстау облысында ғана ұсынылады. Сауалнамаға 30 қызмет алушы қамтылды.

28-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	3,3%	3,3%	23,3%	40,0%	30,0%
Сұхбаткерлер саны, N	1	1	7	12	9

Сұхбаткерлердің 72%-ы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын 5 балмен бағалады (орташа 4,31 балл), дегенмен ол айтарлықтай айқын әрі дұрыс емес (55,2%, 4,17 балл).

Бұл шынында осылай. Бірыңғай байланыс орталығында оператор осы қызмет туралы ақпарат іздеп, бес минут үнсіз қалды, меморганға сәйкес рұқсаттама беретін қандай құжаттардың керектігін түсіндіріп бере алмады. «Рұқсаттама алу үшін қандай меморганда рұқсат беретін құжаттар алу керек?» деген сұраққа жауап алу үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жолдады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл қызмет түрі *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 19 қаулысымен*⁴ реттеледі деп жауап берді. Теңізге шығу үшін тек осы рұқсаттама ғана керек.


«Интернетте және БАҚ ақпарат табу мүмкін емес. Шекара бөлімшесіне баруға тура келді. Ол жерде аздап түсіндіріп берді», «Бірыңғай сайт жоқ. Басшылардың тегін телефон соғу арқылы білуге тура келеді. Бұрынғы тәжірибемізге сүйенеміз», «Еш жерде жазылмаған. Таныстардан білеміз», «Ақпаратты қайдан алу керектігін білмейміз. Жыл сайын ережелер өзгеріп отырады», «Рұқсаттаманы бірнеше рет алып тұрамын. Бұрынғы тәжірибеме сүйенемін».

Құжаттарды жинау және тапсыру кезеңінде жекелеген қиындықтар кездеседі – сұхбаткерлердің 36,7%-ы 5 баллмен бағалады (орташа 3,67 балл).

«Жауапты тұлғалар орындарында болмайды. Оларды ұстау қиын», «Басшының тегін қате айтты. Осының салдарынан қайта жөндеуге тура келді. Осының өзіне тағы да уақыт жоғалттық. Үнемі басшыны немесе жауапты тұлғаны күтуге тура келеді», «Әскери бөлімшеге кіру өте қиын», «Құжаттарды бірнеше меморгандарға өткізу керек. Бірнеше инстанциялар – өте ыңғайсыз», «Қаншама инстанцияның керегі не?! Өзі аз емес еді, тағы да қосып қойды», «Мөр қойғызу үшін бірнеше меморгандарға бару керек болады», «Құжаттардың 5-6 көшірмесін жасадық. Бір меморганнан келесіге тізбектеліп баруың керек. Барлық жерде күту керек», «Құжаттар топтамасы үлкен. Қаншама көшірме керек», «Осыншама инстанциялардың керегі не? Бір органға құжат тапсыруға болмайды ма?», «Келісім беру процесі қиын. Бірыңғай ақпарат табу мүмкін емес. Осы жерге Әкімдікті не үшін қосқан?», «Астана қ. балық қорғау қызметінен рұқсаттаманы ұзақ күттік. Жыл сайын квота бөлінеді, бұл өте ұзақ, осы уақыт ішінде барлық балық кетіп қалады», «Құжаттардың нақты тізімі жоқ. Кіші қайық тіркелмеген еді. Оның фотосын ұсыну керек екен. Тағы да құжаттар жетіспеді».

⁴Қазақстандық шағын көлемді өндірісін жүзетін және өндірісін жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 19 қаулысы

6-диаграмма. Қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суусті және суасты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына шығуына рұқсаттамалар беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызмет көрсету мерзімдерімен қызмет алушылардың жартысынан аз бөлігі қанағаттанған – 43,3% (3,73 балл). Кезекте орташа күту уақыты 25 минутты құрайды. Бұл орайда сұхбаткерлердің 23,3%-ы отыратын орындардың жетіспеушілігін және 10%-ы залдың қапырық екендігін айтты.

«Бір ай күтуге тура келеді. Таныстарың болса жылдам алуға болады», «Бәрі қолжетімді, бәрі көрсетіп, түсіндіріп береді, тек ұзақ күту керек», «Мүмкіндігінше мерзімдерді қысқарту керек», «Шапшаң жұмыс істеу керек. Тым ұзақ. Егер бір меморганда болса, онда күту мерзімі де аз болар еді», «Барлық жерде бірнеше күн күту керек болғандықтан ұзақ», «Мерзімдер қызмет стандартына сай келмейді, бұл стандарттар кім үшін жазылған, қызметкерлер мен меморгандарды тексеріңіздер», «Бұл біздің тікелей табыс көзіміз, мерзімді созғандықтан біз балықты жоғалтып алу қауіпіне ұшыраймыз. Бұл табиғат, оған бізді күте тұр деп айта алмаймыз», «Ешбір адам мерзіммен қанағаттанамын деп айтпайды. Ең болмағанда барлығына 10 күн берсе», «Кезек жоқ. Қызмет көрсету мерзімін қысқартса», «Өте ұзақ. Құжаттардың дайын екендігін білу үшін бірнеше рет телефон соғамыз. Не адам жоқ орнында, не мөр жоқ», «Үнемі телефон соғуға тура келеді, күту режимінде тұрады. Шекарашылар қала сыртында орналасқан, оларға бару алыс».

Қызмет алушылардың пікірі бойынша меморган қызметкерлерінің жұмыс істеу шапшаңдығы айтарлықтай деңгейде емес, тек 26,7%-ы ғана жоғары баға берген (орташа 3,83 балл). Қызметкерлердің біліктілігіне, әдептілігі мен кәсіби әдебіне қызмет алушылардың 46,7%-ы қанағаттанған (4,2 балл).

«Қызметкерлер 10 күнге дейін жоғалып кетпей өз жұмыс орындарында болып, дұрыс жұмыс істеу керек», «Барлық жерде күту керек. Қызметкерлер орнында табылмайды», «Қызметкерлердің көмектесуге деген ынтасы жоқ, ештеңе жақсармаған, барлығын әдейі қиындатып қойған секілді», «Қызметкерлер білімді, дегенмен олар бір ережелерге бағынады, кейде нәтижені алу кезінде іркіліс туындайды. Менің ойымша оларда шешім қабылдау үшін батылдық жетіспейтін секілді».

Меморган қызметін алушылар көп сенімділік танытпайды - 50%. Меморганға деген сенімділік орташа 4,3 балмен бағалады.

«Сыбайлас жемқорлықпен ұшыраспадым. Егер бәрін электронды түрде жасаса, жемқорлық аз болады», «Сенбеймін, айналамыз толған өтірік», «Біз сияқты ұсақ балықшыларға ол жерде таныс табу қиын, алайда таныс процесті тездетер еді».

Қызмет алушылардың пікірі бойынша «әскери бөлімдегі рұқсаттама бекетінде шарттарды жеңілдету керек, барлығы тым күрделі», «мерзімді 10 күнге қысқарту керек».

«Қаншама органға бару керек, бұл қызметті қалай да жеңілдетуге болмай ма? Бұл қызметті біз жыл сайын аламыз, ештеңе өзгермеген», «ҰҚК өзінде құжатты көп ұстайды, осыншама уақыт олар не істейді?».

Осы қызметті бір жерден алатын болса, қызмет алушыларда мұншама мәселе туындамас еді: *«Ең болмағанда қызметті ХҚКО арқылы ұсынса екен», «егер ХҚКО секілді істесе, жемқорлық болмайды: бір терезеге барлық құжатты тапсырып, рұқсаттама алуға болатын күні көрсетілген қолхат алу», «Қызметті электронды түрге ауыстырса, тез әрі тиімді болар еді», «Жүйелеп, бір орында жасау керек», «Әкімдік бұл артық. Бұрын болмаған. Биыл пайда болды. Тек уақыт жоғалтамыз. Бір аптадай күтеміз», «Қағаз бастылық. Бірнеше меморганға бару керек. Бір орталықтан жасау керек. Бірыңғай құжаттар тізімі мен маңызды мәліметтерді ғана сұрау керек».*

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасының аумақтық суларына және ішкі суларына шығуға рұқсаттама беру Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі ұсынатын үш қызметтің біреуі болып табылады. Бұл қызмет Каспий өңіріндегі айдынның мемлекеттік қауіпсіздігін сақтаумен, заңсыз балық аулаудан қорғаумен байланысты, сондықтан да қызмет алушыларға өте қатаң талаптар қойылады.

1. Қызмет әскери бөлімде ұсынылғандықтан, қызметкерлермен клиентке бағдарлану тәсілін дамытуға қатысты жұмыстар жүргізу.
2. Қызмет туралы ақпаратты дұрыс әрі уақытында жеткізе білу керек, бұл осы қызметті алу кезінде жоқ.
3. Жүйелендіріп, рұқсаттама алу үшін қандай жағдайда және қандай құжаттар керек екендігін анықтау үшін нақты тәртіп орнату керек. Стандартта ақпарат жалпы түрде берілген, қызмет алушыға бағытталмаған.
4. Қызметті бір жерден алатындай етіп ұйымдастыру, басқа меморгандарға жүгіну қажеттілігін болғызбау. Бұл басқа да меморгандармен тығыз қарым-қатынаста болуды талап етеді.
5. Бұл қызметті ХҚКО табыстап немесе жартылай электронды түрге ауыстыру мүмкіндігін қарастыру.

5. Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (МҚІСЖҚІА) және оның облыстардағы, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорациясы мен www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі тестілеу өтініш берілген күннен бір күнтізбелік күннен ерте емес және қызмет алушы таңдаған тестілеу күні мен уақытынан кешіктірілмей өткізіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу қызметі бойынша сұхбаткерлердің 75%-ы қызметпен қанағаттанған немесе орташа 4,69 балл. Бұл қанағаттанушылықтың едәуір жақсы көрсеткіші. Бұл көрсетілетін қызмет меморгандар ұсынатын басқа қызметтерге қарағанда жаппай қолданылады, 238 адамнан жауап алынды.


25-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	5,9%	19,1%	75,0%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	0	14	45	177

*Екі сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Әр өңірде осы қызметті алу кезінде *Құпия сатып алушылардың* бір байқауы жүргізілді. Құпия сатып алушылар қызметті орташа 10-балдық шкала бойынша 7,53 баллмен бағалады.

7-диаграмма. Жалпы қызмет сапасымен қанағаттанушылық, %



Осы қызмет бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттанушылық сұхбаткерлердің 75,5%-ын, ал ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы бойынша 78,6%-ын (4,7 балл) қамтыды.


www.egov.kz сайтындағы ақпараттар бойынша «құпия сатып алушылар» көптеген жақсы пікірлер білдірген. Дегенмен, қызмет алушыларға жүргізілген сауалнама нәтижесінде ақпарат алу кезінде нақты қиындықтар кездеседі: «ХҚКО кеңес берушілер толық ақпарат бере алмайды», «санатты дұрыс көрсетпегендіктен, қайта баруға тура келді», «кезегің келген кезде ғана ақпарат беріледі», «кеңес берушілердің саны аз», «тестілеу күні автоматты түрде белгіленетіндігін уақытында айтпады».

Кейбір адамдарға үйден онлайн түрде өтініш беру қиынға соғады – «ХҚКОда барлығын айтып берді, бірақ үйде өзім өтініш бере алмадым», «өтінішті онлайн беру кезінде іркіліс болады», «басында орын болмады», «қызметті қалай аяқтау керек екендігін білмедім (онлайн)».

«Құпия сатып алушылардың» бақылауларын алатын болсақ, ХҚКО қызметкерлері қосымша сұрақтарға үнемі толыққанды жауап бермейді. Дегенмен «құпия сатып алушылардың» басым бөлігі жақсы пікірлер білдірді: «Барлығы жақсы болды. ЭЦҚ қайдан алу керектігін білдік, тіркелдік, егов арқылы өтініш бердік. ХҚКО қызметкерлері көмектесті,

әдептілік танытты...», *Көкшетау*; «Барлығы жақсы. Мен оператордың жауабына риза болдым», *Орал*; «ХҚКО толық мәлімет бермеді», *Ақтау*.

2-сурет. Көкшетаудағы ХҚКО



3-сурет. Стендтегі ақпараттар, Шымкент



«Call-орталыққа телефон соққанда бірден жауап берді. Сондай-ақ барлық сұраққа толық жауап алдым. Бір айта кететіндігі, автоматты жауап бергіштің сөзі түсініксіз болды. Не істеу керектігін түсінбедім. Кеңесшінің телефонын біле алмадым. ХҚКО-дағы стендтерде ақпарат ұсақ әрі түсініксіз жазылған. Түсіну үшін кеңесшіге жүгіндім», *Шымкент*

«Өтінішке қолхат болу керек деп жазылған, осыған көңіл бөлу керек екен. Қолхатты өтінішпен шатастырып алуға болады. Тест үшін өзіңмен бірге қанша құжат алып келуің керек туралы жазу керек. ХҚКО-дағы стендте ақпарат жоқ. Стендке жақындау мүмкін емес, адам көп. ХҚКО ғимараты кішкентай, кеңесшілер естілмейді», *Тараз*

«Мен 1414 номері бойынша хабарластым, тестілеу күнін өзгерте аламын ба, соны білгім келді. Тек – жоқ деген жауап алдым», *Петропавловск*.


«Кеңес дұрыс берілмейді, кеңесші клиентке көңіл бөлмейді, біздің уақытымызды бағаламайды». *Алматы*.

«Стендтегі ақпарат компьютерлердің артында орналасқан, жақындау мүмкін емес. Олар оны ұстауға рұқсат бермейді. Барлығы ұсақ шрифтпен жазылған», *Қарағанды*.

Кейде қызмет алушыларда тіл мәселесі туындайды, ХҚКО қызметкерлері қай тілде сұрап тұрғанына назар аудармайды. Мұндай жағдай Қызылорда мен Алматы қалаларында кездеседі.

«Ақпаратты алу үшін көп уақыт жоғалттым, біресе біреуіне, біресе басқасына жүгіндім. Стендте орыс тілінде ақпарат алғым келді, барлық 2 қабатты айналып шықтым. Ең соңында кадрлар ісі жөніндегі орынбасар көмектесті. Ол стендтің не қажеті бар бізге, мен сізге былай да көмектесем деді. Egov аймағына жіберді. Орыс тілінде неге ақпарат жоқ дегенге ешкім жауап бере алмайды», *Қызылорда*.

8-диаграмма. Мемлекеттік қызметкерлерді тестілеу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Сұхбаткерлер құжаттарды жинау және тапсыру процесін орташа 4,76 балмен бағалады, қызмет алушылардың 80,3%-ы бұл процесті түсінікті әрі оңай деп санайды. Қосымша құжаттарды талап ету оқиғалары байқалмайды.

Қызмет алушылардың 76,2%-ы қызмет көрсету мерзімімен қанағаттанады, орташа баға 4,71 балды құрайды.

Құжаттарды тапсыру процесі өтінішті онлайн беру арқылы оңайлатылған. Сұхбаткердің жартысында (46,6%) қызметті онлайн түрінде алуға мүмкіндік бар (дұрысында өтініш беру), тек 9,5%-ында Интернетке кіру мүмкіндігі жоқ. Сұхбаткерлердің басқа бөлігі қызмет онлайн ұсынылмайды дейді, оның себебі тестілеудің өзін және қызмет нәтижесін қызмет ұсынушы береді.

«Операциялық залға кіргенде адамдардың көп екендігіне назар аудардым. Ресепшндегі қызметкерге жолығу үшін кезекте тұрдым. Анықтама терезесінде маған қайда бару керектігін түсіндіріп берді. Өтініш толтырып беретін қызметкерге жолығу үшін тағы да кезекке тұрдым, ал өтініш беру көп уақытымды алмады». (Шымкент)

«Құпия сатып алушының» негізгі бөлігі тестілеуден өту үшін өтінішті кеңесшінің көмегімен өзіне-өзі қызмет ету зонасында берді.

«Өтінішті онлайн бердім, алдымен ЭЦҚ алуға тура келді. Өтінішті тек электрондық тәртіпте қабылдады, дегенмен қызметті келу тәртібі бойынша алуға болатын еді. Өтінішті беру кезінде кеңесші қасымда болды, өтініш беруге, құжат тапсыру процедурасын аяқтауға көмектесті. Қасымда кеңесші болғандықтан бәрі түсінікті болды, қолхатты қалай алу керек екендігін әрі онсыз процедура аяқталмағандығын түсіндірді». «Ақтөбе»


Басқа өңірлерде тестілеу күнін, уақытын таңдап алуға болатын болса, Астана мен Алматы қалаларында тест тапсыратын ең жақын күн өтініш бергеннен кейін 14-15 күннен кейін шықты.

Алматыда тестілеу өтетін күнмен қиындықтар туындады: *«Жақын арадағы 5 жұмыс күнінде бос орын болмады. Тестілеуге кейін жазылуыңызды сұраймыз»*. Осындай нәтижесіз әрекеттер бірнеше рет қайталанды.

Өтініш беру алгоритмін түсінбегендіктен келесі нәтиже орын алды: *«Сапаны бағалау үшін тестке жазылу мүмкін емес. ҚР мемлекеттік тілін білуді тексеретін тестінің нәтижелері жоқ»*. Тестілеу күнін алғаннан кейін «құпия сатып алушы» тестке жіберілмеді,

оның себебі онлайн өтініш беру кезінде процедураны соңына дейін аяқтамаған (қолхат алмаған).

4-сурет. Қызметті алу үшін өтініш берудің нәтижелері



Электрондық тәсіл арқылы тестілеуге өз бетімен өтініш берген кейбір «құпия сатып алушыларды» тестке жібермеді, оған себеп олар өтінішті бергеннен кейін қолхат алмаған.

«Қолхат болу керек деп ешкім айтқан жоқ. Компьютер істемей қалды (сервер жұмыс істемейді), тест тапсыруға жіберген жоқ. Түсінік беру үшін менеджерге жолықтық. Қызметкер көшірім сұрады, бірақ толық түсінік бере алмады. Сол күні сервер тағы істемей қалды. Үйден ЭЦҚ арқылы жаңадан өтініш бердім», Тараз.

«Қызметкерді ұзақ күттім, ерекше ештеңе түсіндірген жоқ, өзім сайтқа кіріп, қажет сілтемелер арқылы барлығын белгіледім», Өскемен

«Ешқандай техникалық ақау болған жоқ. Тек ХҚКО қызметкері үндемей қаламмен көрсетіп отырды, сұрақ қойып отырсам да бір ауыз сөз айтпады. Сөзсіз қайда басу керек екендігін көрсетті, жанама сұрақтарға түсініксіз жауап берді. Робот секілді», Қызылорда

Қызмет алушылардың басым бөлігі электрондық өтініш жасау нәтижесімен толық қанағаттанған. Порталда қызметті іздеуге, тіркеуге, авторизациялауға, өтініш беруге 2 минут кетеді. Өтініштің күйін және қолхатты алуға 1 минут жұмсалады. «Құпия сатып алушының» айтуынша: «ЭЦҚ алу процедурасын есепке алмағанда, барлық процесс 10 минутқа созылды».

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша ХҚКО қызметкерлерінің өз орнында болмаған кездері кездеседі. «База үнемі қатып қалады», «өзіне-өзі қызмет көрсету зонасында кезек», «компьютердің босауын күттік» деген мәселелер өзекті болып отыр.

«Құпия сатып алушылардың» байқаулары кезектердің бар екендігін растайды: «Кезектің салдарынан наразы болған адам көп, кеңесшілер жетіспейді. Тек бір ғана терминал жұмыс істейді, екіншісі бұзылып қалған. Сондықтан кезек көп. Әр қайсысы кезегім кетіп қалады деп қорқып отыр. Тұрып тұратын кезек - ыңғайсыз», Қызылорда

5-сурет. Кезекті күту, Қарағанды мен Шымкент





«Күтетін орын аз (орындық, кресло жетіспейді), Тараз. Бұл қалада ХҚКО ғимараты үлкен емес.

«Құпия сатып алушылар» кейбір ХҚКО анықтама терезелерінде өздерінің жеке куәліктерін қалдырып, күту залында кеңесші шақырғанша күтіп отырғандарын айтты. Белгілі номер жанған кезде, кеңесші тегін атап шақырып, осы номерді береді. Кей адамдар өз номерін 30 минуттан астам күтті. ХҚКО қызметкерлері осылайша стандартта көрсетілген күту уақытын «ұстап тұрады».

Меморган қызметкерлерінің қызмет көрсетуімен қанағаттануды жақсартқан жөн. Қызметтің осы аспектісін 5 балмен бағалаған сұхбаткерлердің үлесі 74-79% құрайды. Қызметкерлердің шапшаңдығына қарағанда (4,72 балл) қызметкерлердің біліктілігін, әдептілігі мен кәсіпқойлығын жоғары бағалаған (4,75 балл): «қызметкерлер аздап дөрекі», «баяу қимылдайды».

«Жақсы әсерде қалдым. Қызметкерлер барлық қойған сұрағыма жауап берді, қызметке тез әрі еш қиындықсыз қол жеткіздім. Электрондық қызметке де көңілім толады, процедураның шапшаңдығы ұнады, қызметкерлер білікті, өз жұмысын біледі» (Павлодар).

«Бір кеңесші қытырлақ нан жеп отырды, енді біреуі телефонын шұқып отырды, үлкендердің ескертуіне мән бермеді», Қарағанды. ХҚКО үзіліссіз жұмыс істейтіндігі түсінікті, қызметкерлердің демалыс уақыты сақталуы керек.

Мемлекеттік лауазымға ие болу үшін тестіден өткен «құпия сатып алушылар» осы қызмет түрін алу барысында ешқандай қиындықтар кездеспегендігін айтты. Жалпы алғанда, бұл қызметті ашық әрі қолжетімді деп бағалады. Тест залында қолайлы жағдайлар жасалған, зал таза, кондиционер жұмыс істеп тұр. Ғимараттағы жағдайларға көңілі толмаған сұхбаткерлердің саны аз: *«Ғимарат іші қапырық, кондиционер жұмыс істемейді. Су ішуге мүмкіндік жоқ. Су құйылған диспенсер жоқ. Тест кезінде жауап бермек түгіл назарды бір жерге аудару қиын болды»* (Қызылорда), *«Тестілеу кезінде тым ыстық, қапырық болды»* (Ақтөбе).

Тестілеу процедурасы ашық әрі әділ болды, камералар орнатылған. *«Ешқандай ескертулер жоқ. Бәрі ашық, әділ. Тест болатын зал таза, кондиционер жұмыс істейді, 4 камера онлайн режимінде жазбаға түсіріп тұр».*

Қызметкерлер дөрекілік танытпады, дегенмен ерекше ілтипат та білдірмеді, өздерін әдепті ұстады, «құпия сатып алушылардың» сұрақтарына жауап берді. Нәтижені алу кезінде кезек болмады.

Қарағандыдағы «құпия сатып алушы» наразылық білдірді: *«Тестілеу әкімшілігі өте дөрекі болды, күйгелектік танытты, тестілеуге 10 минут кешігіп келді, барлығы оны фойеде күтіп тұрды. Нұсқаулықпен таныстыру кезінде жаттап алған тақпақ секілді, еш тоқтаусыз тарсылдатып айтып шықты. Сөзі түсініксіз, қайталап айтуды сұрағанға жауап бермеді, тестке қатысып отырған кейбір қатысушыға дөрекі жауап берді. Тест кезінде бір қатысушы ұялы телефонын қолданды». Ақтауда: «тест әкімшілігі кей кезде емтихан алушымен дөрекі тілдесті».*

Қызмет көрсету сапасына шағымдану өте сирек кездеседі – ауызша түрде 2,1% және жазбаша түрде 0,4% (барлығы 6 адам). Орташа баға – 4 балл.

Зерттеу нәтижесі бойынша бейресми сыйлық беру оқиғасы орын алмаған, бірақ тамыр-танысты пайдаланудың бір оқиғасы орын алған. Сұхбаткерлердің 79,2%-ы қызмет ұсынушыға сенімділік танытады. Сенімділік деңгейі 4,77 балмен бағаланады.

Осы қызмет түрі бойынша гендерлік белгі арқылы зерттеуге сұхбаткерлердің тең үлесі қатысқаны байқалады, әйелдерге қарағанда (73,3%) ер адамдар қызмет көрсету нәтижелеріне көбірек қанағаттанады (76,7%). Әдетте қызмет түрімен 22-29 жас аралығындағы жастар көбірек қанағаттанған (78,1%), жас шамасы артқан сайын қанағаттану деңгейі 60%-ға дейін төмендейді.

30-кесте. Жас шамасына қарай қызметпен қанағаттанушылығы. Мемқызметкерлерін тестілеу

Жас шамасы	Қызметті 5 балмен бағалаған сұхбаткерлердің үлесі, %	Сұхбаткерлер саны, N
18-21	80,0	5
22-29	78,1	137
30-39	73,1	67
40-49	60,0	20
50-59	66,7	6

6. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынушы меморган: Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (МҚІСЖҚІА).

Мемлекеттік қызметті «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» өзіне жедел басқару құқығында Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдау мен нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы орындалады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: қайта даярлау курсы басталған кезде – 120 академиялық сағаттан кем емес, біліктілікті арттыру семинары – оқытудың түріне байланысты 24-тен 80 академиялық сағатқа дейін.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесі: қайта даярлау бағдарламасын меңгергенін растайтын құжат; біліктілігін арттыру бағдарламасын меңгергенін растайтын құжат.

Мемлекеттік қызмет республикалық бюджет есебінен мемлекеттік қызметкерлер үшін тегін, ал жеке тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту қызметі бойынша қанағаттанушылықтың жоғары деңгейі байқалады – 96,9% немесе орташа 4,97 балл. Зерттеу жұмысына осы қызмет бойынша 100 адам қатысты.

26-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	0,0%	3,1%	96,9%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	0	0	3	95

**Екі сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды*

Осы қызмет түрі бойынша қанағаттанудың жоғары деңгейі кездейсоқ емес. Мемлекеттік қызметкерлердің даярлық деңгейін жетілдіру үшін үлкен жұмыстар атқарылады. Таяу

арада оқытудың аймақтық орталықтарын академия филиалдарына өзгерту туралы Үкіметтің қаулысы шықты. *«Қазір осы жұмыстар атқарылуда. Әр аймақта Академия филиалы болады. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарына қатысты сұрақтарды реттейтін жаңа қаулы әзірлік үстінде. Біз оқыту процесін жақсартуға тырысамыз, үнемі мемлекеттік органдардың талап-тілектеріне талдаулар жүргіземіз. Келесі жылы Цифрлық академия бағдарламасын жүзеге асыру басталады».* Тиімді оқыту үшін нақты талаптар сақталады, демек «функционалға сәйкес қана оқыту» орын алады. (Қызмет ұсынушы)


Құжаттарды электрондық түрде тапсыру жұмыстары толық жүргізіліп жатыр: *«Мемлекеттік органның кадр қызметкерлеріне құжаттарды тапсыруды жеңілдету үшін толық е-қызметке өткіміз келеді».*

МҚІСЖҚІА басқа қызмет түрлеріне қарағанда осы қызмет түрі бойынша сұхбаткерлерге ақпарат көбірек қолжетімді. Қызмет алушылардың 80,8%-ы ақпараттың қолжетімділігін, ашықтығын, айқындылығы мен дұрыстығын көрсетті. Осы аспект бойынша қызмет сапасымен қанағаттану деңгейі 4,79 балды құрайды.

Қызметті алушылардың кейбіреулері «ақпаратты ұзақ іздедік», «айқын ақпарат аз», «шынайы ақпаратты бірден табу мүмкін емес», «ЭЦҚ аздап қиындықтар болды» деп көрсетті. Көбінесе қиындықтар туындамайды: «меморган айналысқандықтан, қиындыққа тап болмадым».

«Біз мемлекеттік органдар мен ішкі бөлімшелерге графиктерді жібереміз, институт сайтында көрсетеміз. Кез-келген мемлекет қызметкері қандай семинар, қай уақытта өтетіндігін ашып, көре алады. Және құжат тапсыра алады. Бұл қызмет түрі бойынша ақпарат қолжетімді».

9-диаграмма. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы оқыту қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Осы қызмет бойынша құжаттарды жинау, тапсыру процесіне (93,8%), қызмет көрсету мерзімдеріне (94,9%) қанағаттану жоғары немесе орташа бағалау 4,94-4,95 балл деңгейінде.

«бізді меморганнан жіберді, көптеген сұрақтармен басқалар айналысты» (Қызмет алушы), *«Мемқызметтің сапасына меморгандардағы кадр қызметкерлерінің тындырымдылығы, ішкі бөлімшелердің өзара қарым-қатынасы ықпал етеді. Себебі біз тек мемлекеттік қызметкерлерді ғана оқытамыз»* (Қызмет ұсынушы).

Бұл қызмет бойынша «құжаттарды бір орталықтан кадр қызметтері жібереді. Сонымен қатар кадр қызметтері қай мемлекеттік қызметкерге оқу керектігін біледі. Заңға сәйкес мемлекет қызметкер кем дегенде үш жылда бір рет оқу керек. Қазір қызметі іске қосылды. Барлық мемлекеттік органдар ішінде бірыңғай жүйе. Биылғы жылдан бастап осы портал арқылы құжаттар қабылдайтын боламыз» (Қызмет ұсынушы).

Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы, әдептілігі мен кәсіпқойлығы бойынша қызмет сапасын сұхбаткерлер жақсы бағалаған, 80%-дан астамы 5 балл қойған, бұл орташа 4,8 балл. Осы қызмет түрі бойынша қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін төмен бағалады – 4,74 балл немесе қанағаттану деңгейі 73,7% құрады.

Қызмет сапасын шағым түсіру немесе бейресми сыйақы беру оқиғалары байқалмады. «Курстың өзіне ешкім шағым түсірмеді» (Қызмет ұсынушы). Қызмет ұсынушыға деген сенімділіктің ең жоғары деңгейі байқалады – 96,9% немесе 4,97 балл.

Егер Мемқызметкерлерді тестілер қызметі бойынша зерттеу жұмысына ерлер мен әйелдердің бірдей қатысуы байқалса, бұл қызмет түрі бойынша ерлер үлесі басым түседі, 61% құрады. Гендерлік белгі бойынша қанағаттану ерекше айырмашылыққа ие емес: ерлердің 96,7%-ы қызметпен қанағаттанса, әйелдер – 97,3%. Жастар мен жас шамасы үлкен топтарда қанағаттану деңгейі айтарлықтай жоғары.

32-кесте. Жас шамасына қарай қызметпен қанағаттанушылығы. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы оқыту

Жас шамасы	Қызметті 5 балмен бағалаған сұхбаткерлердің үлесі, %	Сұхбаткерлер саны, N
18-21	100,0	1
22-29	100,0	36
30-39	95,7	47
40-49	92,3	13
50-59	100,0	1

7. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Қызмет көрсететін мемлекеттік орган: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдау мен нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы орындалады.

Мемлекеттік қызметті алушыны оқуға қабылдау сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: мамандыққа байланысты бір жыл және екі жыл – магистрлік бағдарламалар, үш жыл – докторлық бағдарламалар.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: қағаз түрінде.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі: жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіптік білім бағдарламасын – Академия магистратурасын толық меңгергенін растайтын диплом, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіптік бағдарламаларын аяқтамаған мемлекеттік қызметті алушыға берілетін анықтама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Қызмет құны және төлем тәртібі: ақылы және (немесе) тегін.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Меморган ұсынатын басқа қызметтерімен салыстырғанда қызмет алушылар *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту* қызметімен аз қанағаттанады – 66,7% (4,65 балл). Зерттеуге 48 адам қатысты.


27-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	2,1%	31,3%	66,7%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	0	1	15	32

Аталған қызмет бойынша сұхбаткерлердің 41,7%-ы алған ақпаратпен қанағаттанған. Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы 4,33 балл деңгейінде, ақпараттың айқындылығы орташа есеппен 4,27 балға ие болды: «*интернетте ешқандай нақты әрі түсінікті ақпарат таба алмадым*», «*шынайы ақпаратқа қол жеткізу қиын*».

«Бізде барлық ақпараттар сайтта көрсетілген, ақпаратқа еркін қол жеткізуге болады. Құжаттарды тапсыруға, құжаттарды жинауға, құжаттар тізіміне, тілдік тестілерге дайындалу, әңгімелесуден өтуге қатысты барлық ақпараттар бар – барлық материалдар презентация түрінде, мәтіндік құжат түрінде сайтта берілген. Сондай-ақ Академияға оқуға түскісі келетін үміткерлермен бірнеше мәрте кездесулер өткіздік. Фейсбукте Академия парақшасында кездесулерді көрсеттік, яғни осы кездесулерге қатыса алмаған үміткерлерге мүмкіндік бердік» (Қызметті ұсынушы).

10-диаграмма. Мемлекеттік басқару академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыру процесін жоғары бағалаған сұхбаткерлердің үлесі тек 50%-ды ғана құрады, орташа алғанда осы аспект бойынша қызмет сапасын 4,42 балмен бағалады. Мемқызметтердің стандартында құжаттарды тек Мемлекеттік басқару академиясы ғана арқылы беруге болады деп көрсетілген, бірақ сараптамалық сұхбат алу кезінде «*www.e-kyzmet.kz*» порталы арқылы электрондық түрде құжаттарды тапсырудың баламасы бар екендігі анықталды. Осы қызметке құжаттарды жинау және тапсыру процесі кірмейтіндігін айта кеткен жөн.

Қызмет көрсету мерзімдері сұхбаткерлердің 47,9%-ын (4,35 балл) қанағаттандырады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту кезінде меморган қызметкерлері қызмет алушылар тарапынан төмен баға алды. Сұхбаткерлердің жартысына жуығы қызметкерлердің біліктілігін, жұмыс істеу шапшаңдығын, әдептілігін 5 баллмен бағалады. Меморган қызметкерлерінің жұмыс істеу шапшаңдығы орташа 4,50 балға ие болса, біліктілік – 4,44 балл. Меморган қызметкерлерінің әдептілігі мен кәсіпқойлығы бұл көрсеткіштен төмен – 4,35 балл.

Зерттеуге қатысушылар осы қызмет түрі бойынша қызмет көрсету сапасына шағымдану немесе бейресми сыйлық беру оқиғасын белгілемеген. Осы қызмет түрі бойынша қызмет ұсынушыға деген сенімділік 74,5% немесе 4,74 балл деңгейінде байқалады.

Қызмет ұсынушылардың сөзіне қарағанда сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Барлық процедура ашық түрде өтеді. *«Мүлде жоқ деп айтуға болады. Ағылшын тілі бойынша тестілеу Британ кеңесінде өтеді. Академия қызметкерлерінің ағылшын тілі бойынша тестілеу процедурасының нәтижелеріне еш қатысы жоқ. Тестілеу Мемлекеттік қызмет басқармасының ұлттық орталық базасында жүргізіледі. Бетпелі тілдесу кезінде үкіметтік емес ұйымдарының, БАҚ, жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдарының, Президент әкімшілігінің өкілдерінен тұратын емтихан алатын комиссия құрылады».*

Осы қызмет бойынша зерттеуді іріктеу кезінде ер адамдар үлесі басым түсіп, 64,6%-ды құрады. Дегенмен МҚІСЖҚІА қызметін басқа қызметтермен салыстырғанда әйел адамдардың қанағаттануы жоғары – 70,6%, ал ер адамдардың қанағаттануы 64,5%-ды құрады. Жас шамасы үлкейген сайын осы қызметпен қанағаттанушылықта арта түседі.

3428-кесте. Жас шамасына қарай қызметпен қанағаттанушылығы, Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби бағдарламалар бойынша білім беру

Жас шамасы	Қызметті 5 баллмен бағалаған сұхбаткерлердің үлесі, %	Сұхбаткерлер саны, N
22-29	36,4	11
30-39	75,0	32
40-49	80,0	5

Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша қызметтерді алу кезінде қанағаттанушылыққа көп ықпал еткен қызмет сапасының аспектілері:

- ✓ Мені осы қызметке қатысты ақпараттардың қолжетімділігі мен ашықтығы қанағаттандырады;
- ✓ Мені қызметкердің әдептілігі мен кәсіби әдебі қанағаттандырды;
- ✓ Жас шамасы;
- ✓ Мені қызмет туралы алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы қанағаттандырды.

МҚІСЖҚІА қызметтері бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қоғамдық мониторингі жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі көрсететін үш қызмет бойынша атқарылды:

- Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу;
- ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту.


Мемқызметкерлерін тестілеу берілген қызметтер ішінде жаппай қолданылады – 238 адамға сауалнама жүргізілді, МҚІСЖҚІА басқа қызметтері бойынша 100 және 48 адам. Сайып келгенде, МҚІСЖҚІА іріктемесі 386 қызмет алушыны құрады.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту қызметі бойынша қанағаттанушылықтың жоғары деңгейі байқалады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту қызметі бойынша қызметті алушылар аз қанағаттанушылық танытты.

35-кесте. МҚІСЖҚІА қызметтерімен қанағаттанушылық

	Қанағаттанушылық		Сұхбаткерлер саны, N
	Қызметті 5 балмен бағалағандар	Орташа балл	
Мемлекеттік қызметкерлерді тестілеу	75,0%	4,69	238
Қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқыту	96,9%	4,97	100
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту	66,7%	4,65	48
МҚІСЖҚІА , барлығы	79,6%	4,76	386

11-диаграмма. МҚІСЖҚІА қызметтерімен қанағаттанушылық



Былтырғы жылдың нәтижелерімен салыстырғанда МҚІСЖҚІА қызметтерін алушылардың қанағаттанушылығы айтарлықтай арта түскен 57,4%-дан 79,6%-ға дейін (сәйкесінше 4,5 және 4,76 балл).

Демек, зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша МҚІСЖҚІА қызметтерінің сапасы арта түсті деген шешім шығаруға болады. Әсіресе ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы көрсететін қызмет бойынша.

МҚІСЖҚІА қызметкерлері қызмет алушылармен жұмыс істеу кезінде біліктілікке, шапшаңдыққа, әдептілікке көп көңіл бөлулері керек, Мемкорпорациясының қызметкерлерімен өте тығыз қарым-қатынаста болулары абзал. *Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу* қызметін алушылар үшін веб-портал арқылы құжаттарды беру алгоритмін қолжетімді әрі түсінікті етіп жасау.

Көрсетілетін қызмет жөнінде қызметкерлерді оқытудың тиімді әдістерін жасап, өз тәжірибелерімен басқа меморгандармен бөлісу.

Мемлекеттік қызметкерлердің қызмет алушылармен тілдесуі, мемқызметке үміткерлерді тестілеу кезінде меморган қызметкерлерінің әдептілігі мен кәсіпқойлығы туралы жақсы пікір қалыптастыра білу керек.

Қызмет көрсету мерзімдері мен құжаттарды беру процестері *Мемлекеттік қызметкерлерді тестілеу және Қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқыту* қызметтерін бағалау кезінде қызметті алушылар үшін өте маңызды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту қызметі бойынша қызмет сапасына ықпал ететін негізгі мәселелер қызмет алушылар үшін ақпаратты ұсынумен байланысты. Осы қызметтер бойынша Академия жұмысының ашықтығын, қызмет алушылардың хабардарлығын арттыру үшін шаралар қолдану керек. Оқыту бағдарламаларын жетілдіріп, алдыңғы технологияларды қолданған абзал. Жас шамасына байланысты қолданылатын тәсіл қызмет алушылардың қызметті қабылдауын, сонымен бірге қызмет берушінің әдептілігін, кәсіпқойлығын айтарлықтай жақсартып түсті.

8. Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: ҚР Қорғаныс министрлігі. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру: Мемлекеттік корпорация және www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәлімет болған кезде – 5 мин., ақпараттық жүйеде мәлімет болмаса – 1 күн.

Анықтама беру үшін ақпарат пен қажетті мәліметтер болмаған кезде мерзім 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұзартылады. Бұрынғы КСРО елдерінің мұрағаттарынан ақпарат алу қажет болған жағдайда кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны мерзімді ұзарту туралы 1 жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, анықтама беру мерзімі 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) немесе қағазда.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) немесе қағазда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру қызметі бойынша 246 адамнан жауап алынды, сұхбаткерлердің 67,9%-ы қызметпен қанағаттанған, орташа баға 4,58 балды құрады.

29-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	1,3%	,4%	5,0%	25,4%	67,9%
Сұхбаткерлердің саны, N	3	1	12	61	163

*6 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Сұхбаткерлердің 75%-ға жуығы қызметті Мемкорпорация арқылы алған болса, тек 1%-ы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы қол жеткізген. Сұхбаткерлердің пікірінше, ӘБЖО қарағанда (67,9%) ХҚКОда алынған қызмет сапасы (71%) жоғары.

30-кесте. Қызмет алынған орынмен қанағаттанушылық

Меморган		Мемкорпорация	
Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл	Орташа балл
67,9%	4,40	71,0%	4,64


Осы қызмет бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына сұхбаткерлердің 65,7%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,59 балды құрайды. Ақпараттың айқындылығымен сұхбаткердің 70,8%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,63 балды құрады.

Дегенмен, «ресепшнде бір ғана адам, кезек үлкен», «өз ісін білмейтін әрі әдепсіз қызметкерлер», «ақпарат алу үшін кезекте көп күттік» секілді наразылықтар бар.

«Күту мерзімі көп, 1,5 ай (неге екенін білмедім)» - қызмет алушыға оның жағдайында бұрынғы КСРО елдерінің мұрағаттарынан ақпараттар алу керектігін түсіндірмеген.

Көбісі ұсынылған қызметке разы: «Мен еш қиындықсыз әскери билетті растау туралы анықтаманы алдым», «Ешқандай қиындық жоқ», «Мен әскери қызмет туралы анықтама алу үшін бардым. Мен өзімдікін жоғалтып алып едім. Құжаттарды көтеріп, анықтама берді».

12-диаграмма. Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Сұхбаткерлердің 71,7%-ы құжаттарды жинау мен өткізу процесі қарапайым әрі түсінікті болғанына қанағаттанған, орташа баға 4,65 балды құрады. Қызмет көрсету мерзімдеріне сұхбаткерлердің 68,3%-ы қанағаттанды, орташа баға 4,54 балды құрады.

Дегенмен, осындай жақсы көрсеткіштерге қарамастан, мынадай қиындықтар кездеседі: «ХҚКО біліксіз қызметкері әскери комиссариатқа бару керек деді, ал әскери комиссариатта анықтаманы ХҚКО жасайды деді», «Қосымша кеңесшілер керек», «Құжаттарды ұзақ қарастырады», «Түсінікті емес, нақты ештеңе айтпайды», «Бағдарламалар тоқтап қалады», «Сервердің жұмыс істеу жылдамдығы баяу», «Қашан қарасаң да база үнемі істемей тұрады», «Үлкен кезек, кезекте тұруға шамам жоқ».

Осы қызмет түрін алу барысында зал қолайсыз (6,9%), отыратын орындар жеткіліксіз (11,4%), электрондық кезектің болмауы (8,5%), қапырық зал (7,3%), дәретхана жоқ (8,5%) деп көрсеткендердің үлесі орташа көрсеткіштен жоғары.

«Дәретхана адам кірәсіз, лас», «Отыратын орындар темір, ыңғайсыз», «Құжаттарды беру залдың кіре берісінде, қолайсыз орында орналасқан», «Дәлізге кондиционер орнату керек», «Техникалық жабдықтарды жақсарту керек».

Сұхбаткерлер қызметкерлердің біліктілігі (64,7%, 4,51 балл) мен шапшаңдығына (63,9%, 4,46 балл) қарағанда олардың әдептілігіне көбірек қанағаттанған (67,2%, 4,57 балл).

«Дәрекі сөйлейді, сауатсыз мамандар», «Растау туралы анықтаманы (өз қызмет орнымнан) алу үлкен қиындық туғызды», «Нашар қызмет көрсетеді, қарапайым анықтаманы алу үшін қаншама уақыт күттім», «Өте баяу, ұзақ қабылдайды. Жұмыс уақытында жеке басының мәселесі бойынша телефонмен сөйлеседі», «Өте баяу жұмыс істейді. Кейде тіпті қасында отырғаныңа мән де бермейді», «Шапшаң қимылдау керек, осыншама кезекті жинамау керек», «Бір терезеден екіншіге жіберді, негізінде оның барлығын бір терезеден алуға болады екен».

Шағымдану үлесі 3,3%-ды құрады, көбінесе ауызша түрде (2,4%) жүгінген. Оның жартысынан көбісі қарастырылған шағымның нәтижелеріне риза болды.

«Шағымданып көрмедім, шағымданбаймын да, одан ештеңе өзгермейді» - шағымдануға себеп бола тұра, қызмет алушылар жиі шағымданбайды.

Тамыр-таныстарын пайдалану, бейресми сыйақылар беру оқиғалары кездеседі (1,6% және 0,4%).

«Егер заңмен әрекет жасасақ, ешқандай сыбайлас жемқорлық болмайды», «Егер құжаттармен қиындық туындамаса, онда жемқорлыққа жол жоқ», «Біздің елде жемқорлық жойылмайды».

Сұхбаткерлердің 72,1%-ы қызмет ұсынушыға толығымен сенім артады, орташа баға 4,67 балды құрады. «Биыл мен зейнеткерлікті ресімдеу мақсатында анықтаманы алу үшін тұрғылықты мекен бойынша әскери комиссиаратқа жүгіндім. Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатынан мұндай бөлімше тіркелмеген деген жауап келді, сондықтан анықтама бере алмайды. Қайтадан өтініш беруді сұрады, еш нәтиже болмады, тағы сондай жауап алдық. ХҚКО жүгіну еш пайда бермейді, өйткені олар да осы тізбек бойынша сұрау салады».

ХҚКО қызмет алу кезінде туындаған қиындықтарға қарамастан, сұхбаткерлер қызмет сапасының барлық параметрлерін жоғары бағалады.

38-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,40	4,41	4,43	4,46	4,38	4,38	4,22	4,35	4,57
Мемкорпорация	4,64	4,65	4,70	4,71	4,59	4,56	4,54	4,65	4,70
Барлығы	4,58	4,59	4,63	4,65	4,54	4,51	4,46	4,57	4,67

Қызмет нәтижесіне мына параметрлер жиі әсер етеді:

- ✓ Мені қызмет туралы алынған ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы қанағаттандырды.
- ✓ Құжаттарды жинау және тапсыру процесі оңай әрі түсінікті;
- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Мені қызмет туралы алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы қанағаттандырды.

Қызмет алушыларға қызмет көрсету мерзімі неліктен ұзартылғанын түсіндіру керек.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Түрлі қызметтер бойынша ХҚКО бағытталған сөгістер айтылды, дегенмен осы қызмет түрін ХҚКО табыстау қызметпен қанағаттанушылыққа әкелді. Қызмет алушылар Мемкорпорацияда алынған қызметті жоғары бағалады.

Қызмет түрін «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алу әзірге кеңінен қолданысқа ие емес, осы зерттеу аясында сұхбаткерлердің басым бөлігі қызметті ХҚКО алған.

Қызмет алушының хабардарлығын арттыру, құжаттарды тапсыру процедурасын электрондық түрге ауыстыру, ХҚКО қызметкерлерін қызмет көрсету сапасын жақсартуға үйрету.

9. Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: ҚР Сыртқы істер министрлігі (СІМ). Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерімен көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру ҚР шетелдегі мекемелері арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімдері: ҚР азаматының паспортын ресімдеу – 120 күнтізбелік күн; балалардың ата-анасымен бірге шетелге баратын кезде 16 жасқа дейінгі балалар туралы жазбаны ата-аналардың паспорттарына енгізу, олардың фотосын жабыстыру – 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - шетелде тұрғылықты тұруға рұқсат алу жөнінде жазба енгізілген жеке тұлғаның паспорты.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет ақылы түрде ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу қызметі бойынша сұхбаткерлер жоғары деңгейде қанағаттанғаны көрінеді – 91,8%, орташа баға 4,90 балды құрады. 50 адамнан жауап алынды.

31-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	2,0%	6,1%	91,8%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	0	1	3	45


*Бір сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

«Елшінің жұмысына риза болдым, бәрі көңілімнен шықты, бәрі тамаша болды», «Қатты ұнады, паспортты ауыстырдым», «Елшінің жұмысына, жұмыс сапасына қатты риза болдым, нақты әрі түсінікті түрде түсіндірді», «Норвегиядағы ҚР елшілігіне жүгінген кезде ешқандай қиындық туындамады, барлығы жоғары деңгейде».

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығымен сұхбаткерлердің 80%-ы қанағаттанды, орташа баға 4,66 балды құрады. Сұхбаткерлердің 84%-ы ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына қанағат тұтады, орташа баға 4,76 балды құрады.

Алайда, мынадай қиыншылықтар орын алған: «Сайтта паспортты ауыстыруға қатысты ақпарат бар. Маған үш позиция да лайық болды. Осының салдарынан қандай құжаттарды өткізу керектігі түсініксіз болды», «Сайтта ақпараттарды қарадым, ескірген мәліметтер. Сайт жаңартылып отырмайтын секілді», «Өтініш білдірген кезде 4-6 ай күту керек деді. Әлсін-әлсін телефон соғып тұрдым, олар әзір дайын емес деді. Нәтижесінде олар менің паспортымды ұмытып кеткен, маған қажет мерзімнен ұзақ күтуге тура келді», «Елшіліктің ресми сайты болмағандықтан қиындықтар туындады, елшінің өз аузынан ақпарат алу үшін басқа қаладан келуге тура келді», «Елші бәрін түсінікті түрде түсіндіріп берді, барлығы көңілімнен шықты, интернетте ақпарат іздеу кезінде елшілік сайтында қиындықтар туындады», «Телефон арқылы берілетін кеңестер нақты емес», «Телефон соғу мүмкін емес».

13-диаграмма. Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу және олардың паспорттарына қажетті жазбалар енгізу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыру процесін сұхбаткерлер 4,8 балмен бағалады, сұхбаткерлердің 84%-ы оны оңай әрі түсінікті деп санайды. Сұхбаткерлердің 72%-ы қызмет көрсету мерзімдерімен қанағаттанады, орташа баға 4,56 балды құрады. Сұхбаткерлердің 73,5%-ы тиімді төлемге қанағаттанып отыр, орташа баға 4,61 балл.

«Анықтама алу, еңбек келісім шартын аудару кезінде қиындықтар туындады», «Бланктердің тапшылығы», «Жұмыс берушімен жұмысқа алу туралы орыс тілінде келісім шарт талап етілді, келісім шарт көлемі 5 бет болғандықтан, оны орыс тілінде ұсыну қиын әрі орыс тіліне аудару керек болды», «Артық қағаздарды көп сұрайды, құжаттар ескі, мысалы ата-ананың өлімі туралы анықтама», «Бәрі көңілімнен шықты. Біз зейнеткер болғандықтан көп құжат талап етіледі. Құжаттарды ауыстыру кезінде сотталғандығы туралы анықтаманы талап етті. Оны алып тастау керек. Біз зейнеткерміз ғой, қайдағы сотталған?», «Елшілікте қажет бланкілер болмады», «Тым көп құжат жинау керек, онымен қоса аудармасы керек, не үшін? Көп уақыт пен ақша керек. Аударма жұмыстары тым қымбат», «Елшілікте аудармашы жоқ. Өзімізге іздеуге тура келеді. Өз ақшама аударма жасаттым, әр сот растамасы үшін өзім төледім. Осы тұрғыдан елшілік көмектесуі керек», «Құжаттарды тапсырдық, кейін білгеніміздей, олар поштада үш айдай жүр екен, әлі күнге дейін күтіп отырмыз», «Тез жасап бергені қажет, қызметті қысқа уақыт аралығында жасап беруі үшін артық ақша төлер едім», «Қызмет көрсету мерзімдері қолайлы. Төлемді елшілікте жасаған дұрыс екен, әйтпесе банкті іздеп жүргенің, қалаға алғаш келуің болса, әуре сарсаңға салады», «Елшілікте қажет техникалар (ксерокс) және аудармашы жоқ», «Жұмыс істеу кестесі қолайсыз».

Кейбіреулеріне – «шамамен 3 ай күттім, көңілімнен шығады», ал басқалары үшін – «3 ай жасады, ұзақ ресімдеді».

Сұхбаткерлердің 92%-ы қызметкерлердің біліктілігіне қанағаттанған, орташа баға 4,86 балды құрады. Қызмет алушылардың 88%-ы қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығымен (4,86 балл) және 84%-ы қызметкерлердің әдептілігімен қанағаттанған (4,80 балл).

Осы қызмет түрі бойынша бейресми сыйақы беру байқалмайды, дегенмен тамыр-танысты пайдаланған бір оқиға орын алған (2%). Сұхбаткерлер меморганға үлкен сенім арта отырып, сенімділікті 4,9 балмен бағалап, 5 балды 89,8%-ы қойған.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Осы қызмет түрін алушылар қызмет ұсынатын меморган қызметкерлерінің біліктілігі мен шапшаңдығын айтарлықтай жоғары бағалайды. Мұның себебі ақпараттың қолжетімсіздігінен болар. Қызмет ұсынушының мүдделілігі, сауатты кеңес беру қызмет алушыға қызмет түрін жылдам алуға көмектеседі.

Сұхбаткерлердің пікірі бойынша талап етілетін құжаттар санын қысқарту керек. Сондай-ақ құжаттарды аударуға қатысты мәселені қарастырған жөн.

Осы қызмет түрін электрондық түрде алу қызметті айтарлықтай жеңілдетіп, мерзімді қысқартар еді. Кейбір қызмет алушылар қызметті жеделдету үшін қосымша төлем жасауға дайын. Төлемді елшіліктің өзінде жасайтындай етіп ұйымдастыру керек, бұл қызмет алушыға ыңғайлы болар еді.

10. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына кіруге шақыруды ресімдеу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: Сыртқы істер министрлігі. Мемлекеттік қызметті ұсыну үшін құжаттарды қабылдау мен нәтижелерді беру қызметті ұсынушы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: 5 жұмыс күні. Шақыруларды ресімдеудің негіздерін неғұрлым мұқият зерделеу қажет болған жағдайда, ҚР ҰҚК органдарының жазбаша сұрауы бойынша көрсетілген мерзім 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін, бұл кезде мерзімді ұзарту туралы жазбаша түрде қызмет алушыға хабарлама жіберіледі – 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: ресімделген шақырулар.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Қызмет құны мен төлеу тәртібі: тегін.

Зерттеудің негізгі нәтижелері


Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына кіруге шақыруды ресімдеу қызметі бойынша сұхбаткерлер ең жоғарғы баға – 5 балды берді, 100%-ға қанағаттану. 20 адамнан жауап алынды. Елшіліктер осы қызмет түрін алушылар болып табылады, бұл қызметті алу тәртібі бұрыннан дұрыс жолға қойылған. Сонымен қатар визаларды алу Көші-қон комитетіне табысталды, елшіліктер тек елшілерге, елшілікте жұмыс істейтін қызметкерлердің туыстарына визалық қолдау көрсетеді.

32-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	100,0%
Сұхбаткерлер саны, N	0	0	0	0	20

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына сұхбаткерлердің 80%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,8 балды құрайды: «*Бәріне қолжетімді*». Ақпараттың айқындылығы мен растығына сұхбаткерлердің 75%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,75 балды құрады. «*Түсініксіз ақпарат*».

14-диаграмма. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына кіруге шақыруды ресімдеу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыру процесімен, сонымен бірге қызмет көрсету мерзімімен сұхбаткерлердің 90%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,9 балды құрады. Бұл қызмет алушылар тарапынан қойылған ең жоғарғы баға. Көбісі қызметті алу барысында қиындықтардың болмағандығын көрсетеді «*аздап түсініспеушілік болды, кейін бәрін шешіп алдық*».

Қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығы мен әдептілігі сұхбаткерлердің 75%-ын қанағаттандырды, орташа баға 4,75 балды құрайды. Алайда, қызметкерлердің біліктілігі сұхбаткерлердің тек 55%-ын ғана қанағаттандырды, орташа баға 4,55 балды құрады.

Бейресми сыйақы беру, тамыр-таныстарды пайдалану оқиғалары болмаған.

Қызмет алушылардың пікірі бойынша сыбайлас жемқорлық пен әкімшілік кедергілерді болдырмау үшін «*электрондық жүйені енгізу керек*», «*бір терезе жүйесі қажет*».

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Осы қызмет түрін алу кеңінен қолданысқа ие емес, толықтай реттелген, ҚР-дағы елшіліктер оның алушылары болып табылады.

Осы қызмет бойынша меморган қызмет ұсынатын қызметкерлердің кәсіпқойлығына, біліктілігіне назар аудару керек. Егер қызметкерлердің біліктілігі қызмет алушылардың көңілінен шықса, онда ешқандай мәселе болмайды.

11. Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың артық (қате) төленген сомалары бар екендігі туралы растауды беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: Қаржы министрлігі.

Мемлекеттік қызметті ұсыну үшін өтініштерді қабылдау мен нәтижелерді беру қызмет берушінің кеңсесі және Мемкорпорациясы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың артық (қате) төленген сомалары бар екендігі туралы растауды беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы себептемелі бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Кедендік баждардың, салықтардың және кедендік алымдардың артық (қате) төленген сомалары бар екендігі туралы растауды беру қызметімен қанағаттану 78%-ды немесе орташа 4,76 балды құрайды – бұл бұқаралық қызметтер үшін айтарлықтай жоғары деңгей. Сауалнама 225 қызмет алушыны қамтыды.

33-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	,4%	1,3%	20,2%	78,0%
Сұхбаткерлер саны, N	0	1	3	45	174

*Екі сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

2017 жылдың шілде айынан бастап⁵ бұл қызметті Мемкорпорация ұсына бастады, зерттеу кезінде сұхбаткерлер арасында бұл қызмет түрі әлі де болса кең тарала қоймады (12,4%). Қызмет жақында ғана ХҚКО берілген, сондықтан ХҚКО білдірілген наразылықтар бар, дегенмен қызмет алушылар қызметті жоғары бағалады.

34-кесте. Қызмет алынған орынмен қанағаттанушылық

Меморган		Мемкорпорация	
Орташа балл	Қанағаттанушылық	Орташа балл	Қанағаттанушылық
75,9%	4,73	92,9%	4,93

35-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттар	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,73	4,63	4,62	4,73	4,56	4,61	4,59	4,68	4,75
Мемкорпорация	4,93	4,96	4,96	5,00	4,96	4,89	4,95	4,95	5,00
Барлығы	4,76	4,67	4,67	4,76	4,61	4,64	4,62	4,71	4,78

«Бәрі көңілімізден шықты, әсіресе салыстыру актісіне еш наразылық жоқ», «Бұл ұйымда біз бірнеше жыл қызмет алып келеміз, барлығы көңілге қонымды, қызмет көрсету сапасы өте жақсы», «Қызмет сапасымен толық қанағаттанамыз».

Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін сұхбаткерлердің 71,3%-ы 5 балға бағалаған (орташа 4,67 балл), ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығын – 72,8% (4,67 балл).

«Ақпаратты алу кезінде еш қиындық болмады», «Менің брокерім жақсы. Еш қиындық жоқ», «Дұрыс мәлімет бермейді, сонымен қоймай өздерінікін дұрыс деп дәлелдегілері

⁵ ҚР Қаржы министрінің 2017 жылғы 5 шілдедегі №418 бұйрығы

келеді», «Қызметкерлер толық ақпарат бермейді», «Тек Департамент қызметкерлері осы қызмет туралы біледі, ал басқалары дұрыс кеңес бере алмайды», «Жауапты хатты қабылдап алатын қыздардан емес инспектордан алғанды қалар едік».

Құжаттарды жинау, тапсыру процесін сұхбаткерлердің 77,7%-ы 5 балға бағалады (орташа 4,76 балл).

«Құжаттарды жинау, тапсыру кезінде еш қиындық болмады», «Қиындық туындамады», «Басқа өңірлер бойынша салыстыру актісін мүмкін емес – компания тіркелген жерден ғана алу керек», «Құжаттың дайын екендігін хабарлап отырса». «Құжаттар мерзімнен бұрын дайын болғандықтан СМС арқылы хабарласа».

135-диаграмма. Көдендік баждардың, салықтардың және көдендік алымдардың артық (қате) төленген сомалары бар екендігі туралы растауды беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызметті алу мерзімдерімен 69,6%-ы қанағаттанған «4,61 балл».

«Мен қызмет көрсету мерзімдерімен қанағаттанбаймын», «Бәрі көңілге жағымды, дегенмен мерзімдерді қысқартқан жөн, кейде анықтама қағазы тез керек болып жатады, бірақ ұзақ күтуге тура келеді», «Қызмет көрсету мерзімін 5 жұмыс күнге қысқартса», «3 күнге дейін қысқарту керек», «Салық органында берілетін салыстыруға ұқсас жасау керек, 1 күнге дейін қысқарту керек. Электрондық түрге ауысу қажет», «Қызметті тездету үшін ресми түрде төлем енгізу керек».

Қызметкерлердің әдептілігіне (66,8%, 4,64 балл) мен жұмыс істеу шапшаңдығына (67,9%, 4,62 балл) қарағанда қызметкерлердің әдептілігі жоғары бағаланады (74,5%, 4,71 балл). «Қызмет ұсынушы бұл жеке меншік емес, мемлекеттік мекеме екендігін есінен шығармаса екен».

Сұхбаткерлердің 2,7%-ы ауызша түрде шағымданған, оның тек біреуі ғана (0,4%) шағымдану нәтижесімен толық қанағаттанған.

Қызметпен қанағаттануға төмендегі көрсеткіштер көп ықпал етті (корреляциялық талдау нәтижелері бойынша):

- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Құжаттарды жинау және тапсыру процесі оңай әрі түсінікті
- ✓ Мені қызметкердің біліктілігі қанағаттандырды.

Сондықтан да осы бағыттағы жұмыстарға көп көңіл бөлген дұрыс.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Бұл қызмет бұқаралық қызметтер арасында қанағаттанудың жоғары деңгейіне ие. Қызметті ұсыну мерзімі – негізгі мәселе. Қызмет алушылар мерзімді 1 күнге дейін

қысқарту керек деп санайды. Қызмет алушыларға құжаттың дайын екендігі туралы хабарлама жіберуді қарастыру керек.

Қызметті Мемкорпорацияға табыстаған, дегенмен ХҚКО қызметкерлері қызметті қажет деңгейде ұсынуға дайын емес. Меморганға осы қызмет процедурасы бойынша Мемкорпорация қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға назар аудару керек.

Қызметті электрондық форматты ұсыну қажет, қызмет алушылардың пікірінше қызмет көрсету мерзімдерін қысқартқан дұрыс. Жеке есеп шоттарды қарап шығуды ашық, қолжетімді қылу керек, нәтижесінде қызмет ұсынушыға сенімділік арта түспек.

12. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет Министрліктің Мемлекеттік кіріс комитетінің аумақтық органдарымен облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында атқарылады.

Өтініштерді қабылдау мен нәтижелерді беру қызмет ұсынушының кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімдері: құжаттар топтамасын өткізгеннен бастап кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеу туралы өтінішті қызмет ұсынушы тіркегеннен кейін 1 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеу.

Қызмет құны мен төлеу тәртібі: қызмет тегін ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді қызметі бойынша қанағаттанған сұхбаткерлердің үлесі 80,4%-ды құрады, орташа баға – 4,74 балл, бұл бұқаралық қызметтер арасында айтарлықтай жоғары көрсеткіш. 232 сұхбаткерден жауап алынды.

36-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	,4%	5,3%	13,8%	80,4%
Сұхбаткерлер саны, N	0	1	12	31	181

*7 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттану деңгейі айтарлықтай төмен болып шықты: сұхбаткерлердің тек 68,6%-ы ғана қолжетімділікті «5»-ке бағалаған. Ең төмен бағалар Маңғыстау, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында алынды.

Ақпараттың айқындылығы мен шынайылығына сұхбаткерлердің **75,5%**-ы толық қанағаттанған. Қызмет алушылар қызмет туралы ақпаратты алу кезіндегі қиыншылықтарды атап көрсетті: «Үлгілер, стендтер жоқ», «Сайтта ақпараттар бар, бірақ оларды түсіну, талдау қиын», «Шартты бірлік ретінде қандай курсты қою керектігін білмедік: өтініш толтырған күндегі курс па, әлде тауар келген күндегі курсты ма?».

16-диаграмма. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді тіркеу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызмет көрсету мерзімдеріне қанағаттану деңгейі жоғары: жауап алынған сұхбаткерлердің 85,2%-ы оларды «өте жақсы» деп бағалап, 80,5%-ы құжаттарды жинау, өткізу процедурасымен толық қанағаттанған. Сұхбаткерлердің 3,4%-ы қызмет көрсету барысында олардан қайтадан қосымша құжаттарды талап еткендіктерін көрсетті, қызмет алушылардың тек 1,7%-ы құжаттарды өткізу үшін кезекте тұрғандарын көрсетсе, 4,0%-ы нәтижені алу үшін ережеде көрсетілген мерзімнен көп уақыт жұмсағандарын айтты. Өтініштерді толтыру кезінде қиындықтар туындаған, кейбір сұхбаткерлерге құжаттардың толық тізімі берілмеді, ал басқалары сервердің жұмысына шағым білдірді.

Сауалнамаға жауап бергендердің басым бөлігі қызмет ұсынушының қызмет көрсету сапасы туралы жақсы пікірлер білдірді. 80,0%-ы қызметкерлердің әдептілігін жоғары бағаласа, орташа баға 4,76 балды құрады. Қызметкерлердің біліктілігі аздап төмен бағаланған – 72,4%, қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығына сұхбаткерлердің 70,4%-ы қанағаттанған. Кейбір клиенттер *«клиенттерге деген қатынастардың дұрыс болмауына»*, *«қызметкерлер дәрежі, баяу қызмет етеді, дұрыс ақпаратты білмейді»* деген шағымдарды білдірді. Қызмет алушылар қосымша ескертулер ретінде *«Жұмыс кестесінің ыңғайсыздығын»*, *«Көлік қоятын орындардың жоқтығын»*, *«Пандустардың, лифтілердің болмауын»*, *«Алдын-ала жазылып қоюға болмайтындығын»* атап көрсетті.

Қызметпен қанағаттануға төмендегі көрсеткіштер көп ықпал етті (корреляциялық талдау нәтижелері бойынша):

- ✓ Мен қызмет алған жердегі қызмет ұсынушыға сенемін;
- ✓ Мен қызмет ұсыну мерзімдерімен қанағаттандым;
- ✓ Мені қызметкердің біліктілігі мен әдептілігі қанағаттандырды.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Осы қызмет түрі жаппай қолданылатын қызметтер арасында жоғарғы деңгейге ие.
- Бұл қызмет тауарларды кедендік тазартуға ілесіп атқарылады, әдетте брокерлер қажет ақпаратты меңгерген. Дегенмен, егер телефон арқылы, онлайн түрде кеңес беру жұмыстарын жүргізген кезде бұл қызмет алушылардың ақпараттылық деңгейін арттырады.

- Қызмет алушылар тарапынан қызмет ұсыну мерзімдері, қызметкерлердің әдептілігі мен кәсіби әдебі жақсы бағаларға ие болды. Дегенмен, осы бағыттағы жұмыстарға көңіл бөлу маңызды, себебі олар қызметпен қанағаттануға үлкен әсер етеді.

13. Тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық, ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігімен атқарылады. Өтініштерді қабылдау, нәтижелерді беру қызмет берушінің кеңсесі, Мемкорпорация және www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталдары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері: Мемлекеттік корпорацияға және порталға жүгінген кезде: Тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық, ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру - жұмыс күні; қайта рәсімделген лицензияны беру – 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызметті ұсынудың нәтижесі: лицензиялар беру, қайта рәсімделген лицензия.

Көрсетілген қызмет құны мен төлем ережесі: лицензиялық алым мөлшерлемесіне сәйкес ақылы түрде ұсынылады: тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық, ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру – 10 АЕК, лицензияны қайта рәсімдеу үшін – лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10%-ы, бірақ 4 АЕК аспау керек.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық, ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия беру қызметі өзгеше болып табылады, сондықтан тек 5 қызмет алушыдан жауап алынды, олар қызмет көрсету нәтижесімен толығымен қанағаттанған, олардың 100%-ы бұл қызмет түрін «өте жақсы» деп бағалады.

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттану деңгейін сұхбаткерлердің 100%-ы «5» деген бағамен бағалады.

Ақпараттың айқындылығы мен шынайылығына барлық қызмет алушылар 100%-ға қанағаттанды. Қызмет электрондық түрде ұсынылғандықтан, ешқандай қиындық туындамайды.

Қызметті ұсынуды бағалаудың барлық көрсеткіштері ең жоғары деңгейде көрсетілген. Тек құжаттарды жинау мен өткізу процесіне қызмет алушылардың 80%-ы ғана қанағаттанған, орташа баға 4,8 балл.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Қызмет онлайн түрде ұсынылады. Мұны қызмет алушылар жоғары бағалап отыр. Қызмет алу барысында ешқандай қиындық туындамаған.

14. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет Министрліктің экологиялық реттеу және бақылау комитетімен көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті ұсыну үшін құжаттарды қабылдау, нәтижелерді беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: лицензиялар (немесе) лицензияларға қосымшалар беру – 15 жұмыс күннен кешіктірілмеу керек, лицензияларды және (немесе) лицензия қосымшаларын қайта рәсімдеу - 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру немесе себептемелі жауап беру.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілген қызмет ақылы түрде ұсынылады. Лицензия беру – 50 АЕК, лицензияны қайта рәсімдеу үшін – лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10%-ы, бірақ 4 АЕК аспау керек. Лицензия қосымшасын беру және қайта рәсімдеу үшін лицензиялық алым алынбайды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру қызметін алушылардың 63%-ы қызметпен 5 баллмен қанағаттанған, орташа баға 4,52 балды құрады. Қызмет сирек қолданылады, сондықтан небәрі 27 қызмет алушыдан жауап алынды.

37-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	0,0%	11,1%	25,9%	63,0%
Сұхбаткерлер саны, N	0	0	3	7	17

Құжаттарды жинау және өткізу процесі оңай емес, сұхбаткерлердің жартысынан көбі 5 баллмен бағалады (55,6%, 4,48 балл).

Қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынылады. *«Алғаш рет бәрі қиын болады. Жан-жақты, толық нұсқау берілгеніне қарамастан, біз мамандардың көмегіне жүгіндік».*

Бар-жоғы үш құжат қажет: өтініш, түбіртектің көшірмесі және біліктілік талаптарына сәйкес келетіні туралы мәліметтер нысаны. Құжаттарды қабылдау кезінде (екі күн ішінде) олардың толықтығын тексеру барысында меморган мамандары қызмет алушыларға жылы шырай танытады: *«Жетіспейтін құжаттардың қалғанын жіберуге мүмкіндік береміз»* (қызмет ұсынушы).

Құжаттарды тапсырғаннан кейін аумақтық инспекциялар арқылы меморган ұсынылған құжаттардың растығын тексереді. Сондықтан *Құжаттарды жинау және тапсыру процесі* секілді қызмет сапасының аспектісі қызметпен қанағаттануда байқалады.

«Бізді шақырғаннан кейін барлық құжаттарды алып Аумақтық инспекцияға жеткіземіз. Біздің түсінгеніміз бойынша барлық мәселені Астана емес, Аумақтық инспекция шешеді». Стандартқа сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар:


- ✓ Бағытқа сәйкес жоғары білімнің сәйкес келуі;
- ✓ Қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс істеу тәжірибесі үш жылдан кем болмау керек;

- ✓ Аккредиттелген мамандандырылған зертханалар немесе аккредиттелген зертханалары бар ұйымдардың талдау жұмыстарын (қызметтерін) атқару туралы келісім-шарт;
- ✓ Қоршаған ортада эмиссия нормативтерін есептеу жөніндегі бағдарламалық кешен.

Қызмет алушыларда қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының болмауымен меморган ұшырасып тұрады. *«Қызмет алушылардың наразылық білдіру себептерінің бірі, бұл – аумақтық инспектордың меморганға жіберілген құжаттардың түпнұсқасын талап етуі»* (қызмет ұсынушы).

Қызмет көрсету мерзімдері сұхбаткерлердің 63%-ын қанағаттандырады. Қызмет алушылардың 57,9%-ы төлемді тиімді деп санаса, басқалары қолайсыз дейді. *«Қызмет көрсету мерзімі мен қызмет ақысы тиімді», «Мен қызмет көрсету мерзіміне және қызмет ақысына қанағаттанбаймын».*

147-диаграмма. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығымен қанағаттану 68%-ды құрайды (орташа 4,6 балл). *«Осы сайтты қолдандым «лицензия бөлімін таңдаймын), ақпарат қолжетімді әрі ашық», «e-gov сайты бұрыннан қолданамын, барлық ақпарат ашық әрі қолжетімді», «Ақпарат алу кезінде еш қиындық туындамады, бәрі түсінікті әрі анық».* Дегенмен, қызмет алушылар ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығын төмен бағалады – сұхбаткерлердің 51,2%-ы (4,46 балл).

Қызмет онлайн ұсынылатындықтан, қызметкерлерге қатысты сұрақтар қойылмады. *«Бәрі көңілімізден шығады», «Меморган қызметкерлері жақсы қызмет көрсетеді», «Бәрі жақсы».* Мынадай пікірлер де кездеседі: *«Қызметкерлердің қызмет ету сапасы көңілімнен шықпады», «Қызметкерлердің әдептілігі мен кәсіби әдебі мені қанағаттандырмады».*

Қызметке қол жеткізу үшін тамыр-таныстарын пайдалану, бейресми сыйақылар беру, шағым түсіру сұхбаткерлер арасында кездеспейді.

Сауалнама нәтижесі бойынша әкімшілік кедергілер бойынша түсініктемелер анықталмады. Дегенмен қызметпен қанағаттанушылыққа корреляциялық талдау жүргізудің нәтижесінде меморганға деген сенім, құжаттарды жинау мен өткізу процесі, қызмет көрсету мерзімдері жоғары екендігі байқалады.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Қызмет алушылардың қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін қызмет ұсынушыға деген сенімді арттыру бағытында жұмыстар жүргізу. Бұл көрсеткіш 63% деңгейінде. Бұл барлық қызметтер бойынша орташа көрсеткіштен төмен (71,3%).
- Қызмет алушы құжаттарды жинап, тапсыру кезінде қиындық тудырмау үшін қызмет алушыларға дұрыс ақпарат беруді арттыру керек.
- Талаптарда рұқсат беруді бақылау кезінде ұсынылған құжаттардың көшірмесін түпнұсқалармен растау керектігін белгілеу керек.
- Қызмет ұсыну мерзімдерін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.

15. Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет Білім және ғылым министрлігімен атқарылады. Мемлекеттік қызметке қол жеткізу үшін өтініш қабылдау және нәтижелерді беру <http://www.egov.kz/> (стандарт бойынша) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Негізінде қызмет веб-портал арқылы ұсынылмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 3 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру туралы жолдама.

Қызмет құны. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру қызметі бойынша толығымен қанағаттанғандар үлесі сұхбаткерлердің 69,6%-ын құрады, орташа баға 4,61 балға тең. Барлығы 239 сұхбаткерден жауап алынды.

38-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау


	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	,4%	1,8%	4,0%	24,2%	69,6%
Сұхбаткерлердің саны, N	1	4	9	55	158

*12 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру қызметі бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттану деңгейін сұхбаткерлер 4,63-ке бағалады (осы қызмет түрін «5»-ке бағалағандардың үлесі 71,4%).

Ақпараттың айқындылығы мен шынайылығына толығымен қанағаттанғандар үлесі 70,1% сұхбаткерді құрады. Стандартқа сәйкес ұсынылатын қызметті электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы алуға болатындығына қарамастан, жауап алынған барлық сұхбаткерлер қызметті қызмет ұсынушыдан алған. Терең мағыналы сұхбат жүргізудің нәтижесінде көптеген жоғары оқу орындарында жатақханадан орын алу үшін өтініштер ішкі порталдар арқылы беріледі. Электрондық үкімет арқылы өтініш беру жақын арада ғана енгізілгендіктен, жоғары оқу орындарымен әлі игерілмей жатыр.

158-диаграмма. Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру



Жауап алынған сұхбаткерлердің 68,9%-ы қызмет көрсету мерзімдеріне толық қанағаттанған және 68,9%-ы – құжаттарды жинау мен дайындауға көңілдері толады. Фокус-топтық сұхбаттарды жүргізу кезінде қызметті талқылау барысында қызмет оңай әрі қолжетімді екені айқындалды. Дегенмен, ең алдымен 1 курс студенттері үшін қызмет оңай әрі қолжетімді: *«Барлық 1 курс студенттеріне жатақхана 100% беріледі. Ал екінші курста жатақхана егер сен «қара тізімге» ілінбесең ғана беріледі». Ал 3-4 курстарға университет белсенділеріне, жеңілдік алушыларға ғана ұсынылады».*

Жоғары курс студенттеріне жатақханаға орналасу қиындық туғызады, себебі оларға қалдық принципі бойынша орын бөлінеді. Студенттердің айтуынша, жатақхана беру/бермеу туралы шешімді басшылық шешеді (мысалы, деканның орынбасары). Жатақхана бөлу үшін қандай да бір критерийлердің бар екендігін студенттер білмейді, фокус-топқа қатысушылар шешім субъективті түрде қабылданады деді.

Жауап алғандардың басым бөлігі қызмет ұсынушының қызмет көрсету сапасы жақсы деген пікірлер білдірді. 69,8%-ы қызметкерлердің әдептілігін жоғары бағалады, орташа баға 4,62 балды құрады. Жауап бергендердің 73,3%-ы әдептілікпен толық қанағаттанған, ал қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығымен – 72,1%-ы.

Студенттер шешімді күту кезіндегі ұзын кезектерге шағымданды. Бірінші курста көбісі қызмет көрсету стандартына сәйкес толық құжаттар топтамасын тапсырған, ал кейінгі курстарда құжаттар топтамасы тапсырылмады: *«деканның орынбасарына кіресің, саған қарап тұрып, жатақхана беретіндігін/бермейтіндігін айтып береді. Кезекте 3 сағат тұрып күттік. Маған берген жоқ. Орын жоқ деді. Менен кейін кірген балаларға берді. Менде ешқандай тәртіп бұзушылық болмаса да».*

Сауалнама жүргізу барысында сұхбаткерлердің тек 1%-ы ғана жемқорлық қауіпін көрсетті, алайда фокус-топ кезінде түрлі жоғары оқу орындарының студенттері осы қызмет түрінде жемқорлық қауіпі жоғары екендігін көрсетті: *«Иә, өкінішке орай, далада қалмауым үшін маған ақшалай сыйақы беруіме тура келді, мен студентпін, менің Алматы қаласында тұратын үйім жоқ, ата-анамның маған пәтер жалдап беретін мүмкіндіктері де жоқ. Пәтер жалдап тұру өте қымбат. Көптеген студенттер далада қалмаулары үшін сыйақылар беруге мәжбүр».*

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Жалпы жауап алынған сұхбаткерлердің басым бөлігі қызмет алу нәтижесі мен қызмет көрсету нәтижесіне риза.
- Дегенмен, сұхбаткерлер жатақханадағы орындардың жетіспеушілігінен сыбайлас жемқорлықтың деңгейі жоғары екендігін айтып отыр.
- Осыған байланысты жатақханада тұру үшін студенттерді іріктеудің нақты критерийлерін жасау керек, бұл критерийлер қолжетімді әрі ашық болғаны дұрыс.
- Қызмет түрі <http://www.egov.kz/> электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы толық ұсынылады.

16. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік 60 (алпыс) күн.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы (тегін) көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру қызметімен қанағаттану 53,8%-ды құрайды («балмен бағалады») немесе оны орташа 4,31 балмен бағалады. Қызмет түрі сирек қолданылатындықтан 14 сұхбаткерден жауап алынды, оның ішінде 12 заңды тұлға мен 2 жеке тұлға болды.

47-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	0,0%	23,1%	23,1%	53,8%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	0	3	3	7

*1 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

«Нәтижесінде неліктен бас тартқандықтары түсініксіз», «Министрлікте осы қорытындыға қарамайды да. Оларға бәрібір секілді», «Кейде сараптамамен келісеміз, кейде - жоқ», «Ескертуді дер кезінде өзгертуге үлгермедік, сондықтан қайта сараптамаға бердік, бізден бас тартты», «Еш қиындық болған жоқ», «Көп жыл бірге жұмыс істейміз, жұмысымыз жөнге салынған», «Еш қиындық жоқ, жолын біліп алғанбыз».

Сұхбаткерлер ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін жақсы бағалады – қанағаттану үлесі 5 балды құрады, 78,6% (4,71 балл). Ақпараттың айқындылығы мен шынайылығына қызмет алушылардың барлығы 85,7% қанағаттанушылық танытты (4,79 балл).

Дегенмен, қызмет алушылардың процедураны білмейтіндігі анықталды. Бұл тек бес жылда бір рет келетін жеке тұлғаларға ғана қатысты емес, заңды тұлғаларға да қатысты.


Құжаттарды жинау және өткізу процесін қызмет алушылар 4,64 балмен бағалады, қанағаттану деңгейі - 71,4%.

«Құжаттарды қағаз түрінде талап етеді. Электрондық түрде жіберуге де болады ғой», «Ескертулерді қағаз түрінде көрсетіп, пошта арқылы бізге Алматыға жібереді. Жөндеуге 30 күн беріледі, 3-5 күнді біз «Қазпошта» қызметтері үшін жоғалтамыз, ескертулерді электрондық форматта жібергені жақсы болар еді».

Қызмет көрсету мерзімдері сұхбаткерлердің көңілінен шықпайды, 64,3%-ы 5 балға бағалады (орташа 4,14 балл).

«Менің қызмет көрсету мерзімдеріне көңілім толмайды», «Ең аз дегенде 2 ай күттік. Бұл өте ұзақ. Осы үшін кешігеміз. Түзеткеннен кейін тағы ай күтеміз».

169-диаграмма. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулық басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызмет алушылар қызметкерлердің шапшаңдығын (91,7%, 4,92 балл), әдептілігі мен кәсіпқойлық әдебін (92,3%, 4,92 балл) жоғары бағалады. Меморган қызметкерлерінің біліктілігін қызмет алушылар төмен бағалады – 69,2%-ы 5 балмен бағалады (орташа 4,69 балл).

«Барлығы сарапшы қызметкерлерге байланысты», «Барлық оқулық үшін сараптама бір мезетте емес, жолдамалар бойынша жасалса екен. Жеке оқулықтар үшін нақты бөлім жауап берсе».

Қызмет ұсынушылардың 64,3%-ы сенімділікті 5 балмен бағалап, орташа 4,57 балды құрады.

Таныс арқылы, бейресми сыйақы арқылы қызметке қол жеткізу байқалмады.

Корреляциялық талдаудың нәтижелері бойынша қызметпен қанағаттануға қызмет ұсынушыға деген сенімділік, қызметкерлердің әдептілігі және қызмет көрсету мерзімдері үлкен ықпал етеді.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Қызметпен қанағаттанушылық барлық қызмет бойынша орташа көрсеткіштен төмен. Осы қызмет бойынша мерзімдер 60 күнді құрайды, меморган «ұсынылады», «ұсынылмайды»,

«түзету қажет» деген тұжырымдарды береді, сондықтан қызмет ұсынушының пікірі бойынша қанағаттану жоғары болуы мүмкін емес.

Қызмет алушының сеніміне кіру үшін сараптаманы өте сапалы жүргізген жөн. Қызмет алушылар үнемі ескертулермен келісе бермейді, алайда олармен санасуға тура келеді.

Қызмет алушылардың қанағаттанушылығымен өте тығыз қатынасқа ие қызмет сапасының екінші компоненті – бұл меморган қызметкерлерінің біліктілігі, олардың жұмысына сарапшының жұмысы мен оқу басылымдарының сараптамасы тәуелді. Оқу басылымдарына жүргізілетін сараптамалық жұмыстар ашық әрі айқын болуы тиіс. Сарапшыларды көрсету қажет емес, ал егер педагогикалық жұртшылықтың қатысуын жандандырса, бұл сараптама сапасын жақсартар еді. Сараптама қорытындысы да жұртшылықпен ұсынылуы тиіс. Жұртшылықтың бағалауы арқылы берілген ескертулер мен ұсыныстар бойынша кері байланысты алу маңызды.

Сараптама жүргізу мерзімінде жұмыс көлемін ескерген дұрыс болар.

17. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі көрсетеді. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап 20 жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік не осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағымен бекітілген жағдаймен негіздері бойынша қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі (3 АЕК).

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қызметі бойынша қанағаттанушылық 42,7% құрайды немесе орташа 4,22 балл. Жалпы қызметті жақсы бағалады, шамамен 85%-ы қызметті «4» және «5» деген бағамен бағалады. Бірақ тек 5 деген балл ескеріледі, нәтижесінде қызметтер рейтингінде 54 орынға ие болды. Осы қызмет түрі бойынша 232 қызмет алушыдан жауап алынды.

48-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	2,7%	0,0%	12,4%	42,2%	42,7%
Сұхбаткерлердің саны, N	6	0	28	95	96

*7 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттанған сұхбаткерлердің үлесі 40,1% құрайды, орташа баға 4,24 балға тең. Алынған ақпараттың айқындылығы мен шынайылығын 5 балмен 48,6% үлесінде бағалады (4,35 балл).

7-сурет. Меморган сайтында ұсынылатын қызметтер туралы ақпарат

По интересующим Вас вопросам в сфере государственной регистрации прав на произведения, охраняемые авторским правом, Вы можете обратиться по номеру: 8 (7172) 74-06-19

По интересующим Вас вопросам в сфере возбуждения исполнительного производства на основании исполнительного документа по заявлению взыскателя Вы можете обратиться по номеру: 8 (7172) 74-04-16

Государственные услуги

Әділет министрлігінің басқа қызметтерімен салыстырғанда **Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу** қызметі бойынша меморган сайтындағы басты бетте «Туындыларға құқықтарды тіркеу» баннері орналасқан, осы жерде қызмет туралы, өтініш беру үлгілеріне қатысты барлық қажет ақпараттарды табуға болады. Сонымен қатар сайтты ашқан кезде оң жақ төменгі бұрышта осы қызметке қатысты шығып тұратын байланыс терезесін бірден байқаймыз.

8-сурет. Меморган сайтында «Туындыларға құқықтарды тіркеу» баннеріндегі қызмет туралы ақпарат

www.adilet.gov.kz/ru/node/81789

Казakhstan-2050 Президент РК Парламент РК

О министерстве Проекты законов Гражданам Выступления Контакты

Главная

Регистрация прав на произведения живописи, скульптуры, графики, изобразительного и прикладного искусства

Опубликовано: 17 декабря 2014 - 13:52
Обновлено: 12 августа 2015 - 14:18

В соответствии с пунктом 7 статьи 9-1 Закона Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах» (далее – Закон) при регистрации прав на произведения живописи, скульптуры, графики, изобразительного и прикладного искусства представляются следующие документы:

заявление (В случае, если правообладателем прав на произведение является юридическое лицо, то необходимо представить заявление от правообладателя);
экземпляр произведения или изображение произведения в виде фотографий;
подробное описание произведения;

Департаменты юстиции и ведомства

119 позвони и получи бесплатно консультацию по правовым вопросам
также деп. юстиции Алматы бесплатно по номеру 58-00-58

КАНЦЕЛЯРИЯ
74-07-97, 74-09-54 (факс)
kanc@adilet.gov.kz

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ
+7 (7172) 74 09 62

Регистрация прав на произведения

Актуальные вопросы

- Какой порядок рассмотрения индивидуальных трудовых споров?

Государственные услуги

«Бізге телефон шалған кезде, кеңес беріп, Әділет министрлігінің сайтына кіріп, қарап шығуын айтамыз. Бұл рубриканы қызмет алушыға ыңғайлы болуы үшін, толық ақпаратқа қол жеткізу үшін жасадық. Әр жердегі Әділет департаменттері мұндай қызметті көрсетпейді. Өтініш берушілерге кеңес беріп, ақпаратты қайда алуға болатынын айту үшін аумақтық бөлімшелермен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, байланыс телефондары беріледі. Егер қандай да бір қиын сұрақ болса, мәселені шешіп, оларды қалай рәсімдеу керектігін анықтап, авторлық құқықты тіркеудің жолын көрсетеді (Қызмет ұсынушы).

Қызмет алушылардың басым бөлігі ақпарат алу кезінде қиындық туындамайтындығын көрсетті. Сонымен бірге теріс пікірлер де орын алды: «Кеңесшілер жетіспейді», «Қызметкерлер сауатты әрі уақытында дұрыс кеңес бере алмайды, әріптестеріне жібереді. Қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіпқойлық әдебін арттыру қажет», «Сайтта нақты ақпарат жоқ», «Сайтта қажет ақпаратты таба алмадық», «Call-орталықпен мәселе туындады, телефон соғу қиын», «Телефон арқылы кеңес бермейді», «Кері байланыс нашар».

Құжаттарды жинау және өткізу процесіне сұхбаткерлердің 41,7% разылық танытса (4,28 балл), қызметті ұсынудың қысқа мерзімімен – 36,7% (4,01 балл).

«Құнды құжаттар қолхатсыз пошта жәшігі арқылы тапсырылады», «Құжаттарды пошта арқылы жібереміз, олардың алғандығы туралы хабарлама жоқ», «Екі рет туындымды жібердім, еш жауап келмеді», «Құжат толтыру кезінде қиындықтар

кездесті», «Құжаттар жоғалып кетті, оларды жылдам қайта қалпына келтіру үшін таныстарды пайдаландым», «Пошта арқылы жауап келмеді, жауап алу үшін Әділет министрлігіне баруыма тура келді», «Құжаттың қай кезеңде қарастырылып жатқандығы белгісіз», «Жауап ала алмадым. Екі рет 2 туындыма жауап жоқ».

Қызмет ұсынушының пікірі бойынша *«Егер 4 жыл бұрын құжаттар жоғалып кететін оқиғалар орын алса, қазір ондай мәселелер жоқ. Пошта хабарламамен жіберіледі. Жіберу тіркеледі. Құжаттың жоғалысы, логистика қаланған. Егер пошта қызметкері атқарушыны таппаса, хат кері бізге қайтып келеді. Егер бізге телефон соқса, базамызды ашып, құжат қарастырылып, сізге куәлік берілгендігін айтамыз».*

Шағымдар 0,9%-ды құрайды: *«Министрлікке хат жолдадым, бірақ еш жауап алмадым», «Бірнеше рет телефон соқтым, теріс жауап алдым».*

Осы қызметті ұсыну мерзімдері 20 жұмыс күнін құрайды. Дегенмен, ұсынылған қызмет санына қарағанда қабылдамаулардың саны 50% құрайтындығын ескерсек, онда бұл мерзімдер арта түспек. «2016 жылдың 12 айы ішінде Министрлік зияткерлік меншік саласында 9172 мемлекеттік қызмет көрсеткен, оның ішінде Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу – 2633. Оның ішінде «Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету аясында 2016 жылдың 12 айы ішінде 1300 қызметті ұсынадан бас тартты. Бас тартудың себебі – ұсынылған құжаттардың толық болмауы, құқықты тіркеу үшін алымдар сәйкес келмейтін банк реквизиттерінде төленген («Авторлық құқық және аралас құқық туралы» ҚР Заңы 9-1 бап)⁶.

«Автор бізге өз туындысының экземпляры мен өтінішін жібереді, онда көрсетілген атаулар әртүрлі. Немесе туынды бір тілде ұсынылған, онда 3 тілде, өтініште тек бір тіл ғана көрсетілген»;

«Автор бізге өз құжатын жіберген кезде пайдаланылған еңбек авторларының келісімін немесе құқығын жіберу керектігін кейде ұмытып кетеді. Біз басқа автордың құқығын бұзбау үшін берілген рұқсаттың бар екендігін қараймыз»;

«Бізге өз құжаттарын жіберген кезде туындының экземплярларын ұмытып кетеді немесе музыкалық туындыны тіркеген кезде ол басқа автордың сөзіне жазады, тағы да келісім алуды ұмытып кетеді»;

«Өтініш беруші қызметке төлем жасау кезінде БИНді тексермейді. Астана қаласынан басқа Есіл ауданы Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында бар. Егер БИН дұрыс көрсетілмесе, біз құжатты кері қайтарамыз».

Қызмет алушылардың құрамы шығармашыл адамдар болғандықтан ерекше ілтипатты талап етеді: *«Біздің қызмет алушыларымыздың категориясы өте күрделі»* (Қызмет ұсынушы). Сондықтан осы қызмет бойынша сайттағы баннерде қызмет туралы мәлімет толық берілген. Дегенмен қызмет алушылар тарапынан кететін қателіктер жиі қайталанып тұрады.

Ескертулерді түзеген кезде қызмет алушы меморганға жүгініп, тіркеуді аяқтай алады, бұл орайда қайталап төлем жасау керек емес: *«Бас тартқан кезде біз өтініштен басқасын барлығын қайтарып береміз, өтініш іс қағаздарын жүргізуде қалады. Төлемді растайтын құжат та қайтарылады. Мүлдем тіркеу жүзеге аспаған жағдай өте сирек».*

⁶ Зияткерлік меншік құқығы департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің сапасына ішкі бақылау бойынша 2016 жылдың 12 айлық талдау анықтамасы, <http://www.adilet.gov.kz/ru/articles/analiticheskaya-spravka-kasatelno-kachestva-okazaniya-gosudarstvennyh-uslug-v-sfere>

20-диаграмма. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Меморган қызметкерлерінің әдептілігін 5 балға бағалағандардың үлесі 57,9% құрады немесе орташа 4,51 балл, қызметкерлердің біліктілігі (44,9%, 4,34 балл) және шапшаңдығы (49,2%, 4,41 балл) сұхбаткерлерді аз қанағаттандырды.

Сұхбаткерлердің жартысынан көбісі қызмет ұсынушыға сенім артады – 57,8% (4,46 балл). Қызметпен қанағаттануға қарағанда бұл аспект қызмет алушылармен 15%-ға жоғары бағаланды, зияткерлік меншік объектілерінің құқығын қорғауды жетілдіруге бағытталған шаралардың дұрыстығын растайды. Бірақ сенім деңгейі жалпы орташа көрсеткіштен айтарлықтай төмен.

«Біз Парламентке заң жобасын жасап, енгіздік. Ол келесі өзгерістерді болжайды. Біріншіден, тіркеудің жеңілдетілген, бір деңгейлі жүйесі енгізілетін болады. Тіркеу өкілеттігі «Ұлттық зияткерлік меншік институтына» берілетін болады. Екіншіден, тіркеу жөніндегі пікірталастарды сотқа дейін қарау мүмкіндіктерін кеңейту қарастырылады⁷».

Қазіргі таңда осы қызметті электрондық түрде ұсыну үшін дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ осы қызметті ұсыну мерзімі 20 жұмыс күннен 10 күнге дейін қысқартылатын болады.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

1. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қызметі өзінің ерекшелігіне байланысты 50% -дан төмен қанағаттанушылық деңгейіне қол жеткізді. Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша қызметпен қанағаттануға қызмет көрсету мерзімдері, қызмет ұсынушыға деген сенім және меморган қызметкерлерінің біліктілігі көп ықпал етті. Қызмет алушының қанағаттанушылығын арттыру үшін осы қызмет бойынша меморган қызметінде осы бағытқа көп көңіл бөлу керек.
2. Азаматтарды хабардар етудің түрлі тәсілдерін қолдану.
Добанева Марина Петровна	Участковый врач - психиатр	09.00-13.00
БАЙЗАКОВА ЗУЛЬФИЯ МУХТАРОВНА	Участковый врач - психиатр	09.00-12.36
СЫЗДИКОВА АЗИНА САРИЕВНА	Участковый врач - психиатр	13.00-16.00
ТОЙБАЕВ АРМАН УКСУКБАЕВИЧ	ДЕЖУРНЫЙ ВРАЧ	16.00-18.00
СТРЕЛЬНИКОВА АНАСТАСИЯ СЕРГЕЕВНА	ПСИХОЛОГ	09.00-17.00 13.00-14.00 обес
Симиничина Ирина Анатольевна	Специалист по социально-правовой помощи (дежурный врач - психиатр)	09.00 - 13.00 14.00 - 17.00
ПРОЦЕДУРНЫЙ КАБИНЕТ		09.00-16.00
КАССА		09.00-17.00 13.00-14.00 обес


Көкшетауда психиатрдың жұмыс кестесі көрсетілген стенд болды.

Құжаттармен ерекше қиындықтар жоқ (64,8%). Қызмет көрсету мерзімдерімен сұхбаткерлердің 60,7%-ы риза.

«Стандарт бойынша біздің мемқызметті ұсыну үшін үш сағат бөлінеді. Біз мұны одан да тезірек істейміз. Қазір алдын ала бір жарым сағатқа қысқартылды, неге бір жарым сағат, себебі дәрігерге бару, мұрағатты көтеру, қосымша зерттеу жүргізу. Ондайлар болып тұрады, бірақ сирек. Сондықтан біз мемқызметті ұсыну уақытын қысқарттық, әзірге үлгеріп жатырмыз» (қызмет ұсынушы).

Сұхбаткердің жартысы төлемді қолайлы деп санайды – 47,2%, орташа балл – 4.00. «Құпия сатып алушылар» халыққа қолжетімді, қымбат емес деп көрсетті.

47-диаграмма. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызмет алушылар қызметкерлердің біліктілігіне қызметтің басқа сапаларына қарағанда жақсы бағалады.

Әдептілік пен кәсіпқойлық әдепті 4,5 балмен бағалады немесе сұхбаткерлердің 61,5%-ы қызметпен қанағаттанған, шапшаңдық - 4,45 балл немесе қанағаттану - 56,6%.

11-сурет. Кезектер, Ақтөбе



Қызметті алу үшін ешқандай таныс керек емес. Алайда қызмет алушылар ұшырасатын басты мәселе - бұл үлкен кезектер. Кезекті күту кезінде ұрыстар орын алды: «Психоневрологиялық диспансерге барған кезім көңіліме қаяу түсірді. Анықтаманы номері 8-кабинетте берілді, кезекте шамамен 50-60 адам болды, дәрігердің өзі қабылдады. Қызметті кезексіз алу жағдайы ұрыс туғызды. Ұрыстан кейін 2 дәрігер қабылдай бастады». «Құпия сатып алушылар» көрсеткендей, қызмет сапасын үлкен кезектер төмендетеді.

«Қолайсыз жағдайларда жұмыс істейді», «Жұмыс жағдайын жақсарту» (Жамбыл облысы). «Талон беретін қызметкерлер көп болуы керек», «Терминалдар мен анықтама беретіндердің санын көбейту» (Қызылорда), «Ерекше ілтипат танытпады – компьютер алдында отырған әйел - көзқарасы мінсіз манекен секілді. Қашан біз бір-бірімізге күлімдеуді үйренеміз!!!» (ШҚО), «Анықтаманы мамандандырылған ХҚКО алғымыз келеді», «Қызметкерлер жауапты болғаны дұрыс. Кезек үлкен, оны реттеу керек. Тағы мамандар керек».

Сонымен қатар психдиспансерге келушілерге дәрігердің қабылдауында болу, кезекті күту жағдайы ыңғайсыз: «Дәрігер мен психологтың қабылдау кабинеті – ортақ. Бұл жерде кезек күтіп отырғандар отырады менің ойымша, дәрігердің қабылдауында 3-4 адам отырса өзінді біртүрлі сезінеді екенсін», «Ғимарат өте кішкентай, келушілерге жағдай жасалмаған. Тек орындықтар ғана. Кезекте тұрғанда дұрыс отыра да алмайсың, басқа адамдар кезексіз кіріп кетеді деп алаңдап тұрғанын». Бұл орайда мамандандырылған ХҚКО

келушілері ғимаратта кезекті күту жағдайлары жасалғанын (таза ауа, ыстық та емес, суық та емес) атап өтті, «Кассир баяу қызмет етеді, кезек пайда болады».

Мамандандырылған ХҚКОға жұмыспен келушілердің басым бөлігі риза болмады. Кейбір «құпия сатып алушылар» психиатрдың кабинетін бірден таппады, себебі ешқандай көрсеткіштер орнатылмаған, есіктерде дәрігер-психиатрдың жұмыс кестесі ілінбеген. Медициналық байқау кабинеттеріндегі мамандар жылжымалы кесте арқылы жұмыс істейді. Қызметкерлер кезекпен түскі үзіліске барады, бір дәрігер түскі үзілісте болса, басқасы қабылдап жатады. Психиатр кабинеті басқаларға қарағанда электрондық кезекке ие, Құпия сатып алушының кезегі келген кезде 13.00де түскі үзіліске (30 минутқа) жабылды. Түскі үзіліс кезінде талондар берілмегендіктен тірі кезек пайда болды. Кезекті күту қызмет сапасын төмендетті, стандартқа сәйкес – мамандандырылған ХҚКОда қызмет кестеге сәйкес үзіліссіз көрсетіледі.

Астанада Медициналық кабинеттің қызметі туралы ақпарат аз берілген тізім ілініп тұрды.


12-сурет. Медициналық тексеру кабинеті, Астана және дәрігерлер тізімі бар стенд



13-сурет. Төлем талонын алуға тұрған кезек



14-сурет. ХҚКО банктер және психиатр кабинетіне электрондық кезек



Төлемге кезекке тұрасың, электрондық кезек. Қандай банкке төлеу керек екені түсініксіз болды (Қазпоштада төлеу керек екен).

Барлық «құпия сатып алушылар» алған құжаттарда қате болмады деп көрсетті. «Құпия сатып алушының» ешқайсысы жемқорлықпен ұшыраспаған.

Қызмет ұсынушыға сұхбат кердің 63,1%-ы сенім артады екен, орташа 4,5 балға қанағаттанған. «Иә, менің ойымша ол жерде қауіп-қатер жоқ, өйткені бәрі тексеріліп отырады, бізде әрқайсысын тіркейтін журнал бар, оны кассадағы көрсеткішпен салыстырамыз, нәтижесінде сандар сәйкес келуі керек. Анықтамаға дәрігердің мөрі қойылады, демек дәрігер өзінің қойылған қолына өзі жауап береді, жемқорлыққа қатысты айтар болсам, ондай оқиға бізде болмады. Анықтамаларға қатысты бізде маңызды мәселелер туындаған жоқ».

«Бір мәселе тудыратын жағдай бар, ол егер адам бұрындары бізде есепте тұрса. Айталық ол басқа ауданға кетті, тіркеуден шықты, қазіргі кезде әлі тіркеуге алынбаған, біз оған тіркеуде тұрған жоқ деген анықтама береміз. Егер сен бізде бақылауда болып, бұрындары тіркеуде тұрсаң, әскери билетте әскерден біздің психиатрлық бап бойынша босатылған деген белгі болса, кейін медициналық тексерісті өту кезінде қиындықтар туындауы мүмкін деп түсіндіреміз. Медициналық тексерісті жүргізетін дәрігер осыған мән беріп, оны бізге қайтадан тексеруден өтуге жіберуі мүмкін, осындай жағдайлар орын алуы мүмкін. Алайда осының бәрі бірден түсіндіріледі» (қызмет ұсынушы).

ХҚКО қызмет көрсетуі туралы: «Дәрігер базадан оның бұрындары тексерістен өткенін көруі мүмкін, одан басқа дәрігерде ақпарат болмайды. Қандай жолмен ақпаратты алатыны бізге әлі түсініксіз. Ол кісіні бізден қызмет алу үшін өзімізге жіберетін шығар. Мүмкін солай болатын шығар. Осы жайында әзірге ештеңе айта алмаймын».

71-кесте. Қызмет алу орны бойынша қызметтер сапасының жекеленген аспектілерімен қанағаттанудың орташа балы

	Ұсынылатын қызметпен қанағаттану	Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы	Алынған ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы	Құжаттарды жинау және тапсыру процесі оңай әрі қарапайым	Қызмет көрсету мерзімдері	Қызметкердің біліктілігі	Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы	Қызметкердің әдептілігі	Қызмет ұсынушыға деген сенім
Меморган	4,43	4,46	4,49	4,60	4,37	4,53	4,38	4,41	4,46
Мемкорпорация	4,67	4,79	4,83	4,54	4,56	4,79	4,73	4,82	4,65
Барлығы	4,49	4,53	4,56	4,59	4,41	4,59	4,45	4,50	4,50

ХҚҚО арқылы алынған қызметтер балық параметрлер бойынша, әсіресе қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығы, әдептілігі және ақпарат сапасы жағынан жоғары бағаланады.

Осы қызмет бойынша қанағаттанушылыққа ең алдымен қызмет көрсету мерзімдері, қызметкердің әдептілігі мен жұмыс істеу шапшаңдығы ықпал етеді.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Қызметті алу барысында нақты қиындықтар жоқ. Кейбір өңірлердегі мамандандырылған ХҚҚОда медициналық кабинетті табу қиын. Егер ХҚҚО түскі үзіліссіз жұмыс істейтін болса, онда ХҚҚОда жұмыс істейтін басқа да ведомстволардың жұмысын үйлестіру керек. Егер дәрігерде түскі үзіліс уақыты қарастырылған болса, ол қызмет алушылар үшін көрсетілуі тиіс. Барлық жерде электрондық кезек кездесе бермейді.

Қызметкерлерді клиентке бағдарланған тәсілдерге, әдептілікке үйрету керек.

Кеңес берушілердің өздері қадамдық алгоритмді біліп, қызмет алушыларға түсіндіре білулері қажет.

44. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: ҚР Ұлттық экономика министрлігі.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: көтерме жәрдемақыны төлеу - 39 күнтізбелік күні, келісім жасау – 32 күнтізбелік күні, келісім жасалғаннан кейін қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну – 30 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижесі көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары болып табылады.

Қызметті ұсыну құны – қызмет тегін ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қызметі бойынша 233 адамнан жауап алынды, сұхбаткерлердің 68,4%-ы қызметпен қанағаттанған, орташа баға 4,63 балды құрады.

72-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Қызметкерлер үлесі	0,9%	0%	3,1%	27,6%	68,4%
Қызметкерлер саны, N	2	0	7	62	154


**8 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды*

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына сұхбаткерлердің 68,3%-ы қанағаттанған (4,62 балл), ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына сұхбаткерлердің 71,4%-ы риза (4,67 балл).

Құжаттарды жинау мен тапсыру процесін сұхбаткерлер 4,64 балмен бағалады немесе 68,2%-ы қанағаттанушылық танытып, оны оңай әрі түсінікті деп санайды. Тұтынушылардың 71,4%-ы қызмет көрсету мерзіміне риза, орташа баға 4,60 балға ие.

«Ақпарат жаңартылып тұрмайды, қате ақпарат көрсетіледі», «Тұрғын үйге несие алып, рәсімдеу үшін әкімнің қабылдауына бір жылдай бардым», «Үй бермеді, ата-анаммен бірге тұрамын», «Өте көп құжаттар жинау керек, көп уақыт кетеді», «Кезек, қате ақпарат».

48-диаграмма. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызметкерлердің жұмысы – қызмет сапасының негізгі компоненттерінің бірі. Қызметкерлер біліктілік, шапшаңдық, әдептілік және кәсіпқойлық әдеп бойынша бағаланды.

Қызметкерлердің біліктілігімен қанағаттану үлесі 78%-ды құрады. Қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығымен қанағаттану сұхбаткерлердің 65,8%-ына ие болды, ал қызметкерлердің әдептілігімен қанағаттану –73,6%. Сұхбаткерлер мамандарды *«сауатсыз», «жиі орындарында болмайды, отырмайды, күтуге тура келеді»* деп көрсетті.

Фокус-топтық сұхбаттасудың нәтижелері бойынша мұғалімдер былай деп көрсетті:

«Әкімдіктің немесе әкімдіктің басқа да бөлімшелерінің қызметкеріне жүгінген кезде біз үнемі сапалы әрі айқын ақпаратқа қол жеткізе бермейміз. Бұл мемқызметкердің өз ойларын, түпкілікті ақпаратты толық жеткізе алмауларымен байланысты. Бұл жерде мәселе - қарапайым адамға түсінікті тілде барлық ақпаратты дұрыстап жеткізе білуінде. Мемқызметкерлер сауатсыз».

Бейресми сыйақы берудің бір оқиғасы (0,4%) және тамыр-таныстарды пайдаланудың бес оқиғасы (2,1%) кездесті. *«Жас маманның жеке танысы болмаса, онда оған заң бойынша тиісті қызметті алу қиынға соғады».*

Қызмет алушылардың 79,47%-ы қызмет ұсынушыға сенім артады. Қызметті ұсыну кезінде осы қызметпен қанағаттануға қызмет ұсынушыға деген сеніммен қатар ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы, қызметкерлердің шапшаңдығы мен біліктілігі ықпал ететіндігін естен шығармау керек.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

45. Осы қызметке қатысты ауыл тұрғындарының хабардарлығын арттыру жұмыстарын жүргізу.
46. Осы қызметті алу кезіндегі барлық процедураны ашық, анық ету керек. Ол үшін барлық нысандарды, яғни Интернет ресурстарын, меморганның ресми веб-порталын, БАҚ қолдану керек.

45. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік орган: ҚР Білім және ғылым министрлігі.

Қызмет: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету (ПМПК)

Қызметті алушылар: жеке тұлғалар

Қызмет ұсыну орны: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету (ПМПК)

Қызмет көрсету мерзімі:

- 1) алдын ала жазылу журналында тіркелу – 15 минуттан көп емес;
- 2) қызмет ұсынушыға құжаттар топтамасын тапсырып, алғашқы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуден кейін – зерттеу қорытындысын күту – 30 күнтізбелік күні;
- 3) алғаш психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету, тексерістен өту – 1 сағат;
- 4) қызмет ұсынушыға қызмет алушы құжаттар топтамасын тапсырғаннан кейін күту уақыты – 15 минуттан көп емес.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны мен нәтижесі: қағаз түрінде.

Қызмет нәтижесі: білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтерді, білім беру бағдарламаларды көрсете отырып жазбаша түрінде қорытынды беру

Қызмет құны: тегін.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Осы қызмет бойынша 237 қызмет алушылардан жауап алынды.

Сауалнама нәтижесі бойынша сұхбаткерлердің 64,8%-ы қызмет нәтижесін алумен толық қанағаттанған. Қызметпен қанағаттанудың орташа балы - 4,39. 2016 жылғы нәтижелермен салыстырғанда қызмет нәтижесімен қанағаттану 11 пайызға төмендеген, сондықтан орташа балда 4,63 деңгейден 4,39-ге төмендеген.

73-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	3,5%	4,0%	7,5%	20,3%	64,8%
Сұхбаткерлер саны, N	8	9	17	46	147

*10 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Тұтынушылар үшін қызмет түсінікті болуы үшін жақсы қолжетімді ақпарат қажет. Зерттеу нәтижесі бойынша қарастырылып отырған компоненттің әлсіз тұсына айқын әрі дұрыс ақпаратты ұсыну жатады, қанағаттану 59,7% деңгейінде, орташа балы 4,29. Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын сұхбаткерлердің 63,6%-ы шамалы жақсы бағалаған, орташа балл - 4,40.


Сандық нәтижелер сұхбаткерлердің сапалы жауаптарын растайды, мұнда ақпараттың қолжетімділігіне, түсініктілігіне, шынайылығына, толықтығына қатысты теріс пікірлер айтылды:

«Түзету сыныптары бар мектеп тізімдері туралы ашық ақпарат жоқ. Біздің елде мүгедектердің құқықтары білуі үшін барлық ақпаратты анығын айтқызып, әрең

дегенде көндіріп аласың. Біздің елдегі ПМПК мүгедек балаларға көмек ретінде емес, жөндеттер секілді» (қызмет алушылармен ФТС)

«Құжаттар тізімі, оларды алу процедуралары туралы ақпаратты интернетте орналастыру. Осы қызмет бойынша арнайы сайттар болған», «Телефон соғу мүмкін болмағандықтан телефон арқылы ақпаратқа қол жеткізу мүмкін емес», «Алдын ала жазылу жоқ», «Колл орталық 1414– ақпаратты алу үшін ұзақ күту керек», «Ата-аналарға балаларды тәрбиелеуге, күтуге қатысты машықтарға үйрету бойынша кеңес ретінде берілетін ақпарат жетіспейді», «Мен ауданнан келдім, маған келместен бұрын, алдымен телефон арқылы жазылу керек деді», «Ұсынылатын қызметтер туралы, қызметтердің шарттары, мектепке немесе балабақшаға алу критерийлері туралы ақпараттар жоқ», «Біздің проблема бойынша кімге жүгінуді білмейміз. Кеңес алуға кезек: 3 айға жуық күттік, кері байланыс жоқ, колорталыққа қоңырау шалдық, телефонды көтермейді», «Консультацияны тез береді. Құжаттар топтамасы туралы толық ақпаратты жазуға да үлгермейсің», «Ақпарат, кері байланыс және кеңес беретін адамдар мүлдем жоқ».

49-диаграмма. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыруға көңіл бөлу керек, қызметтің осы компонентін бағалаудың орташа балы – 4,57 немесе қанағаттанған қызмет алушылардың үлесі – 69,5%.

Сұхбаткерлердің пікірлерін талдай отырып, негізінде құжаттар тізіміне наразылық жоқ екені анықталды. Әлеуметтік қорғау органы мен медициналық мекемелерден құжаттарды жинау кезінде қиындық туындайды, себебі медмекемелерде жиі қателіктер болады. Медмекемелерде дәрігерлердің болмауы, дәрігердің қабылдауын ұзақ күту қиындықтар туғызады. Сонымен қатар құжаттарға қатысты мәселелер ПМПК қызметкерлерінің қате берген ақпараттардың салдарынан туындайды.

Мәселелерді түсіну үшін сұхбаткерлердің пікірлері ұсынылады:

«Құжаттар қате ресімделген, осыған байланысты қайта қайтып келуімізге тура келді», «Құжаттарды бірнеше рет өзгертті, сол үшін бірнеше рет жазылыпты, өз кезегімізді күтуге тура келді», «Алдында қате ақпарат берілгендіктен, біз толық құжаттармен келмедік. Осының салдарынан ұзын сонар кезекке тұруға тура келді».

Қызметкер – қызмет сапасының негізгі бөлігі, қызмет алушылар жауап берген сауалнама нәтижесі бойынша сапаның осы компоненті төмен баға алуы маңызды мамандар мәселесі бар екендігін білдіреді.

Қызметкерлердің біліктілік, шапшаңдық, әдептілік параметрлері бойынша әдептілік салыстырмалы түрде жоғары бағаға ие болды – 4,46 балл және қызметкерлердің осы қасиетін «өте жақсы» деп бағалағандардың үлесі - 67%. Біліктілік орташа 4,44 балмен бағаланып, бірақ 5 балмен бағалағандардың үлесі 1,2 пайызға төмен болды (65,8%).

Қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығы нашар бөлім болып табылады, орташа балл - 4,38, қанағаттанушылық - 59,9% деңгейінде. Бұл осы қызмет бойынша өте төмен көрсеткіштердің бірі.

Сұхбаткерлердің пікірлерінен:

«Емтиханға келгендей келесің. 15 минут ішінде бірдеңе айтып үлгересің, үлгермесең боссың. Аса қызығушылық жоқ. Тіпті мәселеңді айтуға мүмкіндік бермейді. Үлгергенше айтып шығуың керек. Бала байланысқа шығады ма, балада қайталана беретін қозғалыстар, дыбыстар бар ма деп сұрамайды да, қарамайды да. Ата-ананың тәжірибесі жоқ қой, ол қандай мәселенің бар екенін байқамауы мүмкін. Мәселенің анық-қанығын анықтап алмай жатып, бәріне сөйлеу жүйкесінің дамымай тұрып қалуы деген диагнозды қояды», «ПМПК қызметкерлерінің қарым-қатынасы адамды моралды жеп қояды. Ешқандай қызығушылық танытпайды», «Комиссия немқұрайлы қарайды, тыңдамайды. Бұл процедураға барудың қажеті жоқ деп санаймын, қаншама уақыт пен қағазды шығындаймыз», «Баланың психикасын бұзуға, басуға болмайды. Бала бейтаныс адамдарды көріп, мазасызданады, ал оған бірден тест, тапсырмалар береді, ойлануға уақыт та бермейді. Асығып отырады, себебі коридорда кезек үлкен!», «Ата-ананы тыңдау керек, біз баланы жақсы білеміз, оны тыныштандыра аламыз, жұмыс істеуге бағдарлай аламыз!»

Қызметті алу мерзімімен қанағаттану 62,7%-ды, орташа балл 4,40 құрайды.

Құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтуге шамамен 16 минут жұмсалды.

Қызметті алу кезінде кезекте күтудің орташа уақыты – 16 минут.

Сұхбаткерлердің көбісін қызметті алу кезінде күту жағдайы қанағаттандырмайды. 15,6%-ы күту залында/дәлізде отыратын орындар аз деп көрсетті, ал 16,5%-ы электрондық кезектің жоқтығын айтты, 10,5%-ы бланкілерді толтыруға арналған үстелдердің жоқтығына наразы, 8,4%-ы күту залындағы қапырықты айтты, 2,5%-ы келушілерге арналған әжетхананың жоқтығын алға тартты.

Сұхбаткерлердің қызметке қатысты, қызметтің сапасын құрайтын түрлі компоненттерге көптеген наразылық пікірлерінің барына қарамастан, қызмет алушылар мамандарға деген сенімділік деңгейінің жоғары екендіктерін білдірді – 4,55 балл, қызмет ұсынушыға толық сенім білдіретіндердің үлесі – 71,9%.

Осы қызметке қатысты шағым түсіргендердің үлесі 1,7%, оның 1,3%-ы аталған қызметке ауызша түрде шағым түсірсе, 0,4%-ы жазбаша түрде шағымданған. Дегенмен, сауалнама кезінде наразылық танытқан пікірлер көп болса да, қызмет алушылардың басым бөлігі шағым түсірмеген. Шағымдану тәжірибесі нашар дамыған.

Сонымен, қызметпен қанағаттанушылыққа ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы, мамандардың біліктілігі мен жұмыс істеу шапшаңдығы көп ықпал етеді, ата-аналардың пікірінше, бала өзінің даму динамикасын көрсетіп, оларға үйреніп кетуіне мүмкіндік бермейді, баланың мұқтаждығы көрсетілген дұрыс қорытынды бермейді.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Ата-аналарға арналған ақпарат, кеңес алу мүмкіндіктерін кеңейту. Барлық ПМПК өз сайттарын құрып, онда барлық ақпараттарды, ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқауларды, сұрақтар мен жауаптарды ұсынса. Сонымен қатар осы сайтта «кері

байланыс» рубрикасы қажет, мұнда күрделі сұрақтарды талқылап, қызмет ұсынушыдан ұсыныстар, кеңестер алынса.

- Ведомствоаралық өзара әрекеттестікті арттыру. ата-аналар әр тексерілуден өтер алдында барлық құжаттарды жинау үшін мекемелерге қайта барудың алдын алу үшін мектептерден, медициналық мекемелерден және басқа ұйымдардан алынатын барлық анықтамаларды, құжаттарды «электрондық құжат айналымы» форматында жасау.
- Колл орталықтың 1414 жұмысын ретке келтіру, сұратуға байланысты құзыретті органға қайта адрестеуді енгізу.
- Кезектің қозғалысын бақылау мүмкіндігі бар электрондық түрде консультацияға алдын ала жазылуды ұйымдастыру.
- Шағын қалаларды, аудандық орталықтарды қамтитын ПМПК желісін кеңейту.
- Қызмет алу кезіндегі физикалық кедергілерді мүмкіндігінше азайту: пандустарды салу, ПМПК ғимараттың бірінші қабатында орналастыру, кіретін есігін жеке болуы тиіс, балалардың мүгедек арбасында қозғалуына ыңғайлы болуы, табалдырықтарды төмендету, артық баспалдақтарды мүмкіндігінше жою, зағип балаларға қолайлы жағдай жасау.
- ПМПК қызметкерлерімен клиентке бағдарлану жұмысын жүргізу, бұл қызмет алушының қанағаттану деңгейіне жақсы ықпал ететін болады.

46. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытындарға жатақхана беру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет ҚР Білім және ғылым министрлігімен ұсынылады. Мемлекеттік қызметті ұсынуға өтініштерді қабылдау мен нәтижелерді беру қызмет ұсынушының кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: 10 жұмыс күні (заңмен қарастырылмаған, Білім туралы ҚР заңының 9-бабының 47 тармағында қарастырылған мерзімге сүйене отырып құжаттар топтамасын тапсыру).

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижесі – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытындарға жатақхана беру туралы жолдама

Мемлекеттік қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет тегін ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытындарға жатақхана беру қызметі бойынша нәтижелермен қанағаттану үлесі сұхбаткерлердің 71,1%-ын құрайды, орташа баға 4,67 балл. Осы қызмет бойынша 241 сұхбаткерден жауап алынды.

74-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0%	0,4%	3,1%	25,4%	71,1%
Сұхбаткерлер саны, N	0	1	7	58	162

*13 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы бойынша сұхбаткерлердің 69,4%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,68 балды құрады. Ақпараттың айқындылығы мен дұрыстық параметрлері бойынша қызмет алушылар қызметті 4,58 балмен бағалады, тек сұхбаткерлердің 60,2%-ы қызметпен 5 балға қанағаттанған. 241 сұхбаткердің ішінен шамамен 65-66%-ы ақпаратты толық алғандарын және бәрі көңілдерінен


шығатындықтарын айтты: «Ақпарат алу кезінде қиындықтар болмады», «Қызмет алу барысында еш қиындық болмады».

Қызметті алуға қатысты ақпараттың қолжетімділігіне сұхбаткерлердің басым бөлігінің көңілі тола бермейді: «Басында мекен жай туралы анықтаманы ұсыну керек деп айтпады», «Колледж қызметкерлерінің көбісі қажет құжаттардың тізімін айта алмады».

Қызметкерлер «жұмыс кестесіне сай жұмыс істемейді, құжаттарды қабылдау сағат 9-дан, қабылдауды сағат 10-нан бастады», сондай-ақ «Жұмыс кестесі ыңғайсыз» деген шағымдар да бар.

Осы қызметті бағалауға түпкі нәтиже – жатақханадан бөлме алу ықпал етті. Сондай-ақ мынадай шағымдар да кездесті: «Бөлмені төменгі қабаттан алу үшін вахтермен келісу қиын болды, денсаулығымда кінәрат бар, баламның аяғы ауырады».

50-диаграмма. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытындарға жатақхана беру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыру процедурасы бойынша қанағаттану деңгейі 62,9%-ды, ал орташа баға 4,6 балды құрады. «Еш қиындық болмады, құжаттарды тез жинап, тапсырдым», «ешқандай мәселе жоқ, бәрі уақытында, уәде еткендей жатақхана берілді». Сұхбаткерлердің 27%-ға жуығы құжаттарды жинау мәселесімен ұшырасты, оның көбісі «Құжаттарды басқа ұйымдардан жинайсың, уақыт кетеді», «Басқа мекемелерден құжаттарды жинау кезінде уақыт жоғалтамыз».

Сауалнама нәтижесінде қызмет ұсынушыға толық сенім білдіретін сұхбаткерлердің үлесі - 75,3%, орташа баға 4,73 балды құрады. Сұхбаткерлердің 60,2%-ы қызметкерлердің біліктілігіне қанағаттанған (орташа 4,56 балл). Қызметкердің жұмыс істеу шапшаңдығына (56,7%, 4,51 балл), әдептілігіне (56%, 4,50 балл) қарағанда біліктілік жоғары бағаланып отыр.

Сұхбаткерлердің шамамен 19-20%-ы былай деп көрсетті: «Әдепті болғандары дұрыс», «Студенттермен жұмыс істеуді үйрету», «Қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдықтарын арттыру». Қызмет алушылардың басым бөлігі үшін: «Осы қызмет бойынша қызмет көрсету сапасы қанағаттанарлық», «Барлығы көңілімнен шығады, ұсыныс-тілек жоқ» және т.б.

Қызмет көрсету сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар бар: «вахтерға емес, колледж директорына немесе әкімшілігіне осы сұрақты шешу құқығын беру. Вахтерлер

қайырымсыз, төзімділік танытпайды, әдептілік көрсетпейді», «Жиі қойылатын сұрақтар бойынша қызметкерлерді дайындау», «Қызметкерлер санын арттыру».

Бейресми сыйақы беру жағдайы 0,4%-ды құрайды, жеке тамыр-таныстарын пайдалану – 1,2%, шағымдану – 0,4% (ауызша түрде).

Қызметпен қанағаттанушылыққа қызмет көрсету мерзімдері, құжаттарды жинау және тапсыру процесінің оңай әрі түсінікті болуы, сондай-ақ қызметкердің әдептілігі мен кәсіби әдебі ықпал етеді.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Жалпы сұрастырылған сұхбаткерлердің көпшілігі қызметтің алынған нәтижесімен, қанағаттанған, дегенмен қызмет көрсету сапасы төмен бағалап отыр. Клиентке бағдарлану тәсілі жетіспейді.
- Колледж сайтында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытандарға жатақхана беру қызметі бойынша кім, қайда, қашан, қандай мерзімде, қандай құжаттарды қабылдайтындығы туралы ақпараттарды орналастыру. Барлық процедура ашық, ақпарат қолжетімді болуы тиіс.

47. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет ҚР Әділет министрлігімен атқарылады. Мемлекеттік қызметті ұсыну үшін өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру балама түрінде облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қалалар, Астана мен Алматы қалаларында орналасқан жергілікті атқару органдарымен, ауыл, ауылдық округ әкімдері, КЕАҚ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемкорпорациясы арқылы жүзеге асырылады.

Мемқызметті ұсыну мерзімдері: құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап: қызмет ұсынушыға немесе Мемкорпорацияға – «АХАЖ» тіркеу пункті ақпараттық жүйесінде акт жазбаларының электрондық нұсқалары болған кезде – 7 жұмыс күні, басқа мемлекеттік органдарға сұратулар, қосымша зерттеу немесе тексерулер керек болса, қарастыру уақыты 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижесі: азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе мемқызметті көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін/ақылы түрде ұсынылады. Азаматтық хал актілеріндегі жазбаны қалпына келтіруге байланысты куәлік беру кезінде АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру қызметі бойынша қызметпен қанағаттанғандар үлесі 63,8%-ды құрады, орташа баға – 4,54 балл.


75-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,4%	0,4%	7,6%	27,7%	63,8%
Сұхбаткерлер саны, N	1	1	17	62	143

*2 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Құжаттарды жинау және тапсыру процесін оңай әрі түсінікті деп сұхбаткерлердің 63,2%-ы санайды, орташа 4,56 балды құрайды. Қызметті ұсыну мерзімдерімен сұхбаткерлердің тек 59,9%-ы қанағаттанған, орташа балл 4,47 балды құрайды.

47-диаграмма. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Қызмет алушылардың 8,1%-ында құжаттарды тапсыру үшін күткен уақыты стандартта көрсетілген уақыттан 20 минутқа асып кеткен, алайда көп уақытын жоғалтқандардың үлесі тек – 1,8% (2 реттен көп). Сұхбаткерлердің пікірлері: «Бір ай – өте ұзақ», «Барлық жазбаны электрондық нысанға ауыстыру керек, сол кезде ғана ешқайда баруға тура келмейді, тым болмаса Республика аумағында осы мәселені шешуге болады ғой».

Тиімді төлеммен қанағаттанғандардың үлесі сұхбаткерлердің тек 37,2%-ын ғана құрады, орташа баға – 4,43 балл.

Қызмет ұсынушыға сенім артатындардың үлесі - 69,8%. Қызметкерлердің біліктілігімен сұхбаткерлердің 68,2%-ы қанағаттанған, орташа баға 4,63 балды құрады. Қызметкерлердің әдептілігімен сұхбаткерлердің 65%-ы қанағаттанады (орташа 4,57 балл). Сұхбаткерлердің тек 59,2%-ы қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдықтарына риза (орташа 4,49 балл).

Шағымданғандардың үлесі 1,8%-ды құрады, көбінесе ауызша түрде (1,3%). Бейресми сыйақы беру оқиғалары кездескен жоқ, алайда таныстарды пайдаланудың бір оқиғасы орын алған (0,4%). Сұхбаткердің біреуі «*қызметті жеделдету үшін мобильдік телефонның балансын 4000 тг толтырып беруін меңзеді, сол кезде қызметті жылдам алуға көмектесеміз деді*» - деп айтты. Тағы біреуі: «*Өскеменнің АХАЖ-дан анықтама сұратты (туған жері). Бір ай күту керек. Тездету үшін өзіміздің баруымызға тура келді*».

Әдетте бұл қызмет қызмет алушының тіркеуге қатысты басқа қызметтерді алу кезінде ілесіп жүреді. Сондықтан бұл қызметті бір мағынада қабылдау мүмкін емес.

Әлбетте, қызметті ұсыну мерзімдері қызмет сапасының наразылық білдіретін компоненті болып табылады. Және қызмет ұсыну нәтижесіне мерзімдер мен меморган қызметкерлерінің жұмыс істеу шапшаңдығы көп ықпал етеді.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

Қызмет алу барысында сұратудың қажеттілігі қиындық туғызады. Ол құжатты қалпына келтіру мерзімін ұзартады. Осыған байланысты азаматтық хал актілеріндегі барлық жазбаларды сандық форматқа ауыстырып, бірыңғай электрондық базаға енгізу керек, бұл айтарлықтай мерзімді қысқартады.

48. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама алу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Көрсетілетін қызметті ұсынатын мемлекеттік орган: облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қалалар, Астана мен Алматы қалаларында орналасқан жергілікті атқарушы органдары.

Құжаттарды қабылдау және нәтижелерді беру Мемкорпорация, www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету нәтижесі: мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама беру, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын (тарихымен) нақтылау бойынша анықтама беру, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжай беру туралы анықтама беру, жылжымайтын мүлік объектілерінің жою туралы анықтама беру болып табылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі:

- порталда: анықтама беру – 15 минут, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын тарихымен нақтылау бойынша анықтама беру – 3 жұмыс күні;
- Мемлекеттік корпорацияда: анықтама беру – 15 минут, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын тарихымен нақтылау бойынша анықтама беру – 3 жұмыс күні, жылжымайтын мүлік мекен жайын айқындау, меншіктеу туралы анықтама беру – 6 жұмыс күні немесе бас тартудың дәлелді жауабы – 2 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз түрінде алуға өтініш білдірген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық түрде рәсімделеді, басып шығарылады.

Қызмет құны: тегін

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Сұхбаткерлердің 73,2%-ы Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама алу қызметі бойынша толық қанағаттанған, орташа баға 4,64 балды құрады (256 қызмет алушыдан жауап алынды).

76-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау


	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлердің үлесі	0,0%	2,4%	4,4%	20,0%	73,2%
Сұхбаткерлердің саны, N	0	6	11	50	183

*6 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Негізінде барлық сұхбаткерлер қызметті Мемкорпорациядан алған.

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына сұхбаткерлердің 71,6%-ы толық қанағаттанған (4,67 балл), ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына – 70,4% (4,66 балл). Жалпы барлық сұхбаткерлер қызметті алу барысында ешқандай қиындықты кездестірімегендерін айтты.

51-диаграмма. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама алу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Сұхбаткерлер құжаттарды жинау және тапсыру процесін орташа 4,67 балға бағалады, қызмет алушылардың 70,7%-ы оны оңай әрі түсінікті деп санайды. Сұхбаткерлер келесі кемшіліктерді жиі көрсетіп отырды: *«бағдарламалар жиі істемей қалады, осыған көңіл бөлу керек»*, *«өз-өзіне қызмет көрсету аймағында кеңес беретін адамдар жетіспейді»*.

Қызмет алушылардың 72,3%-ы қызмет көрсету мерзімімен қанағаттанды, орташа баға 4,66 балды құрады. Сұхбаткерлердің 12,8%-ы құжаттарды тапсыру үшін кезекте стандартта көрсетілген қызмет көрсету уақытынан 20 минутқа артық тұрған. Ең ұзақ күту уақыты – 90 минут. Көптеген сұхбаткерлер электрондық базаның істемей қалуынан пайда болатын үлкен кезектерді сөз етті. Анықтамалар үнемі уақытында дайын бола бермейді: *«еш қиындық болмады, белгіленген күні таңертең келсем, нәтиже әлі дайын емес, түске таман дайын болды, екінші рет қайта келуіме тура келді»*.

Сұхбаткерлердің 66,5%-ы қызметкерлердің әдептілігін жоғары бағалап, жұмыс істеу шапшаңдығымен сұхбаткерлердің 61,6%-ы қанағаттанған. Сұхбаткерлердің 64,7%-ы қызмет ұсынушы қызметкерлерінің біліктілігіне қанағаттанған.

ХҚКО мамандарының жұмысына көңілі толмағандардың пікірлері: *«Қызметкер үнемі жеке ісі бойынша телефон қоңырауларына алаңдап, телефонмен сөйлесіп отырды, сөйлеу мәдениеті мүлдем жоқ, әдепсіз»*, *«жұмыс істеу шапшаңдығын арттыру керек, әдептілікке көңіл бөлу керек, басқа адамның уақытын бағалай білулері керек»*.

Сыбайлас жемқорлық қауіпі төмен. Осы қызметке қол жеткізу үшін сұхбаткерлердің 0,8%-ы бейресми сыйлықты және тамыр-таныстарын пайдаланған.

Сөйтіп, қызмет алушылар қызмет ұсынушы қызметкерлерінің біліктілігімен, жұмыс істеу шапшаңдығымен және әдептілігімен аз қанағаттанған. Қызмет ұсыну мерзімдері, ақпараттың сапасы мен қарапайымдылығы, құжаттарды жинау мен тапсыру процесінің түсініктілігі қызмет көрсету нәтижесімен қанағаттануда үлкен байланысқа ие.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Қызметкерлермен клиентке бағдарлану бойынша жұмыстар жүргізу, әдептілікке, кез-келген жағдайда өзін байсалды ұстауына үйрету. Осы қызмет бойынша Мемкорпорация қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.
- Қызмет алу процедурасын түсіндіруге қатысты жұмыстарды күшейту, қызмет алушыларға ақпаратты түсінікті тілде ұсыну.

49. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызмет ҚР Білім және ғылым министрлігімен атқарылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну үшін өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру білім берудің республикалық ішкі ведомстволық ұйымдармен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: 20 минут

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижесі: аттестациядан өту үшін өтінішті қабылдаған туралы қолхат беру

Мемлекеттік қызмет тегін ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау қызметі бойынша сұхбаткерлердің 82,6%-ы қанағаттанған, орташа 4,8 баллмен бағалады. Барлығы 239 сұхбаткерден жауап алынды.

91-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	0,4%	1,7%	15,3%	82,6%
Сұхбаткерлер саны, N	0	1	4	36	194


*4 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды

Сауалнама нәтижесі бойынша қызмет туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығына қанағаттану 78%-ды құрап, орташа 4,72 баллмен бағаланды. Фокус-топтық сұхбаттарды жүргізу кезінде қызмет алушылар сондай-ақ осы қызметті қолжетімді әрі түсінікті деп сипаттады. Осы қызметті алу барысында жемқорлыққа жол берілмейді.

Ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығына толық қанағаттанғандардың үлесі сұхбаткерлердің 83,5%-ын құрады (4,77 балл). ФТС кезінде көптеген мұғалімдер ақпараттар интернетте, сайтта қолжетімді, республикалық ішкі ведомстволық білім беру ұйымдарында семинарлар, телефон арқылы кеңес беру түрінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі деді.

Дегенмен, «комиссия мүшелерінің арасында алғаш рет бірінші санатқа аттестациядан өткізуге қатысып отырғандардың барын, алдын ала шешім қабылдаған комиссия мүшелері болғанын айтты, біздің мұғалімдер өтінішті, біресе үлгісі қате болғандықтан қағазды қайта басып шығаруға уақыт жоғалтты. Алайда бұл үлгіні бізге білім бөлімінен жіберген еді. Біздің мұғалімдер қорғауға кетті, сол кезде өтініш нысаны дұрыс емес болмай шықты. Әдіскерлер мұнда жүйкемізді тоздырды». «Өздері білмеді, бізге информатика мұғалімдер қайда кіру керек, қалай тіркелу керектігін көрсетті».

52-диаграмма. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Зерттеу нәтижесінде жауап берген сұхбаткерлердің 74,2%-ы қызмет көрсету мерзімімен және 73,5%-ы құжаттарды жинау мен дайындау процедураларымен толық қанағаттанды. Көбісі процедураның оңай екенін, қызметкерлердің елгезектігін атап өтті. Жалпы сұхбаткерлер құжаттарды жинау және тапсыру процедуралары еш қиындық туғызбайтындығын айтты.

Стандартқа сәйкес құжаттарды тапсыру уақты 20 минуттан аспау керек. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сұхбаткерлердің 12%-ы кезекте 20 минуттан артық тұрған екен (зерттеу нәтижесі бойынша ең ұзақ кезекте күту уақыты 2 сағат).

Сонымен қатар, педагогтар қызмет тегін, дегенмен құжаттарды тапсыру үшін біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, мақалалар шығарып, конкурстарға қатысу керек дейді. Осының барлығы ақылы түрде, жалақысы орташа адам үшін бұл айтарлықтай қымбатқа түседі.

Алынған нәтижелерге сәйкес, көптеген сұхбаткерлер қызмет ұсынушының қызмет көрсету сапасы туралы жақсы пікірлер білдірді. 76,5%-ы қызметкерлердің әдептілігін жоғары бағалап, орташа баға 4,72 балды құрады. Біліктілікпен толық 73,6%-ы қанағаттанды, ал қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығына – 74,9%.

Қызметпен қанағаттануға ең алдымен қызмет ұсыну мерзімдері, құжаттарды жинау және тапсыру процесінің оңайлығы мен түсініктілігі, қызметкерлердің жұмыс істеп шапшаңдығы ықпал етті. Қызмет алушылардың қанағаттанушылығын арттыру үшін қызмет сапасын құрайтын осы компоненттерге көбірек көңіл бөлу керек.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар

- Жалпы сұрақтарға жауап берген сұхбаткерлер қызмет көрсету нәтижелерімен, қызмет көрсету сапасымен, қызметкерлердің әдептілігі мен біліктіліктеріне көңілдері толады.
- Мұғалімдерді электрондық түрде құжаттарды жинау, өтініштерді беру процедураларына үйретуге көңіл бөлу керек, көбісі мұны қалай жасау керектігін білмейді, түсінбейді. Осы мақсатта презентация жүргізіп, сайтта бейне нұсқаулық жасап, орналастыру керек.
- Қызмет алушылардың қанағаттанушылығын арттыру кезінде келесі бағыттарда жұмыс істеу керек: қызмет ұсыну мерзімдері, құжаттарды жинау және тапсыру процесінің оңай әрі түсінікті болуы, қызметкерлердің жұмыс істеу шапшаңдығы.

50. Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік орган: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі. Өтініштерді қабылдау облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қалалар, Астана мен Алматы қалаларында орналасқан жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылады

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру қызмет ұсынушының кеңсесі, www.e.gov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынылады.

Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімі: қызмет ұсынушыға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап немесе порталға жүгінгеннен кейін 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – инженер-инспектордың қолымен және көрсетілетін қызметті берушінің мөртабанымен куәландырылған тіркеу құжатында (техникалық паспортта) "Ақаусыз" не "Ақаулы" деген жазба.

Ұсынылған мемлекеттік қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Порталда – инженер-инспектордың машинаны техникалық байқаудан өткізу күнін, орны мен уақытын көрсете отырып, жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге дайын екендігі туралы хабарлама.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу қызметі бойынша толық қанағаттану сұхбаткерлердің 70,8%-ын құрады, орташа баға 4,67 балл. Барлығы 233 сұхбаткерден жауап алынды.


77-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,0%	0,4%	3,4%	25,3%	70,8%
Сұхбаткерлер саны, N	0	1	8	59	165

Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтық деңгейін 4,67 балмен бағалады немесе 70,8%-ы 5-балмен бағалады.

Ақпараттың айқындылығы мен дұрыстығы сұхбаткерлердің 78,6%-ын қанағаттандырды.

53-диаграмма. Тракторларға және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерге, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік байқау өткізу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Зерттеу нәтижесінде сұраққа жауап берген сұхбаткерлердің 74,1%-ы қызмет көрсету мерзімдерімен және құжаттарды жинау және дайындаумен 72,0%-ы қанағаттанды. Сұхбаткерлердің басым бөлігі ақпаратқа қатысты мәселе жоқ деп көрсетті: «*Ақпаратты кез-келген уақытта тіпті телефон арқылы ала аламыз*», алайда ақпаратты табу қиын деп көрсеткендер де бар: «*Ақпаратпен еш қиындық жоқ, дегенмен т/б бірнеше жыл өтіп келе жатырмын, танысым стогомет сатып алды, сайтта толық ақпарат жоқ, өз сұрақтарыма жауап таба алмадым деп менен сұрап алды*».

Сұхбаткерлер құжаттарды жинау, тапсыру процедурасы қарапайым, ешқандай қиындық тудырмайды дейді.

Сұхбаткерлердің 1,7%-ы бейресми сыйақы беру оқиғасын белгілесе, 0,4%-ы жеке тамыр-таныстарын пайдаланған. Ұсынылған қызмет бойынша шағымдану орын алмаған.

Қызметпен қанағаттанушылық құжаттарды жинау және тапсыру процесінің қарапайымдылығымен және түсініктілігімен, ақпараттың қолжетімділігімен және сапалы болуымен үлкен корреляциялық байланысқа ие. Қызмет сапасының осы аспектілері меморган қызметкерлерінің біліктілігіне тікелей қатынасқа ие. Осының барлығы өз кезегінде меморган қызметкерлерінің біліктілігіне тәуелді, қызмет алушылар біліктілікке ең төмен баға беріп отыр.

Көрсетілетін қызмет жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар:

- Қызмет алушылар үшін құжаттарды жинау және тапсыру процесі оңай әрі түсінікті болуы үшін осы қызметке қатысты түсіндірме жұмыстарын түсінікті түрде жүргізу.

- Алғаш жүгінген қызмет алушылар үшін ақпараттар үнемі түсінікті және қолжетімді бола бермейді. Осыған байланысты сайтта ақпаратты нақты сызба түрінде орналастыру керек (қандай құжаттармен кімге, қайда бару керек).
- Сауатты кеңес беру үшін меморган қызметкерлерінің біліктілігін арттыру керек, себебі осы бағыт бойынша берілген баға қызмет сапасының басқа аспектілерімен салыстырғанда төмен.
- Қызметті онлайн түрде алу кеңінен таралмады, мүмкін түсіндірме жұмыстары жүргізілмеген болар немесе ақпараттық жүйе дайын емес.

51. Медициналық әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу

Мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде жалпы ақпарат

Мемлекеттік орган: ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі.

Мемлекеттік қызмет облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қалалар, Астана мен Алматы қалаларында орналасқан жергілікті атқарушы органдармен, «Азаматтарға арналған» мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады

Мемлекеттік қызметті ұсынатын жер: облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қалаларда еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, Астана мен Алматы қалаларында орналасқан еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Мемлекеттік корпорация.

Қызметті ұсыну мерзімдері: құжаттар топтамасын тіркегеннен бастап – 17 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті ұсыну нысаны мен нәтижесі: қағаз түрінде.

Қызмет нәтижесі - медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап.

Қызмет құны: тегін.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Осы қызмет бойынша 235 сұхбаткерден жауап алынды.

Қызмет көрсету нәтижелеріне қанағаттанушылық орташа 4,59 балды құрады. Қызметті «өте жақсы» деп бағалаған сұхбаткерлердің үлесі 67,0%-ды құрайды.

93-кесте. Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасымен қанағаттануды бағалау

	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Сұхбаткерлер үлесі	0,4%	0%	6,3%	26,3%	67,0%
Сұхбаткерлер саны, N	1	0	14	59	150

*11 сұхбаткер қызметті бағалау кезінде қиналды


Тұтынушыға қызмет түсінікті болып, оны ашуландырмау үшін қызмет туралы ақпарат қолжетімді болуы тиіс. Зерттеу нәтижесі бойынша қарастырылып отырған компоненттің айқын әрі дұрыс ақпаратты ұсыну әлсіз тұсы болып табылады, осы тармақ бойынша қанағаттану 63,8%-ды құрап, осы пункт бойынша қанағаттанудың орташа балы 4,56-ға тең. Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын сұхбаткерлер сәл жақсы бағалады - 66,2%, немесе 4,60 балл.

Сандық нәтижелер сұхбаткерлердің сапалық жауаптарын растайды, мұнда ақпараттың қолжетімділігіне, түсініктілігіне, айқындылығына, толықтығына қатысты наразылық пікірлер айтылды:

«Әзірге қандай ақпарат керек екенін білгенімізше, жүйкемізді тоздырып бітеді. Ештеңе білмейді. Ешқандай көмек жоқ», «Кеңес беретін адамдар дұрыс түсіндірмейді, құжаттардың толық тізімін, қандай құжаттар керек, осының салдарынан қиындықтар

туындайды», «Мен Шұбар су бөлімшесінде тұрғандықтан порталдан ақпарат алу қиын, ал маған сайттан оқып алыңыз дейді. Интернет «Жоқ!», «Ақпараттарда нақтылық, айқындылық жоқ. Заң бойынша ешқандай түсінік бермейді. Өзім интернеттен оқып, біліп алып, басқаларына хабарлаймын», «Медициналық картамы алмағандықтан, қайтадан келуіме тура келді, ол туралы маған ешкім айтқан жоқ», «Қажет құжаттар туралы толық ақпарат бермейді. Құжаттарды тапсыру үшін қолымда баламмен 100 рет келуіме тура келді», «Құжаттар тізімі туралы бәрі түсінікті болмады, 1414те толық ештеңе айта алмады, телефонмен біле алмағандықтан, осында келуіме тура келді».

54-диаграмма. Медициналық әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер



Құжаттарды жинау және тапсыруға назар аударған жөн, қызметтің осы компонентін бағалаудың орташа балы ең төмен – 4,57, қанағаттанушылық - 62,9% деңгейінде. Сұхбаткерлердің 3%-ы қызмет стандартына кірмейтін қосымша құжаттарды талап еткенін айтты.

Мәселені түсіну үшін сұхбаткерлердің пікірлері ұсынылады:

«Мен I-топ мүгедегімін. Маған инстанцияларға бару қиын, ол дерде ылғи топастар отыр, мүгедектерге қандай қиын екенін түсінбейді, олар сыйлық әкелгендерге ғана көңіл бөледі», «Көптеген анықтамалар мен талдауларды талап етеді, құжаттарды ұзақ жинаймыз», «Құжаттарды тапсырмастан бұрын бірнеше инстанцияға бас сұғу керек, осылармен байланысқанына тек өкінесің», «Құжаттар мен анықтамалардың қосымша көшірмелері керек болды, ол туралы тізімде көрсетілмеген», «Жүгіртіп қойды! Қажет құжаттардың тізімін бірден жазып бермейді, ауылдан бірнеше рет барып келу өте қиын», «Менің балам 6 жасынан БЦП, кез-келген ақпаратты алу кезінде үлкен қиындықтар кездеседі, үлкен кезек».

